ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ

# 2022

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ


1 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ ... 5

2 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ... 7

3 Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі ... 8
Басқарма төрағасының алғы сөзі ... 10

4 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ... 12
Байланыс ақпараты ... 13
Даму тарихы ... 14
Компанияның бизнес-моделі ... 16
Ұйымдық құрылым ... 18

5 СЫРТҚЫ ОРТАҒА ШОЛУ ... 21
Макроэкономикалық шолу ... 21
Тұрғын үй-құрылыс секторына шолу ... 22
Ипотекалық кредит беру нарығына шолу ... 24
Тұрғын үйдің қолжетімділігіне шолу ... 26

6 МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ ... 29
Қызметтің стратегиялық бағыттары ... 29
Компанияның стратегиялық картасы ... 30
2022 жылдың нәтижелері бойынша ПӘК-тің орындалуы және 2023 жылға арналған жоспарлы ПӘК ... 31
Тұрғын үйге ұсынысты қолдау ... 32
ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салуды және реновациялауды қаржыландыру ... 32
Астана қаласындағы проблемалық объектілердің құрылысын қаржыландыру ... 33
Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру ... 34
Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау ... 36
Компания құралдары есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі ... 37
Тұрғын үй сұранысын қолдау ... 38
Кейіннен сатып алу мүмкіндігімен тұрғын үйді жалға беру ... 38
Ақпараттық технологиялар мен аналитиканы дамыту ... 40
«Нұрлы жер» ахуалдық орталығы ... 40
Құрылыс материалдарының онлайн платформасы ... 41
Қазтізілім ... 42
Тұрғын үй порталы ... 43
Әлеуметтік бағдарланған және дағдарысқа қарсы бағдарламалар ... 44
ЭКСПО-2017 жобаларына және өзге де жылжымайтын мүлік объектілеріне бөлінген қаражатты қайтару ... 44
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаражатын қайтару ... 45
Қаржылық көрсеткіштер ... 46
Қаражат тарту ... 47

7 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ... 49
Тұрақты дамуды басқару жүйесі ... 49
Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы ... 51
Компанияның БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан Үлесі ... 52
2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру ... 54
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл ... 56
Контрагенттермен жұмыс ... 60
Экономикалық әсерді басқару ... 61
Қаржылық қолдау ... 62
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ... 62
Әлеуметтік инвестициялар ... 63
Сатып алуды басқару ... 64
Меншікті экологиялық әсерді басқару ... 64
Әлеуметтік компонент ... 65
Персоналдың құрылымы мен саны ... 66
Персоналды тарту және бейімдеу ... 67
Сыйақы ... 69
Персоналды бағалау жүйесі ... 70
Персоналды оқыту ... 70
Корпоративтік мәдениетті дамыту ... 71
Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету ... 72
Әлеуметтік саясат ... 73
Адам құқықтарын сақтау бойынша міндеттемелерді енгізу ... 73
Мүдделер жанжалын басқару ... 73
Қызметкерлердің бұзушылықтар мен әдепсіз мінез-құлық туралы шағымдар мен хабарламалар жіберу мүмкіндіктері, кері байланыс ... 74
Персоналдың қанағаттанушылығы мен қатысуын зерттеу ... 74
Ақпараттық саясат және өтініштермен жұмыс ... 74

8 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ... 77
Корпоративтік басқару жүйесі ... 77
Компанияның корпоративтік басқару құрылымы ... 78
Жалғыз акционер ... 78
Директорлар кеңесі ... 79
Директорлар кеңесінің құрамы ... 79
Директорлар кеңесінің құрамын айқындау ... 85
Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну рәсімі ... 86
Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ... 87
Директорлар кеңесінің комитеттері ... 87
Директорлар кеңесінің қызметі ... 88
Директорлар кеңесін бағалау ... 92
Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы құрылымы ... 93
Корпоративтік хатшының қызметі туралы ақпарат ... 93
Компанияның корпоративтік басқаруын тәуелсіз бағалау және корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту ... 93
Басқарма ... 94
Басқарма құрамы ... 95
2022 жылы Басқарма құрамында орын алған өзгерістер ... 99
Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты ... 99
Ішкі аудит ... 99
Сыртқы аудит ... 102
Іскерлік әдеп кодексі ... 103
Мүдделер жанжалын және корпоративтік жанжалдарды басқару ... 104
Дивидендтік саясат ... 105
Акционерлік капитал ... 105

9 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ... 106
Тәуекел-менеджмент жүйесі ... 107
Негізгі тәуекелдерді басқару ... 108
Өтімділік тәуекелі ... 108
Нарықтық тәуекелдер ... 109
Операциялық тәуекел ... 110
Кредиттік тәуекел ... 111
Бизнес-тәуекел ... 112
Жылжымайтын мүлік тәуекелі ... 113
Негізгі тәуекелдер және оларды оңтайландыру шаралары ... 114
Болашақта Компанияның тәуекелдер картасына түсуі мүмкін дамып келе жатқан тәуекелдер ... 121
Сыни мәселелер туралы хабарлау ... 121

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ ... 123
1-ҚОСЫМША. Есеп туралы ... 125
2-ҚОСЫМША. GRI индекстері ... 128
3-ҚОСЫМША. Қаржылық есептілік ... 131
4-ҚОСЫМША. Үлестес тұлғалардың тізімі ... 138

# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1

## 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Тұрғын үйге ұсынысты қолдау

176,4 млрд теңге сомасына ЖАО облигациялары сатып алынды

211,8 млрд теңге сомасына құрылысты аяқтауға 36 кепілдік берілді (1 073 мың м², 11 938 пәтер)

9,8 млрд теңге сомасына жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша субсидиялау шарттары жасалды

### Тұрғын үйге сұранысты қолдау

Кейіннен сатып алумен жалға 5,7 млрд теңге сомасына 331 пәтер берілді

### Ақпараттық технологиялар мен аналитиканы дамыту

Құрылыс материалдарының www.material.kz онлайн платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді

«Нұрлы жер» ахуалдық орталығын жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді

Қазтізілімнің жаңа нұсқасы әзірленді

Жеке тұлғалар мен Компанияның әрекет етуші клиенттері үшін Тұрғын үй порталы өнеркәсіптік пайдалануға берілді

### Әлеуметтік бағдарланған және дағдарысқа қарсы бағдарламалар

«Mega Silkway» СОО құрылысына бөлінген 11,2 млрд теңге сомасына қаражатты мерзімінен бұрын қайтару жүзеге асырылды

«ЭКСПО-2017» объектілері бойынша 90 млн теңге сомасына 75 машина орны мен 13 тұрғын емес үй-жай сатылды

### Қаржылық көрсеткіштер

Таза пайда 44,7 млрд теңге

Активтер 1 449 млрд теңге

Капитал 243 млрд теңге

Міндеттемелер 1 206 млрд теңге

ROA 3,1%

ROE 19,3%

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР 2022

### АҚПАН

2022 жылғы 4 ақпанда ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-ның Ипотекалық қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жылдық 0,1% купон мөлшерлемесімен 30 жылдық KZ2C00007631 (KZIKb35) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-ке 1,3 млрд теңге тартылды.

### НАУРЫЗ

2022 жылғы 1 наурызда Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Құрылыс материалдарының онлайн платформасы» ақпараттық жүйесі (www.material.kz) өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

### МАУСЫМ

2022 жылғы 10 маусымда 2021 жылғы KZ1C00000637 (KZIK) жай акциялары бойынша 3,6 млрд теңге сомасына дивидендтер төленді.

### ШІЛДЕ

2022 жылғы 1 шілдеде ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-ның Ипотекалық қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жылдық 0,1% купон мөлшерлемесімен 30 жылдық KZ2C00007086 (KZIKb32) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-ке 582 млн теңге тартылды.

### ҚЫРКҮЙЕК

2022 жылғы 7 қыркүйекте ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-ның Ипотекалық қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жылдық 2,99% купон мөлшерлемесімен 30 жылдық KZ2C00004356 (KZIKb28) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-ке 540 млн теңге тартылды.

### ҚАЗАН

2022 жылғы 27 қазанда ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-ның Ипотекалық қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жылдық 0,1% купон мөлшерлемесімен 30 жылдық KZ2C00007086 (KZIKb32) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-ке 221 млн теңге тартылды.

### ҚАЗАН

2022 жылғы 31 қазанда жеке тұлғалар және Компанияның қазіргі клиенттері үшін «Тұрғын үй порталы» ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

### ҚАРАША

Moody's s халықаралық рейтингтік агенттігі ұлттық және шетел валюталарындағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерді «Baa3» деңгейінде, сондай-ақ эмитенттің ұлттық шкала бойынша рейтингін Aa2.kz деңгейінде растады. Болжам «Тұрақты».

### ҚАРАША

Fitch Ratings ұлттық және шетел валюталарындағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін (бұдан әрі – РДЭ) «Тұрақты» болжаммен «BBB» деңгейінде растады. Шетел валютасындағы қысқа мерзімді РДЭ «F2» деңгейінде расталды. Fitch те Компанияның айналыстағы басым борыштық міндеттемелерінің ұзақ мерзімді рейтингін «BBB» деңгейінде растады.

### ЖЕЛТОҚСАН

2022 жылғы 29 желтоқсанда ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-ның Ипотекалық қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жылдық 0,1% купон мөлшерлемесімен 30 жылдық KZ2C00007086 (KZIKb32) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-ке 749,2 млн теңге тартылды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



**Қанат ШАРЛАПАЕВ**

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

## ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

2022 жылы «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Қазақстан халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, миссиясы мен пайымын іске асыру жолында өз қызметін жалғастырды.

Есепті жылы біз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Біздің ұсынысты қолдау құралдары есебінен пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 2,4 млн шаршы метрді құрады, бұл өз кезегінде 27,2 мың пәтерді құрайды. Компания ұсынған кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үйдің жиынтық көлемі 23,2 мың пәтерге жетті.

Компания тұрғын үй мәселесін шешуде және ақпараттық технологияларды белсенді қолдана отырып тұрғын үй нарығын теңгерімді дамытуда кешенді тәсілді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Мемлекет халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған іс-шаралардың кең тізбесін жүзеге асырады.

Қазақстанда қолжетімді баға сегменттерінде тұрғын үй құрылысын қолдау және ынталандыру, сондай-ақ сұранысты қолдау бойынша қосымша шараларды қолдану қажеттілігі сақталуда.

2022 жылы жүктелген міндеттерді ескере отырып, Компания Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және Қазақстан Республикасының үкіметімен бірлесіп тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және ипотекалық кредиттеуді дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Біздің клиенттерімізге бен серіктестерімізге жемісті ынтымақтастық үшін алғыс айта отырып, қаржылық тұрақтылық пен өркендеуді тілеймін!

**Қанат Шарлапаев**
«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



**Алтай КУЗДИБАЕВ**

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының м.а.

## ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздердің назарларыңызға «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның 2022 жыл бойынша жылдық есебін ұсынғаныма қуаныштымын.

Есепті жылы «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы ретіндегі өз позициясын нығайтып, институционалдық даму және таңдалған стратегия бойынша жүргізілген жұмыстардың арқасында рекордтық нәтижелерге қол жеткізді.

Тұрғын үй ұсынысын қолдау шеңберінде Компания кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін 176,4 млрд теңге сомасына жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алуды жүзеге асырды. Үлескерлердің мүдделерін қорғау үшін жалпы сомасы 211,8 млрд теңгеге құрылысты аяқтауға 36 кепілдік берілді. Жеке құрылыс салушылармен жалпы сомасы 9,8 млрд теңгеге субсидиялау шарттары жасалды. Компанияның Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысына қосқан үлесі Компанияны барлық қолдау құралдары есебінен 27% құрады.

Тұрғын үй сұранысын қолдау бағыты бойынша Компания 5,7 млрд теңге сомасына кейіннен сатып алу мүмкіндігімен 331 пәтерді жалға өткізді.

Ақпараттық технологияларды дамыту шеңберінде Компания қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілерді қолдау және тұрғын үй құрылысындағы қазақстандық қамтуды арттыру мақсатында 2022 жылғы 1 наурызда Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде құрылыс материалдарының онлайн платформасын (www.material.kz) өнеркәсіптік пайдалануға енгізді, онда құрылыс компанияларының құрылыс материалдарына қажеттілігі, сондай-ақ қазақстандық өндірушілердің құрылыс материалдарының витринасы көрсетіледі.

Сондай-ақ жеке тұлғалар және Компанияның қазіргі клиенттері үшін үлескерлердің қаражатын тартуға Компанияның тиісті рұқсаты немесе кепілдігі бар барлық үлескерлік құрылыс объектілері туралы ақпарат беретін «Тұрғын үй порталы» ақпараттық жүйесі (www.homeportal.kz) іске қосылды.

Компанияның таза пайдасы рекордтық 44,7 млрд теңгені, активтері 1 449 млрд теңгені және меншікті капиталы 243 млрд теңгені құрады, бұл Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«ҚТК» АҚ ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін теңдестірілген тұрақты дамуға және құндылық құруға бағытталған. Компания өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін тиімді басқаруға ұмтылады.

Әрине, Компанияның басты құндылығы қызметкерлер болып табылады. Компания тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділікті ұйымдастыру немесе лауазымын жоғарылату кезінде өз қызметкерлерін кемсітуге жол бермейді.

Мен клиенттерге, серіктестерге және Жалғыз акционерге сенім білдіргені үшін, сондай-ақ Компания қызметкерлеріне жоғары кәсібилігі мен 2022 жылы қол жеткізген нәтижелері үшін алғыс айтамын.

**Алтай Куздибаев**

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының м.а.

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы (бұрынғы атауы – «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы) 2000 жылы Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық кредиттеуді дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысына сәйкес құрылды.

2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ оған «Бәйтерек девелопмент» АҚ мен «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ-ның қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылды.

«Бәйтерек девелопмент» АҚ (2014 жылға дейін – «Стресс активтері қоры» АҚ) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру, сондай-ақ кредиттік тұрғын үй құрылысының барысын мониторингтеу бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының қаржы операторының функцияларын жүзеге асырды. Компания қызметінің басқа бағыттары құрылыс саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру, 2009-2010 жылдардағы дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде басталған іс-шараларды және ЭКСПО-2017 жобаларын аяқтау болып табылады.

«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ 2016 жылы бұрын әрекет еткен «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ базасында құрылды. Қордың міндеті үлескерлік құрылыс объектілерін аяқтауға кепілдік беру арқылы үлескерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі пәрменді тетікті құру болды.

Жүргізілген қайта ұйымдастыру нәтижесінде қызмет оңтайландырылды, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ішіндегі қайталанатын функциялар алынып тасталды және әкімшілік шығыстар азайтылды.

Қайта ұйымдастырылғаннан кейін Компания 2021-2023 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына айналды және 2021 жылғы қаңтарда атауы «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ға ауыстырылды.

2021 жылы үш компанияның барлық өнімдері мен қызметтерін біріктіре отырып, 2022 жылы Компания мемлекеттік бағдарламалардың қызметі мен іске асырылуының үздіксіздігін қамтамасыз етуді жалғастырды.

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы
Мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А
Телефон: +7 (7172) 79 75 75
Электрондық пошта: info@khc.kz

Есепке қатысты мәселелер бойынша Талдау және стратегия департаментіне хабарласыңыз:
директор – **Хадесов Рауан Толегенович** (ішкі нөмір: 2309);
бас маман – **Уакпаева Меруерт Сериковна** (ішкі нөмір: 2347).

# ДАМУ ТАРИХЫ

**2000**
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Компанияны құруы.

**2002**
Алғашқы ипотекалық облигацияларды шығару.

**2004**
Өңірлік желіні құру.

**2004-2007**
Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

**2011-2014**
Алматы қаласында қолжетімді тұрғын үйді ипотекалық кредиттеудің арнайы бағдарламасын іске асыру.

**2012**
«Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

**2013**
Компания акцияларын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның басқаруына беру.

**2014**
Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының (халыққа жалға берілетін тұрғын үй салу, сатып алу және сату) операторы.

**2016**
Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі үшін көппәтерлі тұрғын үй кешені мен сауда-ойын-сауық орталығын пайдалануға беру.

**2016**
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру (револьверлік негізде кредиттік тұрғын үй салу үшін жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу тетігін енгізу және үлестік қатысуға кепілдік беру жүйесін іске қосу).

**2018**
«Орда» ипотекалық өнімін іске қосу.

**2018**
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасының операторы.

**2020**
Компанияны қайта ұйымдастыру. Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторын құру. «Бәйтерек девелопмент» АҚ мен «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ-ның қосылуы.

**2021**
Атауын «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ға ауыстыру

**2022**
Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру.

# КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

## I КАПИТАЛЫ

### ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

**1 449** млрд теңге активтер

**243** млрд теңге меншікті капитал

**1 533** млрд теңге қарыз алу портфелі

### АДАМ КАПИТАЛЫ

210 адам

### ӘЛЕУМЕТТІК-БЕДЕЛДІ КАПИТАЛ

Тұрғын үй құрылысының жалғыз операторы

## II СТРАТЕГИЯ

### МИССИЯСЫ

Қазақстан халқын қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету.

### ПАЙЫМЫ

Қазақстан халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі даму институты.

### МАҚСАТТАРЫ

1. Жеке секторды ынталандыру арқылы тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту және құрылыс салушыларға қызмет көрсетудің «бірыңғай терезесіне» айналу
2. Қазақстан азаматтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру
3. Компания өнімдерін цифрландыру және аналитиканы дамыту
4. Жұмыс орындарын құру және бөлінген қаражаттың уақтылы қайтарылуын қамтамасыз ету

### ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ






## III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЦИКЛ




## IV НӘТИЖЕЛЕР

Компанияның елдегі көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылысына қосқан үлесі **26,8%**

Компанияның қолдау құралдары есебінен **2,4** млн. ш.м. тұрғын үй **27 239** пәтер пайдалануға берілді

**44,7** млрд теңге таза пайда

**3,1%** ROA

**1,8** млрд теңге КТС

**84,1%** Компанияның қызметіне сенімділік индексі

2022 жылдың қорытындысы бойынша **31,3** млрд теңге дивидендтер (таза пайданың 70%-ы)

# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



# СЫРТҚЫ ОРТАҒА ШОЛУ

5

# СЫРТҚЫ ОРТАҒА ШОЛУ

## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсімі 3,2% құрады. Нақты сектордағы өсім 3,2% құрады, қызмет көрсету саласында – 2,5%.

Келесі салалар ең үлкен өсімді көрсетті: құрылыс – 9,4%, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 9,1%, көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу – 5%, көлік және қоймалау – 3,9% және өңдеуші өнеркәсіп – 3,4%. Алайда тау-кен өнеркәсібінде өсу қарқыны 1%-ға азайды.

Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны 7,8% құрады. Инвестиция көлемі экономиканың келесі негізгі салалары бойынша өсті: жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 15,4%-ға, ауыл шаруашылығында – 6,9%-ға, көлік және қоймалауда – 5,5%-ға, сондай-ақ өнеркәсіпте – 5,6%-ға, тау-кен өнеркәсібінде – 14,2%-ға.

ЖІӨ, %-бен




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

Инфляция, %-бен




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы жылдық инфляция 20,3% құрады. Бір жыл ішінде азық-түлік тауарларының бағасы 25,3%-ға көтерілді, азық-түліктік емес тауарлар – 19,4%-ға, ақылы қызметтер – 14,1%-ға.

ХВҚ Қазақстандағы ЖІӨ-нің 2023 жылы 4,3%-ға өсуін күтуде, ЕАДБ – 4,2%-ға, ал АДБ – 3,7%-ға, Дүниежүзілік банк Қазақстан экономикасы 2023 жылы 3,5%-ға өседі деп есептейді. ҚР Ұлттық экономика министрлігі ҚР экономикасының өсуінің үш сценарийін болжайды: базалық сценарий – 4%, оптимистік сценарий – 4,2% және пессимистік сценарий – 3,5%.

### 2023 жылы экономиканың өсу болжамдары

| Ел | ХВҚ | ЕАДБ | АДБ | Дүниежүзілік банк | ҚР Ұлттық экономика министрлігі |
|---|---|---|---|---|---|
| Әлемдік экономика | 2,9% | 1,5% | 4,5% | 1,7% | - |
| Қазақстан | 4,3% | 4,2% | 3,7% | 3,5% | 3,5% |

## ТҰРҒЫН ҮЙ-ҚҰРЫЛЫС СЕКТОРЫНА ШОЛУ

ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне сәйкес Қазақстандағы халық саны 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде **6,5%-ға өсіп**, **19,6 млн** адамды құрады.

ҚР-дағы халық санының серпіні, млн адам




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы **15,4 млн м²** құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен **8,9%-ға төмен**.

Пайдалануға берілген тұрғын үй ауданы, млн ш.м.




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылы елдің тұрғын үй қоры **405 млн м²** құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен **4,4%-ға жоғары**. Жеке тұрғын үй қоры 2019-2022 жылдардағы жалпы көрсеткіштің **98%** құрады.

Тұрғын үй қоры, млн. ш. м.




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылы бастапқы тұрғын үй бағасының өсуі байқалды. 2021 жылмен салыстырғанда бағалар **21%-ға өсті**.

2018-2022 жылдары ҚР-дағы бастапқы тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылы бастапқы тұрғын үй бағасының айтарлықтай өсуі келесі қалаларда тіркелді:




## Қайталама тұрғын үй нарығында да

2022 жылы қайталама нарықтағы 1м² бағасы 2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда **66%-ға өсті**. Өңірлер бөлінісінде мына қалаларда бағалар айтарлықтай өсті: Ақтөбе, Семей, Қызылорда, Ақтау, Талдықорған, Қостанай.

2022 жылы орташа айлық атаулы жалақы **309 мың теңгені** құрады бұл 2021 жылмен салыстырғанда **24%-ға жоғары**.

Осылайша, бастапқы және қайталама нарықтардағы бағаның серпінді өсуін ескере отырып, қолжетімді баға сегменттерінде тұрғын үй-құрылыс секторын қолдау және ынталандыру, сондай-ақ сұранысты қолдау бойынша қосымша шаралар қажет.

Халық табысының және тұрғын үй бағасының өсу қарқыны




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2019-2022 жылдары ҚР-дағы қайталама тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

## ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

ҚР импотекалық портфелі, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректеріне сәйкес, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР жиынтық ипотекалық портфелі **4 775 млрд теңгені** құрады, оның ішінде:

1. **63%** немесе 2 992 млрд ₸ — «Отбасы Банк» АҚ
2. **36%** немесе 1 717 млрд ₸ — ЕДБ (Отбасы Банкін қоспағанда)
3. **1%** немесе 66 млрд ₸ — Ипотекалық ұйымдар

2022 жылдың басынан бастап жиынтық ипотекалық портфель **41%-ға өсті**. «Отбасы Банк» АҚ қоспағанда, ЕДБ-нің ипотекалық портфелінің өсімі негізінен «7-20-25» бағдарламалары есебінен **44%** құрады, бұл ретте «Отбасы Банк» АҚ-ның портфелі **53%-ға** ұлғайды.

ҚР импотекалық бағдарламалары бөлінісінде 2022 жылы ипотекалық қарыздар беру құрылымы, %- бен




*Дереккөз: "Отбасы Банк" АҚ деректері, 7-20-25, ҚТК есептеулері*

«Отбасы Банк» АҚ қоса алғанда, ЕДБ-нің жиынтық ипотекалық портфелі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

**4 709 млрд теңгені**

құрады. 2021 жылдың басынан бері көрсеткіштің өсімі

**(3 322 млрд теңге)**

**42%** құрады, бұл негізінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану есебінен орын алды.

ҚР ҰБ деректеріне сәйкес 2022 жылы 1 990 млрд теңге сомасына ипотекалық қарыздар берілген, оның ішінде:

- «Отбасы Банк» АҚ 1 381 млрд теңге сомасына қарыздар берген
- «7-20-25» бағдарламасы бойынша 427 млрд теңге сомасына қарыздар берілген
- ЕДБ-нің өз бағдарламалары бойынша 137 млрд теңге сомасына қарыздар берілген.

2022 жылы ЕДБ-нің азаматтарға тұрғын үй салуға және сатып алуға берген кредиттері бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемесі 8,7% құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 0,5%-ға жоғары.

Азаматтарға тұрғын үй салуға жән сатып алуға берілген банктік кредиттер бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемесі, %-бен




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

Елдің ЖІӨ-дегі ҚР ипотекалық портфелінің үлесі 2022 жылы 5% құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа ұлғайды. Салыстыру үшін Ұлыбританияның ЖІӨ-дегі ипотекалық портфельдің үлесі 12% құрайды, АҚШ – 11%, Ресей – 9%, Германия 7%, Өзбекстан – 5% және Қырғызстан – 3%.

ҚР импотекалық портфелі, ЖІӨ-ге қатысты %-бен




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

## ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІНЕ ШОЛУ

Тұрғын үймен қамтамасыз етілу, 1 адамға шаққанда ш.м.




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

2022 жылы халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі

**1 адамға 23,6 м²**

құрады, ал **БҰҰ-ның әлеуметтік стандарты** бір адамға **30 м²** құрайды. Бір адамға 30 м² қамтамасыз ету үшін ҚР тұрғын үй қорын 405 млн м²-дан 515 млн м²-ға дейін 110 млн м²-ға ұлғайту қажет.

БҰҰ стандарттарына сәйкес, ауданы мен құны орташа пәтерді сатып алу үшін 3 жылдан аз уақыт қажет болса, тұрғын үй қолжетімді болып саналады, орташа қолжетімді – 3 жылдан 4 жылға дейін, қолжетімді емес – 5 жылдан астам.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін салыстыру




*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ және «ҚТК» АҚ есептеулері*

Мысалы, АҚШ пен Германия сияқты дамыған елдерде тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі бір адамға тиісінше 70 м² және 50 м² құрайды.

Стандартты тұрғын үйді сатып алуға қажетті уақыт мөлшерін (HPI (Housing price-to-income ratio) индексі) және халықтың ипотека арқылы стандартты тұрғын үй сатып алу қабілетін (HAI (Housing Affordability Index) индексі[1]) айқындайтын тұрғын үйге қолжетімділік индекстері бар.

HPI индексінің есептеулеріне сәйкес, ауданы 54 м² стандартты пәтерді сатып алу үшін Қазақстанның бір жұмыс істейтін азаматына, егер барлық табыс тұрғын үй сатып алуға бағытталса, **6,4 жыл (HPI1)** қажет болады.

Сол пәтерді орташа статистикалық қазақстандық отбасына (3 адам) сатып алу үшін, егер барлық табыс тұрғын үй сатып алуға бағытталса, **4,2 жыл (HPI2)** қажет болады. Алайда бірде-бір орташа статистикалық отбасы

[1] *HAI индексін АҚШ Ұлттық риэлторлар қауымдастығы әзірлеген*

ҚР-да стандартты пәтер сатып алуға қажетті жылдар саны

| Жұмыс істейтін бір адам үшін | 3 адамнан тұратын орташа статистикалық отбасы үшін | Тұтынушы шығындарын шегергендегі орташа статистикалық отбасы үшін |
|---|---|---|
| HPI 1: 6,4 | HPI 2: 4,3 | HPI 3: 9,6 |

*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ и расчеты АО «ҚЖК»*

бірнеше жыл бойы барлық кірістерді пәтер сатып алуға бағыттай алмайды. Егер отбасы жылына жиынтық отбасылық ақшалай кірістің, яғни қалыпты өмір сүру жағдайларын сақтай отырып, тұтыну шығындарын шегергенде, 1/3 бөлігінен аспайтын мөлшерін бағыттай алатын болса, онда орташа статистикалық отбасына стандартты пәтер сатып алу үшін **9,6 жыл (HPI3)** қажет болады.

Сондай-ақ отбасының ипотека арқылы стандартты тұрғын үй сатып алу қабілетін айқындайтын **HAI (Housing Affordability Index)** тұрғын үйге қолжетімділік индексі бар.

$$HAI = \frac{\text{Үй шаруашылығы ипотекалық төлемдерге бағыттай алатын кірістердің үлесі } 30\% \cdot \text{Жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай кірістер} \cdot 3 \cdot 12}{12 \cdot \text{Ай сайынғы ипотекалық төлем сомасы}}$$

Индекстің мәні неғұрлым үлкен болса (100-ден жоғары болуы керек), ипотека бойынша қолданыстағы шарттар бойынша табысы бар отбасы үшін тұрғын үй соғұрлым қолжетімді болады, яғни егер көрсеткіш 100-ден жоғары болса - ипотека қолжетімді, егер 100-ден төмен болса - ипотека қолжетімді емес.

### 2022 жылы ҚР халқының децилдік топтары бөлінісінде берілетін нарықтық ипотекалық өнімдердің қолжетімділік индексі

| Децилдер (1 - халықтың ең кедей тобы және 10 - халықтың ең бай тобы) | HAI көрсеткіші | |
|---|---|---|
| | «Отбасы Банк» (Өз үйім)* | ЕДБ ипотекасы** |
| 1 | 17 | 11 |
| 2 | 21 | 14 |
| 3 | 24 | 16 |
| 4 | 26 | 18 |
| 5 | 30 | 20 |
| 6 | 34 | 23 |
| 7 | 39 | 27 |
| 8 | 46 | 32 |
| 9 | 58 | 40 |
| 10 | 99 | 68 |

* *16 бағалау көрсеткішімен 3 жыл ішінде 50% жинақтау жағдайында (сыйақы мөлшерлемесі - 5%, бастапқы жарна - 50%, 6 жыл мерзімге);*
** *ЕДБ-нің орташа сыйақы мөлшерлемесі - 16%, бастапқы жарна - 20%, 15 жыл мерзімге;*

HAI индикаторының есептеулері халықтың табысы бойынша децилді (10 пайыздық) топтар бөлінісінде «Отбасы Банк» («Өз үйім») және «ЕДБ ипотекасы» бағдарламасының шарттары қолжетімді емес деп есептелетінін көрсетті.

Бұл ретте азаматтардың әлеуметтік санаттары үшін «7-20-25», сондай-ақ «Нұрлы жер» «Бақытты Отбасы» (2-10-18) және (5-20-25) бағдарламасының шеңберінде жеңілдікті ипотека қолданылады.

# МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ



# МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

**Миссиясы:** Қазақстан халқын қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету.
**Пайымы:** Қазақстан халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі даму институты.

## ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

### 1 Тұрғын үй ұсынысын қолдау

**Мақсаты:** Жеке секторды ынталандыру арқылы тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту және құрылыс салушыларға қызмет көрсетудің «бірыңғай терезесіне» айналу.

**Міндеттері:**

1. ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салуды және реновациялауды қаржыландыру;
2. тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру;
3. жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау;
4. қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландыру және кешенді құрылыс салу стандарттарын дамыту.

### 2 Тұрғын үй сұранысын қолдау

**Мақсаты:** Қазақстан азаматтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. ипотекалық талап ету құқығын сатып алу және секьюритилендіру;
2. агент-банктер арқылы ипотекалық қарыздар беру;
3. Тұжырымдама шеңберінде жалға берілетін тұрғын үй беру;
4. екінші деңгейдегі банктер халыққа беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау.

### 3 Ақпараттық технологиялар мен аналитиканы дамыту

**Мақсаты:** Компания өнімдерін цифрландыру және аналитиканы дамыту.

**Міндеттері:**

1. «Нұрлы жер» ахуалдық орталығы;
2. құрылыс материалдарының онлайн платформасы;
3. Тұрғын үй порталы;
4. Қазтізілім.

### 4 Әлеуметтік бағдарланған және дағдарысқа қарсы бағдарламалар

**Мақсаты:** Жұмыс орындарын құру және бөлінген қаражаттың уақтылы қайтарылуын қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

1. Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде ЖАО облигацияларын сатып алу;
2. «ЭКСПО-2017» жобаларына және өзге де жылжымайтын мүлік объектілеріне бөлінген қаражатты қайтару;
3. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаражатын қайтару.

## Компанияның стратегиялық картасы

**Миссиясы:** Қазақстан халқын қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету

**Пайымы:** Қазақстан халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі даму институты

<table>
<tr><td rowspan="3">Клиенттер</td><td>Тұрғын үй ұсынысын қолдау</td><td>Тұрғын үй сұранысын қолдау</td><td>Ақпараттық технологиялар мен аналитиканы дамыту</td><td>Әлеуметтік бағдарланған және дағдарысқа қарсы бағдарламалар</td></tr>
<tr><td>• ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салу мен қайта жаңартуды қаржыландыру<br>• Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру<br>• Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау<br>• Қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландыру және кешенді құрылыс салу стандарттарын дамыту</td><td>• Ипотекалық талап ету құқығын сатып алу және секьюритилендіру<br>• Агент-банктер арқылы ипотекалық қарыздар беру<br>• Тұжырымдама шеңберінде жалға берілетін тұрғын үй беру<br>• ЕДБ халыққа беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау</td><td>• «Нұрлы жер» ақуалдық орталығы<br>• Құрылыс материалдарының онлайн платформасы<br>• Тұрғын үй порталы (My Home Portal)<br>• Қазтізілім</td><td>• Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде ЖАО облигацияларын сатып алу<br>• «ЭКСПО-2017» жобаларына және езге де жылжымайтын мүлік объектілеріне бөлінген қаражатты қайтару<br>• «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаражатын қайтару</td></tr>
<tr><td colspan="4">Клиенттерге қызмет көрсетудің «бірыңғай терезесіне» айналу</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Қаржы</td><td colspan="4">Қаржылық тұрақты болу</td></tr>
<tr><td colspan="4">Операциялық шығыстарды оңтайландыру</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Ішкі бизнес-процестер</td><td colspan="4">Корпоративтік бизнес-процестерді оңтайландыру</td></tr>
<tr><td colspan="4">Тұрғын үй саясатын әзірлеу</td></tr>
<tr><td colspan="4">Қазақстан халқынын үйлесімді өмірін қамтамасыз ету үшін қауымдастықтарды дамыту және әлеуметтік объектілерді құру бойынша мемлекеттік органдармен және ЖАО-мен өзара іс-қимыл жасау</td></tr>
<tr><td colspan="4">Стейкхолдерлермен тиімді қатынастар орнату</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдас-тырушылық мүмкіндіктер</td><td>Корпоративтік мәдениет қалыптастыру</td><td>Ең жақсы жұмыс беруші болу</td><td colspan="2">Жаңа құзыреттер мен әлеует қалыптастыру</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тұрғын үй бағасы мен сапасының ең жақсы арақатынасы</td><td colspan="2">Цифрлық технологиялар, деректерді талдау</td></tr>
</table>



## 2022 жылдың нәтижелері бойынша ПӘК-тің орындалуы және 2023 жылға арналған жоспарлы ПӘК

Қызметтің тиімділігін бағалау мақсатында Компания тұрақты негізде қызметтің мынадай негізгі көрсеткіштерін пайдалану арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мониторинг пен талдау жүргізеді:

<table>
<tr><th>№</th><th>ПӘК</th><th>2022 жылғы жоспар</th><th>2022 жылғы факт</th><th>Орындалу %-ы</th><th>2023 жылғы жоспар</th></tr>
<tr><td colspan="6">1-стратегиялық бағыт: Тұрғын үй ұсынысын қолдау</td></tr>
<tr><td colspan="6">Мақсаты: Жеке секторды ынталандыру арқылы тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту және құрылыс салушыларға қызмет көрсетудің «бірыңғай терезесі» болу</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Компанияның Қазақстан Республикасындағы қолжетімді тұрғын үй құрылысына қосқан үлесі (%)</td><td>13,0</td><td>26,8</td><td>206</td><td>13</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Компания құралдары есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі (мың ш.м)</td><td>2 145</td><td>2 367</td><td>110</td><td>1 930</td></tr>
<tr><td colspan="6">1-міндет. ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй құрылысын қаржыландыру</td></tr>
<tr><td>3</td><td>ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салуды және реновациялауды қаржыландыру (млрд теңге)</td><td>268,6</td><td>176,4</td><td>66</td><td>110,4</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 және 3-міндеттер. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру және жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Берілген кепілдік міндеттемелердің көлемі (млрд теңге)</td><td>120,0</td><td>211,8</td><td>177</td><td rowspan="2">170</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Жеке құрылыс салушылардың субсидияланатын кредиттерінің көлемі (млрд теңге)</td><td>20,0</td><td>9,8</td><td>49</td></tr>
<tr><td colspan="6">2-стратегиялық бағыт: Тұрғын үй сұранысын қолдау</td></tr>
<tr><td colspan="6">Мақсаты: Қазақстан азаматтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру</td></tr>
<tr><td colspan="6">1 және 2-міндеттер. Ипотекалық талап ету құқығын сатып алу және секьюритилендіру және «Орда» бағдарламасы шеңберінде агент-банктер арқылы ипотекалық қарыздар беру</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Ипотекалық портфельдің көлемі (млрд теңге)</td><td>12,5</td><td>0,0</td><td>0</td><td>24,0</td></tr>
<tr><td colspan="6">3-міндет. Тұжырымдама шеңберінде жалға берілетін тұрғын үй беру</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Кейіннен сатып алу мүмкіндігімен пәтерлерді жалға беру (млрд теңге)</td><td>3,2</td><td>5,7</td><td>178</td><td>4,5</td></tr>
<tr><td colspan="6">Өзге ПӘК</td></tr>
<tr><td>8</td><td>ROA (%)</td><td>1,20</td><td>3,11</td><td>259</td><td>1,04</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Жалпы активтердегі кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі (%)</td><td>87</td><td>81</td><td>93</td><td>80</td></tr>
<tr><td>10</td><td>Есепті жылдағы қарыздың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі (%)</td><td>-</td><td>-</td><td>-</td><td>70</td></tr>
<tr><td>11</td><td>Клиенттердің қанағаттануы (%)</td><td>84</td><td>84</td><td>100</td><td>87</td></tr>
</table>

# ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҰСЫНЫСТЫ ҚОЛДАУ

## ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы тұрғын үй салуды және реновацияны қаржыландыру

Компанияның негізгі мақсаты қазақстандықтар үшін қолжетімді баспана санын арттыру болып табылады. Осы бағыт бойынша Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде (бұған дейін – «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша) Компания «Отбасы Банк» АҚ салымшылары мен ЖАО-ның кезекте тұрғандары үшін ЖАО облигацияларын сатып алу жолымен кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландырады. Облигациялық қарыздардан түскен қаражатты ЖАО Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрғын үй салуға бағыттайды.

ЖАО облигацияларын сатып алуды қаржыландыру көзі 2016-2019 жылдары бөлінген 277 млрд теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – ҚР ҰҚ) қаражаты, сондай-ақ 2020 жылы дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға қосымша 180 млрд теңге бөлінген ҚР Ұлттық Банкінің қаражаты болып табылады. Қаржыландыру револьверлік негізде жүзеге асырылады.

ЖАО-ның МБҚ сатып алу, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылы өңірлер бойынша ЖАО-ның МБҚ сатып алу, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылы Компания өңірлерде қолжетімді тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жалпы сомасы 176,4 млрд теңгеге ЖАО облигацияларын сатып алды.

Қабылданған шаралар мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп қана қоймай, кәсіпкерлік белсенділікті, құрылысты, жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ете отырып, экономиканың дамуына оң әсер етеді. Бұл ретте барлық қаражат қайтарымды болып табылады.

2016-2022 жылдары Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде кредиттік тұрғын үйді қаржыландыру есебінен Компания 958,1 млрд теңгеге ЖАО облигацияларын сатып алуды жүзеге асырды. Шамамен 74,8 мың пәтер (4,9 млн м²) пайдалануға берілді.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін мониторингтеу, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін анықтау маңызды міндеттер болып табылады. Сондықтан Компания жылжымайтын мүлік және тұрғын үй нарығын қоса алғанда, аналитикалық зерттеулермен айналысады.

Бөлінген қаражатты уақтылы қайта инвестициялауды және мемлекеттік бағдарламалардың индикаторларын орындауды қамтамасыз ету мақсатында Компания мемлекеттік органдар үшін қаражатты бөлу жөнінде ұсыныстар қалыптастырып, қаражатты игерудің, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мен іске асыру қарқынының цифрлық мониторингін қамтамасыз ететін болады.

## Астана қаласындағы проблемалық объектілердің құрылысын қаржыландыру

Сондай-ақ 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен Астана қаласындағы проблемалық объектілердің құрылысын аяқтау үшін Астана қаласы әкімдігі жанындағы уәкілетті ұйымға («Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің хаттамасы негізінде жалпы сомасы 60 млрд теңгеге (2018 жылы 20,0 млрд теңге және 2019 жылы 20,0 млрд теңге және 2022 жылы 20,0 млрд теңге) кредит берді.

## Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға кепілдік беру

Үлескерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Компания кепілдік беру жағдайы басталған кезде тұрғын үй құрылысын аяқтауға және тұрғын ғимараттағы үлестерді тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша үлескерлерге беруге кепілдік береді.

Компания келесі оқиғалар басталған кезде кепілдік беру жағдайының туындау фактісін мойындайды:

- тұрғын үйді пайдалануға беру мерзімін бұзу
- ақшаны нысаналы пайдаланбау
- заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген құрылыс салушының дәрменсіздігі.

Кепілдік беру жағдайы басталған кезде Компания қаржыландырылуы құрылыс салушылардың кепілдік жарналары есебінен қалыптастырылатын және кепілдік беру жағдайын реттеуге байланысты шығыстарды жабуға ғана арналған резерв қаражатынан жүзеге асырылатын объектінің құрылысын аяқтау жөніндегі міндеттемені қабылдайды.

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында құрылыс салушыға және уәкілетті компанияға қаржылық тұрақтылық пен тәжірибенің болуы бойынша біліктілік талаптары белгіленген. Компания инжинирингтік компаниялар арқылы үлескерлердің ақшасының мақсатты пайдаланылуын және құрылыс барысын бақылау және мониторинг жүргізу тетіктерін қолданады.

Заңнамаға сәйкес, құрылыс салушы үлескерлердің ақшасын тарту ниетімен келесі әдістердің бірін қолдана алады:

1. Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу
2. жобаға банктік қаржыландыру арқылы қатысу
3. тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасын тұрғызғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту

Құрылыс салушы екінші немесе үшінші әдісті пайдаланған кезде жергілікті атқарушы органдардың үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсаты талап етіледі. Осы үш әдіс қазіргі уақытта Қазақстанда үлестік құрылыс жүйесін қалыптастыруда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания Астана, Алматы, Шымкент, Қостанай, Өскемен қалаларында, сондай-ақ Алматы және Ақмола облыстарында жалпы сомасы 211,8 млрд теңгеге тұрғын үйлердің құрылысын аяқтауға 36 кепілдік берді. Компанияның кепілдігімен 11 938-ге жуық қазақстандық отбасы үшін пәтер құрылысы (1 073 мың м$^2$) қамтылды.

### 2022 жылы өңірлер бойынша берілген кепілдіктер көлемі, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылы Компанияның кепілдігі есебінен **1 374** мың м$^2$ тұрғын үй **16 118 пәтер** ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылы ҚР-да барлығы 137 үлестік тұрғын үй құрылысы жобасы іске асырылды, оның ішінде 14-і ЖАО рұқсаты, 36-сы Қоғамның кепілдігі және ЕДБ қатысуымен 87 жоба. Компанияның берген кепілдіктерінің үлесі 26% құрады.

### 2022 жылы Компанияның берілген кепілдіктерінің ҚР-дағы үлесі




*Дереккөз: Qazreestr*

## Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау

Жеке құрылыс салушылар тарапынан бастапқы тұрғын үй ұсынысын ынталандыру мақсатында 2017 жылдан бастап «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке құрылыс салушыларға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы енгізілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен аталған Бағдарламаның күші жойылды және Бағдарламаның бірқатар ережелері мен нормалары Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ЕДБ қарыздары бойынша субсидиялау туралы шешім қабылданған сәтте қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейінен 5%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылады.

Жыл сайын мемлекеттік бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен құрылыс салушылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінен жылдық 7% өтеу үшін субсидиялар бөлінеді.

2022 жылғы қыркүйекте Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес субсидиялар алу үшін жеке құрылыс салушы 1 шаршы метр үшін белгіленген сату бағасы келесідей тұрғын үйдің кемінде 50% ұсынады:

**310** мың теңгеден аспайтын **1 м²**
**Астана, Алматы** қалаларында және олардың қала маңындағы аймақтарында

**260** мың теңгеден аспайтын **1 м²**
**Шымкент, Атырау, Ақтау** қалаларында

**220** мың теңгеден аспайтын **1 м²**
басқа өңірлерде

2022 жылы Компания Өскемен, Ақтөбе, Астана, Орал, Атырау, Қызылорда, Көкшетау, Семей қалаларында және Алматы облысы Талғар ауданының Бесағаш ауылында кредиттердің жалпы сомасы 9,8 млрд теңгеге субсидиялау шарттарын жасасты.

2022 жылы субсидиялау шарттары жасалған жобалардың жалпы ауданы 238 мың м² (2 065 пәтер) құрайды.

22 жылы өңірлер бойынша жеке құрылыс салушылардың субсидияланатын кредиттерінің көлемі, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Компания құралдары есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі

2009-2022 жылдары Компанияның қаржыландыруы есебінен жалпы ауданы 11,1 млн м² жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беру қамтамасыз етілді, оның ішінде тұрғын үйдің жалпы ауданы 10,9 млн м² (146 950 пәтер) құрайды.

Пайдалануға берілген жылжымайтын мүлік объектілерінің ауданы, мың ш.м.




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Пайдалануға берілген тұрғын үй, пәтер көлемі




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

# ТҰРҒЫН ҮЙ СҰРАНЫСЫН ҚОЛДАУ

## Кейіннен сатып алу мүмкіндігімен тұрғын үйді жалға беру

Жалға берілетін тұрғын үйді өткізу жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрғандарын, сондай-ақ мемлекеттік/мемлекеттік емес заңды тұлғалардың (оның ішінде оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың) қызметкерлерін жасалған келісімдерге сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған Компания қызметінің әлеуметтік маңызы бар саласы болып табылады. Тұрғын үй кейіннен сатып алу мүмкіндігімен 20 жылға дейінгі мерзімге жалға беріледі. Компанияның сыйақы мөлшерлемесі – 3,1%.

### БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

**ЖАО-ның кезекте тұрғандары**

- көп балалы отбасылар;
- толық емес отбасылар;
- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- қандастар;
- мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері;
- 1-2 топтағы мүгедектер.

**Мемлекеттік/мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметкерлері**

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өз қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері;
- әкімдіктер жанындағы Білім басқармасы мен Денсаулық сақтау басқармасының өз қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының ынтымақтастық туралы келісімдер жасалған қызметкерлері;
- мемлекеттік/мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үй берілуі мүмкін басқа мемлекеттік/мемлекеттік емес заңды тұлғалардың (оның ішінде оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың) қызметкерлері.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
**189,3** млрд теңге

Компания 2015-2022 жылдар аралығында жалпы сомасы
**263,5** млрд теңгеге
сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үй сатып алуға
**22 723**
ШАРТ ЖАСАСТЫ

2022 жылы –
**5,7 млрд теңге**
сомасына
**331** ШАРТ

Бұл бағытты іске асыруға 189,3 млрд теңге мөлшерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (141 млрд теңге) және республикалық бюджеттің (19,1 млрд теңге) қаражатынан жеңілдікті кредиттер алу, сондай-ақ «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде Компанияның жарғылық капиталын 29,2 млрд теңгеге ұлғайту есебінен қаржыландыру көзделген.

2019 жылы Компания Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және Білім және ғылым министрлігімен, сондай-ақ Маңғыстау, Қостанай, Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен (Денсаулық сақтау басқармасы мен Білім басқармасының қызметкерлеріне тұрғын үй өткізу) сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үй беру жөнінде келісімдер жасасты.

Сондай-ақ 2020 жылы Астана және Ақтөбе қалаларының әкімдіктерімен, Мәдениет және спорт министрлігімен, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен келісімдерге қол қойылды.

Бағдарламамен еліміздің 20-дан астам қаласы, оның ішінде Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Ақтау Орал, Қостанай, Петропавловск, Қарағанды, Павлодар, Семей, Өскемен, Тараз және т.б. қалалар қамтылды.




Компания Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде білім беру және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлеріне, сондай-ақ Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес ЖАО-мен және мемлекеттік ұйымдармен жасалған меморандумдар бойынша басқа да қызметкерлерге кейіннен сатып алу мүмкіндігімен тұрғын үйді жалға беруді одан әрі қамтамасыз етеді.

Қаржыландыру қаржы нарығында қарыздар тарту және Компанияның келіп түскен жалдау төлемдерін қайта инвестициялау жолымен жүргізілетін болады.

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН АНАЛИТИКАНЫ ДАМЫТУ

## «Нұрлы жер» ахуалдық орталығы

Тұрғын үй-коммуналдық инфра-құрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұған дейін – «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша) және Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде қаржыландырылатын жылжымайтын мүлік объектілері құрылысының барысына мониторинг жүргізу мақсатында Компания «Нұрлы жер» ахуалдық орталығы мен ЖАО порталын, сондай-ақ деректерді толтыруға арналған мобильді қосымшаны әзірледі.




Бұл шешімдер ЖАО-ның МБК сатып алу операторы ретінде Компанияға:

1) бейнеаппаратты автоматты талдауды қолдана отырып, құрылыстың зияткерлік мониторингін жүзеге асыруға;
2) өндірістік көрсеткіштер бойынша деректер қоймасын қалыптастыруға;
3) машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, деректерге болжамды талдау жүргізуге;
4) мемлекеттік деректқорлармен интеграциялауды жүзеге асыруға;
5) тұрақты талдамалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Алдын ала бағалау бойынша Ахуалдық орталықты әзірлеу ЖАО-ның бір қызметкері үшін есепті дайындау уақытын аптасына 16-дан 6 сағатқа дейін, сондай-ақ Компанияның бір қызметкері үшін есептілікті тексеру және өңдеу уақытын аптасына 16-дан 1 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Саны айына 68 болатын есептер үшін қағаз тасымалдағыштарды пайдалану да алынып тасталды.

2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Ахуалдық орталықта Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде 1 342 объект және Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде 2 285 объект бойынша деректер енгізілді.

«Нұрлы жер» ахуалдық орталығын дамыту шеңберінде 2022 жылы пайдаланушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіру бөлігінде жұмыстар жүргізілді.

## Құрылыс материалдарының онлайн платформасы

Қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілерді қолдау және тұрғын үй құрылысындағы қазақстандық қамтуды арттыру мақсатында Компания «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде құрылыс материалдарының www.material.kz онлайн платформасын құрды.

Қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілер Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде құрылыс материалдарының қажеттіліктерімен таныса алады және қажет болған жағдайда тіркеуден өткеннен кейін құрылыс компанияларына электрондық коммерциялық ұсыныстар жібере алады. Құрылыс компаниялары SMS-хабарламалар мен электрондық пошта мекенжайлары арқылы материал өндірушілерден түскен коммерциялық ұсыныстар туралы хабарлама алады.

Сондай-ақ платформа қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілерге құрылыс компаниялары үшін бағалары бар құрылыс материалдарының жеке витринасын жасауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде құрылыс компаниялары өндірушілерді іздеуге шығынсыз қазақстандық құрылыс материалдарына тікелей қол жеткізе алады.





### Онлайн платформаны құру мақсаттары:

- «Нұрлы жер» бағдарламасын (Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын) іске асырудың ашықтығын арттыру;
- қазақстандық өндірушілерге «Нұрлы жер» бағдарламасы (Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде) бойынша құрылыс материалдарына қажеттіліктер туралы ақпарат және электрондық коммерциялық ұсыныстарды жіберу мүмкіндігін беру;
- тұрғын үй құрылысындағы қазақстандық қамту үлесін арттыру;
- құрылыс компанияларына құрылыс материалдары бойынша тиімді ұсыныстар алуға мүмкіндік беру;
- құрылыс компаниялары мен құрылыс материалдарын өндірушілер арасындағы дезинтермедиация арқылы тұрғын үй құрылысының өзіндік құнын төмендету;
- қазақстандық өндірушілердің динамикалық бағалары бар сметалық жоспарлау мен талдаудың онлайн-жүйелеріне көшу.

2022 жылғы 1 наурызда ақпараттық жүйе өнеркәсіптік пайдалануға берілді:

- **144** құрылыс материалдарының өндіруші – жеткізуші тіркелді
- **478** тауар жарияланды
- **38** құрылыс компанияларына коммерциялық ұсыныс жіберілді

## Қазтізілім

Қазтізілім – тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесі, оның негізгі мақсаты тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ үлестік құрылыс нарығында тұрғын үйді «қосарланған» сатуды болдырмау болып табылады.




Мемлекеттік мүлікті беру туралы 2021 жылғы 16 маусымдағы №2/26 шартқа сәйкес, Қазтізілім Компанияның сенімгерлік басқаруына берілді.

Сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қазтізілімді дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

**Компания 2021-2022 жылдарға арналған даму жоспарында көзделген барлық іс-шараларды орындады, оның ішінде:**

- үлестік құрылыс объектілері бойынша мәліметтер жинауды қамтамасыз ететін мемлекеттік дерекқорлармен және сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграция жүзеге асырылды;
- уәкілетті компанияларға онлайн үлескерлермен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы электрондық шарттар жасасуға мүмкіндік беретін модуль әзірленді;
- жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы электрондық шартты қолмен тексеру қажеттілігін болдырмайтын оны автоматты түрде тексеру және тіркеу үшін модуль әзірленді;
- құрылыс салушының жеке кабинеті әзірленді, онда құрылыс салушының барлық уәкілетті компаниялары шоғырландырылған;
- үлестік құрылыс нарығы бойынша талдау жүргізу үшін дэшбордтар әзірленді.

## Тұрғын үй порталы

2022 жылғы қазанда Компания жеке тұлғаларға және Компанияның қазіргі клиенттеріне арналған, келесі бөлімдер бойынша ақпарат пен онлайн-сервис ұсынатын «Тұрғын үй порталы» (homeportal.kz) ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға берді:

- үлестік құрылыс объектілері;
- сатудан кейінгі қызмет.




Тұрғын үй порталының «Үлестік құрылыс объектілері» бөлімінде ҚР-ның кез келген пайдаланушысы үлескерлердің қаражатын тартуға Компанияның тиісті рұқсаты немесе кепілдігі бар үлестік құрылыстың барлық объектілері туралы ақпарат ала алады. Үлестік құрылыс объектілері бойынша ақпарат Қазтізілімнен келіп түседі.

Сонымен қатар, Тұрғын үй порталында үлескерлердің қаражатын ЖАО-ның тиісті рұқсатынсыз немесе Компанияның кепілдігінсіз тартатын құрылыс салушылар туралы ақпарат жарияланады (бұл ақпаратты ЖАО ұсынады).

Осылайша, Тұрғын үй порталы азаматтарды тұрғын үйдің үлестік құрылысына қаражат тартуды заңсыз жүзеге асыратын жосықсыз құрылыс салушылардан қорғауға мүмкіндік береді.

**Тұрғын үй порталының сатудан кейінгі сервисі мыналарды қамтиды:**

1. жеке тұлғалар – Компанияның клиенттерінің жеке кабинеттері;
2. клиенттерден өтінімдер/өтініштер алу, сондай-ақ онлайн режимінде жауаптар беру
3. клиенттердің шарттары мен төлем кестелері бойынша, оның ішінде Telegram мессенджеріндегі чат-бот арқылы ақпарат беру
4. әртүрлі сауалнамалар мен аналитика жүргізу.

Тұрғын үй порталын дамыту шеңберінде 2022 жылы азаматтарға өз шартының Қазтізілімде тіркелу фактісін тексеруге мүмкіндік беретін Үлескерлердің жеке кабинеті әзірленді. Үлескерлердің жеке кабинетін іске қосу 2023 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ Тұрғын үй порталында Компания клиенттерінің электрондық өтініштерге қол қою функциясы Egov Mobile мобильді қосымшасы арқылы QR-код бойынша қол қою мүмкіндігімен толықтырылды.

# ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАНҒАН ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАҒДАРЛАМАЛАР

## ЭКСПО-2017 жобаларына және өзге де жылжымайтын мүлік объектілеріне бөлінген қаражатты қайтару

2014-2016 жылдары Компания Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі үшін көппәтерлі тұрғын үй кешені (КТҮК) мен СОО құрылысын қаржыландырды.

Компания ЭКСПО-2017 аумағындағы объектілердің құрылысына барлығы **91,1 млрд теңге** инвестициялады

оның ішінде

**76,1 млрд теңге** Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты

**15 млрд теңге** «Mega Silk Way» СОО құрылысын қосымша қаржыландыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан алынған қарыз

жалпы ауданы **110,7 мың м²**
**42** тұрғын үй

2016 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілді

жалпы ауданы **140,4 мың м²**
«Mega Silk Way» СОО

### Қаржыландыру көлемі

| № | Объектінің атауы | Жобалау компаниясының атауы | Жобаның жалпы құны, млрд теңге | Компанияның инвестиция сомасы, млрд теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғын үйлер | «Люкс недвижимость Group» ЖШС | 23,3 | 19,9 |
| | | «BI Group Corporation» ЖШС | 23,6 | 19,9 |
| 2 | «Mega Silk Way» СОО | «Mega Plaza» ЖШС | 64,7 | 51,2 |
| | | Жиыны | 111,6 | 91,1 |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2017 жылғы ақпанда КТҮК-да пайдалануға берілген пәтерлер көрмені өткізу уақытында шетелдік делегация мүшелерінің тұруы үшін «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ-ға жалға берілді. 2017 жылдың ақпан-қараша айлары аралығында көрменің **25,8 мың қатысушысы** уақытша баспанамен қамтамасыз етілді.

Құрылысқа бөлінген қаражатты қайтару мақсатында 2018 жылғы маусымнан бастап Компания:

**1 300** пәтерден | **1 300** тұрақ орнынан | **33** тұрғын емес үй-жайдан тұратын

КТҮК-да жылжымайтын мүлікті сатуды жүргізуде.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания **40,2 млрд теңге** сомасына

**1 300** пәтерді | **1 036** тұрақ орнын | **22** тұрғын емес үй-жайды бөліп төлеу арқылы сатты.

### «ЭКСПО-2017» аумағында жылжымайтын мүлікті сату

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Пәтерлер, дана | 142 | 1 133 | 25 | - | - | 1 300 |
| Тұрақ орындары, дана | 102 | 680 | 130 | 49 | 75 | 1 036 |
| Тұрғын емес үй-жайлар, дана | 0 | 2 | 2 | 5 | 13 | 22 |
| **Сату сомасы, млрд теңге** | **3,9** | **35,2** | **0,97** | **0,05** | **0,09** | **40,21** |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

СОО құрылысына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 36,2 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Бұдан басқа, Компания «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан 15,0 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды. 2018 жылы Компания «Mega Plaza» ЖШС-нің Компания алдындағы 7 млрд теңге мөлшеріндегі міндеттемелерін сақтай отырып, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ алдындағы қарызды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүзеге асырды. 2020 жылғы 22 маусымдағы жағдай бойынша 7 млрд теңге мөлшеріндегі міндеттеме толығымен өтелді.

2022 жылы «Mega Plaza» ЖШС «Mega Silk Way» сауда-ойын-сауық орталығындағы жалпы сомасы 11,2 млрд теңгеге үлесті мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды. 2023 жылғы қаңтарда «Mega Plaza» ЖШС 24,3 млрд теңге сомасына қалған үлесті сатып алуды жүзеге асырды. Осылайша, барлық міндеттемелер мерзімінен бұрын өтелді.

### СОО-дағы үлесті сатудан түскен қаражатты қайтару көлемі, млрд теңге

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | Қалдық |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Үлес-1 (ҚР ҰҚ қаражаты) | 0,05 | 0,2 | 0,2 | 0,3 | 11,2 | 24,3 |
| Үлес-2 (Компания қаражаты) | 1,65 | 2,6 | 2,75 | 0,0 | 0,0 | 0,0 |
| **Қаражатты қайтару көлемі** | **1,7** | **2,8** | **2,95** | **0,3** | **11,2** | **24,3** |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаражатын қайтару

Компания өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арналған дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде 2009-2010 жылдары «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға бөлінген қаражаттың (2024 жылы өтеу мерзімімен 20 млрд теңге) уақтылы қайтарылуына мониторингті жүзеге асырады. 2022 жылдың соңында өтелген сыйақы сомасы 2,1 млрд теңгені құрайды.

# ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания активтері 1 449 млрд теңгені құрады, міндеттемелер мөлшері – 1 206 млрд теңге, меншікті капитал – 243 млрд теңге.

Активтер құрылымында негізгі үлес: 58% – бағалы қағаздарға (оның ішінде Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде ЖАО облигацияларына) және 22% – ақша қаражаттары мен қаржы институттарындағы қаражатқа келеді.

Міндеттемелер құрылымындағы негізгі үлесті Компанияның шығарылған бағалы қағаздары (65%) және алынған қарыздар (20%) алады.

Компанияның активтері мен міндеттемелері 2023 жылдың қорытындысы бойынша тиісінше 1 527 және 1 285 млрд теңге деңгейінде жоспарлануда. Меншікті капитал 242 млрд теңге мөлшерінде болжанады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның табысы 175,2 млрд теңгені құрады, шығыстар – 128,7 млрд теңге және корпоративтік табыс салығы – 1,8 млрд теңге.

2022 жылы таза пайда 44,7 млрд теңгені құрады.

Баланс көрсеткіштері, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер құрылымы




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Пайда мен залал туралы есеп көрсеткіштері, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы міндеттемелер құрылымы




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Табыстың негізгі бөлігін Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша кірістер (64%) және қазынашылық портфель бойынша кірістер (18%) құрайды. Шығыстар құрылымында қаржыландыруға арналған шығыстар (85%) және провизияларды тану бойынша шығыстар (6%) ең көп үлесті алады.

Әкімшілік шығыстар және персоналға арналған шығыстар Компанияның барлық шығындарының 3% құрайды.

Компанияның бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2023 жылға арналған кірістер 172,7 млрд теңге деңгейінде, шығыстар 151,9 млрд теңге деңгейінде және корпоративтік табыс салығы 0,2 млрд теңге мөлшерінде жоспарланады.

Компанияның таза пайдасының мөлшері 2023 жылы 22,6 млрд теңге деңгейінде күтілуде.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

| Қаржылық көрсеткіштер | 2021 факт | 2022 факт |
|---|---|---|
| ROA, % | 0,4 | 3,1 |
| ROE, % | 2,5 | 19,3 |
| Борыш/меншікті капитал, % | 5,5 | 5,0 |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Қаражат тарту

Халықты қолжетімді баспанамен және қаржылық тұрақтылықпен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыру үшін Компания қорландыру көздерін әртараптандыруға ұмтылады.

2022 жылы Компания номиналды құны бойынша 3,34 млрд теңге сомасына меншікті облигацияларын орналастыруды жүзеге асырды, оның ішінде жылдық 0,10% мөлшерлемесі бойынша - 2,80 млрд теңге және 2,99% мөлшерлемесі бойынша - 0,54 млрд теңге.

Меншікті облигацияларды орналастырудан алынған негізгі сома мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алуға бағытталды.

2022 жылы тартылған қаражат құрылымы, млрд теңге




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ




ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компания ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін теңдестірілген тұрақты дамуға және құндылық құруға бағытталған. Компания өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін тиімді басқаруға ұмтылады және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайды.

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Компания өзінің миссиясына, Компанияның Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын пайдаланады.

Компания тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

2022 жылғы 18 қаңтарда «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның Тұрақты даму саясаты жаңа редакцияда, сондай-ақ Тұрақты дамуды іске асыру жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Тұрақты даму саясатының ережелерін Компанияның барлық қызметкерлері өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі құжаттарды әзірлеу, ақпарат тарату және коммуникацияның өзге де түрлері кезінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қозғайтын бөлігінде сақтауға тиіс.

Ұзақ мерзімді даму аясында Компания алдында келесі міндеттер тұр:

1. тұрақты даму қағидаттарын Компания қызметіне интеграциялау;
2. тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;
3. жүйелі жұмысты ұйымдастыру арқылы тұрақты дамуды басқару сапасын арттыру;
4. тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы үнемі хабардар етуді қоса алғанда, Компанияның мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл тетіктерін құру.

КОМПАНИЯ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ӨЗІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАҚСАТТАРЫНЫҢ КЕЛІСІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

## Компанияның тұрақты даму мақсаттары

### Экономикалық компоненті

- қызметтің залалсыздығы;
- акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- процестердің тиімділігін арттыру;
- неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- еңбек өнімділігін арттыру.

### Экологиялық компоненті

- биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерін азайту;
- шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- экологиялық, энергия және материалды үнемдейтін технологияларды қолдану.

### Әлеуметтік компоненті

- жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдер мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

Компания өз қызметі шеңберінде Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген келесі тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есеп беру, ашықтық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

### Компания өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының келесі қағидаттарын ұстанады:

| | |
|---|---|
| адам құқықтарын қорғау саласында | халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді және құрметтейді, сондай-ақ адам құқықтарының бұзылуына қатысы жоқтығын қамтамасыз етеді. |
| еңбек қатынастары саласында | ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және таниды, мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді. |
| қоршаған ортаны қорғау саласында | сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдайды, экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына ықпал етеді. |
| сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында | сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа төзбеушілік туралы мәлімдейді және аталған фактілердің алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдайды. |



# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның тұрақты дамуын басқару корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты. Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарының бірі тұрақты даму қағидаты болып табылады.

Компанияда мерзімді негізде басқару процестеріне талдау және бағалау жүргізіледі, қажет болған жағдайда процестерді түзету және тиісті ақпаратты барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу жүзеге асырылады.

Компания тұрақты даму қағидаттарын жоспарлау, есеп беру, тәуекелдерді басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және т.б. қоса алғанда, Компанияның Даму стратегиясы мен негізгі процестеріне, сондай-ақ басқару органдарынан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап және қарапайым қызметкерлерге дейін барлық деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне интеграциялайды.

Компанияның Директорлар кеңесі тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Компания Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері Тұрақты даму саясатының ережелерін сақтауға жауапты. Басқарма айқындаған Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы стратегиялық ПӘК-ке қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асырады.

Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттері шеңберінде тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ПӘК-ке қол жеткізу үшін дербес жауапты болады.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды орындау нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің сұрауы бойынша Компанияның жылдық есебіне енгізу үшін ақпарат ұсынады, қажет болған жағдайда Компанияның осы саладағы қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Басқарма айқындаған Компанияның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мынадай функцияларды орындайды:

1. тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады;
2. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің тұрақты даму саясатының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қызметін үйлестіреді;
3. тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы және ПӘК бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;
4. тұрақты даму туралы бөлімді қоса отырып, Компанияның жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;
5. Сыртқы тренерлерді тарта отырып немесе өз бетінше Компания қызметкерлері үшін тұрақты даму саласында оқыту семинарларын өткізеді;
6. тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен, институттармен, агенттіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау мақсатында Компания ішкі және сыртқы әсер ету факторларына талдау жүргізеді. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау үшін олар Компанияның тәуекелдер тіркеліміне енгізіледі.

# КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2015 жылы БҰҰ саммитінде мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібін қабылдады, бұл кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске және климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған 17 тұрақты даму мақсатын (ТДМ) қамтиды.




Компания өз қызметі шеңберінде ТДМ-ға қол жеткізуге үлес қосуға ұмтылады. 2020 жылы тұрақты даму мақсаттарын Компанияның Даму стратегиясына интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді.

Компанияның 2021-2023 жылдарға бекітілген Даму стратегиясы шеңберінде 12 ПӘК-ке қол жеткізу жоспарланған, оның ішінде 4 ПӘК ТДМ-ға релевантты болып табылады.





## 2022 жылғы ПӘК-тің орындалуы және ТДМ-ға қол жеткізу үшін 2023 жылға арналған жоспарлар

| ПӘК | Релеванттық ТДМ | 2022 жылғы жоспар | 2022 жылғы факт | Орындалу % | 2023 жылғы жоспар |
|---|---|---|---|---|---|
| № 2 ПӘК: Экономикалық тұрғыдан қолжетімді тұрғын аудандардың жеткілікті санын қамтамасыз ету үшін «Компания құралдары есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі» | 10 ТЕПЕ-ТЕҢСІЗДІКТІ ТӨМЕНДЕТУ; 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ-МЕКЕНДЕР | 2 145 мың ш. м. | 2 367 мың ш.м. (27 239 пәтер) | 111% | 1 930 мың ш. м. |
| № 11 ПӘК: Тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Кейіннен сатып алу мүмкіндігімен пәтерлерді жалға беру» | 10 ТЕПЕ-ТЕҢСІЗДІКТІ ТӨМЕНДЕТУ | 3,2 млрд теңге | 5,7 млрд теңге (331 пәтер кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілді) | 178% | 4,5 млрд теңге |
| № 12 ПӘК: Тұрғын үй құрылысының өзіндік құнын төмендету және қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілерді қолдау үшін «Құрылыс материалдарының маркетплейсін құру» | 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ; 12 ЖАУАПТЫ ҚОЛДАНЫС ЖӘНЕ ӨНДІРІС | Онлайн платформаны өнеркәсіптік пайдалануға беру | 2022 жылғы 1 наурызда өнеркәсіптік пайдалануға берілді | 100% | - |
| № 13 ПӘК: Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру және жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету үшін «ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу» | 8 БЕДЕЛДІ ҚЫЗМЕТ ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ; 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ; 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ-МЕКЕНДЕР | 2020-2021 жылдары 700 млрд теңге | 2020-2021 жылдары 751,7 млрд теңге. 6743 жоба іске асырылды, 250 мыңға жуық жұмыс орны құрылды | 107% | - |

## 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру

Компания Басқармасы Тұрақты даму саласындағы 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті. Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес 2022 жылы мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

1. ҮҚШ тіркеу мерзімдерін қысқарту мақсатында «Қазтізілім» АЖ пысықталды
2. инжинирингтік компанияларды таңдау бойынша бизнес-процестер автоматтандырылды
3. Компанияның кепілдігін алған үлестік құрылыс объектілерінің мониторингі бойынша бизнес-процестер автоматтандырылды
4. тұрақты даму саласындағы ақпарат GRI стандарттарына сәйкес 2021 жыл бойынша жылдық есепте ашылды
5. жұмыс істеу, кездесулер/келіссөздер өткізу үшін коворкинг-аймақ - локация ұйымдастырылды. Аймақ жұмсақ дивандармен, ноутбуктерде жұмыс істеуге арналған тіректермен жабдықталған



6. халықтың әлеуметтік осал топтарына көмектесу үшін заттарды қабылдауға арналған бокс орнатылды




7. Компания «Baiterek – Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысты, барлық жиналған қаражат мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жаңа жылдық мерекелер өткізуге және сыйлықтар сатып алуға берілді



8. қалдықтарды бөлек жинау және кейіннен қайта өңдеуге тапсыру ұйымдастырылды




Сондай-ақ Компания 2023 жылға арналған ТД жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті, бұл келесі іс-шараларды көздейді

1. пластикке арналған бокстарды орнату
2. пайдаланылған батареяларды жинауға арналған боксты орнату
3. қаңғыбас жануарларға жем жинауға арналған боксты орнату
4. энергияны үнемдеу, суды, қағаз сүлгілерін үнемдеу бойынша ақпараттық постер-суреттерді әзірлеу
5. «Жасыл кеңсе» тақырыбына семинар өткізу (қалдықтарды сұрыптау, қағазды, суды, электр энергиясын және т.б. үнемдеу бойынша түсініктемелер)
6. эко-сенбілік өткізу
7. бизнес-орталықтың іргелес аумағын көгалдандыру
8. Компания қызметінен парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесіне талдау жүргізу
9. жасыл облигациялар шығару қағидаттарына талдау жүргізу
10. Компанияның АХҚО Жасыл қаржы орталығы жанындағы Ұлттық ESG-клуб мүшелігіне кіру
11. Компанияның 2022 жыл бойынша жылдық есебінде тұрақты даму туралы ақпаратты ашу
12. сатып алу процесіне «жасыл» критерийлерді енгізу (А4 пішімді кеңсе экоқағазын сатып алу)

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Тұрақты дамудың табысты және тиімді саясатын іске асыру үшін Компанияда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті көңіл бөлінеді.

Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Компания мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Басқарма мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін Компания стейкхолдерлерінің картасын әзірледі және бекітті.

Компания әсер ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын айқындайды: өкілеттік және жауапкершілік саласы, тікелей әсер ету саласы, жанама әсер ету саласы.

### Мүдделі тараптардың негізгі топтары

| Өкілеттік/жауапкершілік саласы | Тікелей әсер ету саласы | Жанама әсер ету саласы |
|---|---|---|
| жалғыз акционер; | мемлекеттік органдар; | халық; |
| басқару органы; | инвесторлар; | қоғамдық ұйымдар; |
| менеджмент; | қаржы институттары; | бұқаралық ақпарат құралдары; |
| персонал. | өнім берушілер; | бәсекелестер. |
| | серіктестер; | |
| | клиенттер, тұтынушылар; | |
| | аудиторлар; | |
| | консалтингтік ұйымдар. | |

Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Компания мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралауды жүзеге асырады: стейкхолдердің қолдау/қарсылық дәрежесі, оның Компанияға әсер ету күшін бағалау. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау негізінде Компанияның құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне байланысты мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бағыттарын айқындайды.

Стейкхолдерлер картасы




Өзара әрекеттесу стратегиясы






Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және өзара іс-қимылдың басқа да нысандары болып табылады.

Компания мүдделі тараптармен стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл сияқты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Компанияның қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды көздейтін қатысу қағидатына негізделген.

Өз кезегінде, қатысу келесі үш қағидатты сақтай отырып жүзеге асырылады:

| маңыздылық | толықтық | жауап қайтару |
|---|---|---|
| Компания өзінің мүдделі тараптарын нақты айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері маңызды екенін түсінеді | Компания өз қызметі барысында мүдделі тараптардың алаңдаушылығына назар аударады, атап айтқанда, олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерін түсінеді | Компания мүдделі тараптардың барлық маңызды сұрақтарына дәйекті түрде жауап береді |

Мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқаруды ұйымдастыру мақсатында Компания өз қызметін келесі негізгі қағидаттарға бағыттайды:

1. барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
2. нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыруға ұмтылады;
3. мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаражатты пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
4. барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
5. мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;
6. тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

## Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілдері

| Стейкхолдерлер | Компания |
|---|---|
| Жалғыз акционер және мемлекеттік органдар | • Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат береді;<br>• негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді;<br>• ақпаратты ашу және/немесе құпиялылық туралы шарттар және/немесе келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, қызметтің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары, сондай-ақ Компанияның қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулері туралы қосымша мәліметтер береді;<br>• халықаралық кредиттік рейтингтерге қатысады. |
| Инвесторлар мен контрагенттер | • Компанияның қаржылық жағдайы, дивидендтік саясаты және кредиттік тарихы, сондай-ақ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашады;<br>• Компанияның қаржылық және басқарушылық есептілігі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және уақтылы ұсынылады, бұл ретте қаржылық есептілік тәуелсіз аудиторлардың тексеруінен өтеді;<br>• Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді болып табылады;<br>• инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде проактивті коммуникацияны жүзеге асырады;<br>• іскерлік серіктестер алдындағы келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;<br>• Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте ақпараттық ашықтықты, ашықтықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушіліктің және бәсекелестікке негізсіз шектеулердің болмауын қамтамасыз етеді;<br>• жетекші әлемдік практикаға сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды. |
| Клиенттер | • Компанияның қызметтері тұтынушылар үшін қолжетімді болып табылады;<br>• тұтынушылық деректер мен коммерциялық ақпараттың жылыстауынан және заңсыз пайдаланылуынан қорғау мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;<br>• тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сапалы қызмет көрсетеді және бірдей қызмет көрсету деңгейін ұсынады;<br>• сервис пен халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға жәрдемдеседі, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын жақсартуда көрініс табады;<br>• жаңа құралдар мен жұмыс қағидаттары туралы ақпаратты клиенттерге тұрақты негізде жеткізеді;<br>• өз мүмкіндіктеріне қарай және қолжетімді нысандарда тұтынушылар мен өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. |
| Қызметкерлер | • білікті және ынталы персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық кадрлық саясатты қамтамасыз етеді;<br>• барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде өз әлеуетін іске асыру, өз қызметін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктер береді;<br>• Компанияда қызметкерлерді іріктеу және мансаптық жоғарылату тек олардың кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде жүзеге асырылады;<br>• қызметкерлердің тиімді коммуникациясы мен өзара іс-қимылы қызметкерлерді және коммуникация арналарын үнемі хабардар етудің ішкі корпоративтік көздерін ұйымдастыру, оның ішінде ішкі порталдың (интранет) жұмысы, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы зерделеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. |
| Жұртшылық | • жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды (оның ішінде тұрақты кездесулер (дөңгелек үстелдер, брифингтер, конференциялар) ұйымдастыру арқылы);<br>• әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;<br>• Компанияға жолданатын жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптар уақтылы және толық көлемде беріледі;<br>• демеушілік және қайырымдылық қызметін жүргізу кезінде Компания халықтың қорғалмаған топтарына және аз қамтылған азаматтарға ұлттық құндылықтарды жаңғырту, мәдениетті, ғылымды және білім беруді қолдау мақсатында көмек көрсетеді. |

# КОНТРАГЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС

Құн тізбегін тиімді басқару шеңберінде Компания тұрақты даму қағидаттары негізінде контрагенттермен жұмыс жасайды.

**Компания өзінің контрагенттерінен мыналарды күтеді:**

1

Қоршаған ортаға және қоғамға нақты және ықтимал әсерлерді анықтау, бағалау, тиісті басқару шараларын айқындау және нәтижелі енгізу, экологиялық тәуекелдер деңгейін бақылауды жүзеге асыру бойынша экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдану.

2

Бірлесу бостандығы мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуге негізделуі тиіс адам ресурстарын басқару және қызметкерлердің денсаулығын қамтамасыз ету (сақтау) жүйесін қолдану. Бұл жүйе қызметкерлерге әділ қарауды, олар үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасауды, денсаулыққа жағымсыз әсерлердің алдын алуды және болдырмауды қамтамасыз етуі тиіс.

3

Әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесін қолдану. Адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты сақтауға ықпал етеді.





# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

Компания өзінің миссиясына байланысты Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына елеулі әсер етеді және маңызды әлеуметтік-экономикалық функцияларды орындайды.

## Экономикалық құнды бөлу

мың теңге

| Көрсеткіш | 2021 | 2022 |
|---|---|---|
| **Қалыптасқан экономикалық құн (кірістер)** | **142 853 616** | **158 363 968** |
| Негізгі қызметтен түсетін кірістер | 138 803 928 | 154 242 417 |
| Комиссиялық кірістер | 102 919 | 42 062 |
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан алынған таза пайда | 430 531 | 1 474 558 |
| Еңбекпен табылған таза сақтандыру сыйлықақылары | 2 132 353 | 2 604 931 |
| Өзге кірістер | 1 383 885 | - |
| **Бөлінген экономикалық құн** | **(137 679 005)** | **(113 684 270)** |
| Негізгі қызмет шығыстары (капиталды жеткізушілерге төлемдер) | (98 091 584) | (103 279 571) |
| Комиссиялық шығыстар | (570 704) | (648 702) |
| Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар | (2 589 867) | (2 563 538) |
| Мемлекеттік бюджетке төленетін салықтар мен алымдар бойынша шығыстар | (4 061 067) | (1 915 696) |
| Борыштық қаржы құралдарының құнсыздануынан түсетін кірістер/(залалдар) | 934 369 | 11 891 503 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (1 796 489) | (1 744 667) |
| Оқыту | (8 636) | (21 592) |
| Берілген кепілдіктер бойынша резервтер | (3 982 815) | (6 307 198) |
| Өзге операциялық (залалдар)/кірістер | - | (6 669 046) |
| Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал | (27 512 212) | - |
| Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан таза залал | - | (2 425 763) |
| **Бөлуге арналған экономикалық құн (таза пайда)** | **5 174 611** | **44 679 698** |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Қаржылық қолдау

Өз миссиясын іске асыру мақсатында Компания 2021 жылы Алматы облысында 31,1 млрд теңге сомасына «G4 City» қала құрылысы инвестициялық жобасын қаржыландырды. 2022 жылы жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыру жүзеге асырылмады.

Компания жобалық портфельді қалыптастыру кезінде тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға, оның ішінде:

- қалалар мен елді мекендердің ашық-тығына, қауіпсіздігіне, өміршеңдігіне және экологиялық тұрақтылығына;
- Қазақстан Республикасының экономи-касын әртараптандыруға ықпал ететін жобаларға басымдық береді.

Компания қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге де қызметтің әлеуметтік ықпалы саласында озық халықаралық тәжірибелерді қолдануға ұмтылады.

Тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру шеңберінде Компания Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларын басшылыққа алады.

Компания тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамаларға, оның ішінде жауапты инвестициялау практикасын қолдануға қатысты бастамаларға қосылу арқылы қатысуды дәйекті түрде кеңейтуге ниетті.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Компания барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасыруға абсолютті төзбеушілік саясатын ұстанады. Компания өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтайды және сыбайлас жемқорлыққа оның кез келген нысандары мен көріністерінде ымырасыз қарсы іс-қимылға бағытталған барынша ұйымдық және практикалық шаралар қабылдайды.

Компания қызметінде ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Компания бизнес-процестерді жетілдіру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторларды талдау жөнінде кешенді шаралар қабылдайды.

Басқарма Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқарушылық және ұйымдық негіздерді айқындайтын сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты бекітті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған алдын алу жұмыстарына көп көңіл бөледі. Осылайша, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігін қалыптастыру мақсатында жыл сайын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтау мәселелері бойынша оқыту және тестілеу жүргізіледі. Оқыту Компанияның барлық қызметкерлері үшін жүргізіледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен жыл сайын сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, заңнама мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын есепті жылға арналған комплаенс-бағдарлама бекітіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті күшейту мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған ұсынымдар жасалады.



Келесі телефон нөмірі бойынша жедел желі арналары тұрақты негізде жұмыс істейді: +7 (727) 344-12-00 және электрондық пошта: skk@khc.kz. Компанияның барлық мүдделі тұлғаларына заңнаманы, реттеуші талаптарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және этика мәселелері бойынша ішкі саясат пен рәсімдерді нақты немесе болжамды бұзушылықтарға қатысты өз алаңдаушылығын хабарлауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте құпиялылық пен анонимділікке, сондай-ақ өтініштердің 100% қарауға кепілдік беріледі.

2022 жылы Компания басшылығы мен Комплаенс-бақылау қызметіне сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері бар өтініштер электрондық пошта мекенжайларына немесе жедел желі арналары арқылы түскен жоқ.

## Әлеуметтік инвестициялар

Компания іске асыратын негізгі әлеуметтік маңызы бар жобалар ЖАО облигацияларын сатып алу арқылы жеңілдікті тұрғын үйді қаржыландыру, ЖАО кезекте тұрғандары үшін кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалдамалы тұрғын үй беру, сондай-ақ үлестік құрылыстың аяқталуына кепілдік беру болып табылады.

**2022 жылы Компания:**

Өңірлерде қолжетімді тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жалпы сомасы 176,4 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды, ЖАО облигацияларын сатып алу есебінен 9 573 пәтер пайдалануға берілді

Жалпы сомасы 211,8 млрд теңгеге кепілдіктер берілді. Компанияның кепілдіктері есебінен 2022 жылы 16 118 пәтер пайдалануға берілді

Құны 5,7 млрд теңге болатын 331 пәтер кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілді

Енгізілген пәтерлер саны




- ЖАО облигациялардың сатып алу арқылы ЖАО-ның кезекте тұрғандары үшін пайдалануға берілген пәтерлер саны, бірл.
- Кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін пәтерлер саны, бірл.

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Компанияның кепілдігі есебінен пайдалануға берілген пәтерлер саны, бірл.




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Сатып алуды басқару

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді іріктеуді Компания Қазақстан Республикасының сатып алу саласындағы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес ашық негізде жүзеге асырады және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің ең тиімді бағасына, сапасы мен талаптарына, сондай-ақ контрагенттің жақсы іскерлік беделіне басымдық беруге негізделеді.

### Сатып алуды жүзеге асыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- өнім берушілердің коммерциялық құпияға (тендер қорытындысы шығарылғанға дейін) құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып, сатып алу процесінің ашықтығы;
- әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу;
- сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге қолдау көрсету;
- инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

Уәкілетті орган сатып алуды өткізу үшін ақпараттық жүйе операторларының бірі ретінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның еншілес ұйымдары электрондық сатып алуды өткізетін Еуразиялық электрондық сатып алу порталына зияткерлік меншік құқығына ие «Mitwork» ЖШС анықтады.

2022 жылы өткізілген сатып алу қорытындысы бойынша Сатып алу жоспарының 439 лоты бойынша ҚҚС есептегенде жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеге 314 шарт жасалды/ұзартылды.

2022 жылы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылықтың орташа үлесі 84,5% құрады.

## Меншікті экологиялық әсерді басқару

Өз қызметінің сипатына байланысты Компания қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді, бірақ өз қызметі шеңберінде ресурстарды ұқыпты пайдалануға тырысады.

Компания тұтынатын негізгі ресурстар - электр энергиясы, жылу энергиясы және су ресурстары. Компания қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады. Энергия тиімді технологиялар енгізілуде, су тұтынуды азайту, сондай-ақ электрондық құжат айналымы жүйесін және екіжақты басып шығару практикасын енгізу есебінен кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Компания «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізуді қамтитын тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, оның маңызды құрамдас бөлігі қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық науқан болып табылады.

2022 жылы қайта өңдеуге беру үшін қағаз, пластик, шыны қалдықтарын жинауға арналған арнайы орындар ұйымдастырылды.

2022 жылы Компанияға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтамағаны үшін айыппұлдар мен өзге де санкциялар салынған жоқ.

### Ресурстарды тұтыну көлемі

| | 2021 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Электр энергиясы, мың кВт*сағ. | 1 934 | 1 869 |
| Жылу энергиясы, Гкал | 2 170 | 851 |
| Суық су, $м^3$ | 4 137 | 6 852 |
| Ыстық су, Гкал | 304 | 696 |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Әлеуметтік компонент

Компанияның Персоналды басқару саясаты қойылған міндеттерді сапалы және жедел шешуге қабілетті кәсіпқойлардың ұйымшыл командасын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Компанияда персоналмен жұмыс істеудің бірыңғай стандарттары, іріктеу, оқыту және бағалау, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау процестеріне қойылатын талаптар белгіленген.

Компания өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық қағидаты және қызметкерлердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау негізінде құрады.

Компания өз қызметін жүзеге асырған кезде тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділік беру, лауазымын жоғарылату, жұмыстан босату кезінде оларды жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша кемсітуге жол бермейді.

Адам ресурстарын басқару департаменті аса білікті үміткерлерді тарту үшін кадрларды іздеу және іріктеу арналарының кең жиынтығын пайдаланады. Бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу кезінде Президенттік жастар кадр резервіндегі, сондай-ақ Холдингтің компаниялар тобының Бірыңғай кадр резервіндегі кандидаттар қаралады.

Жұмыскерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру ПӘК-ті, персоналды аттестаттау және ынталандыру шараларын қолдану тәсілімен олардың қызметін әділ және жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Компанияда атқарған еңбегі үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақыны қамтамасыз ету мақсатында грейдтер жүйесі енгізілді, нарықтағы және салыстырмалы саладағы жалақыларға тұрақты шолу жүзеге асырылады.

Компания жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады. Компания еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты барлық оқиғалар мен мәселелерді оларды азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және тексереді. Оқыту мен біліктілікті арттыруды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қызметкерлерді қажетті даярлау жүзеге асырылады.

## Персоналдың құрылымы мен саны

2022 жылы Компанияның стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Компанияның ұйымдық құрылымы оңтайландырылды.

Компания қызметінің 2021-2023 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарының өзгеруіне байланысты 210 бірліктен тұратын жұмыскерлердің қазіргі жалпы саны шеңберінде Компанияның ұйымдық құрылымы оңтайландырылды. 2022 жылдың соңында Компания персоналының нақты саны 187 бірлікті құрады, оның ішінде Алматы қаласында – 8 бірлік.

Ұйымдық құрылымды оңтайландыру нәтижесінде Компанияның Басқарма құрамы жетіден төрт Басқарма мүшесіне дейін қысқарды, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің жалпы саны жиырма жетіден жиырма бір бөлімшеге дейін қысқарды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің жалпы санынан (187) әйелдер 52% құрайды, ерлер – 48%.

Басшылық лауазымдардағы әйелдер үлесі 33% құрайды. Қызметкерлердің негізгі үлесін (50%) 31 жастан 40 жасқа дейінгі жас санаты құрайды.

Компания қызметкерлерінің орташа жасы 38 жасты құрайды.

Қызметкерлердің гендерлік құрамы, %-бен

48% 52%

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша персоналдың құрылымы, адам

| Көрсеткіш | | Барлығы | Басқарма | Орта буын басшылары |
|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | 187 | 4 | 24 |
| Гендерлік топтар | Ерлер | 89 | 4 | 16 |
| | Әйелдер | 98 | 0 | 8 |
| Жас топтары | 30 жасқа дейін | 34 | 0 | 0 |
| | 31 жастан 40 жасқа дейін | 94 | 3 | 16 |
| | 41 жастан 50 жасқа дейін | 50 | 1 | 6 |
| | 51 жастан асқан | 9 | 0 | 2 |

*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Сондай-ақ Компания персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасады. Осындай шарт шеңберінде аутстаффинг секторының қызметкерлері тартылады. Осылайша, Компания қолдау және (немесе) техникалық бизнес-процестердің орындалуын Компанияға персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлға Компанияның мүддесі үшін, оның басқаруымен және бақылауымен еңбек функциясын орындау үшін жіберетін аутстаффинг қызметкеріне тапсырады.

Аутстаффинг қызметкерлерін тартудың негізгі мақсаты - белгілі бір кезең ішінде жобалық, консультациялық жұмыстарды орындауға байланысты жұмыстарды орындауға арналған шығыстарды оңтайландыру. Аутстаффинг қызметкерлерін тарту тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген. 2022 жылдың соңында аутстаффинг секторы қызметкерлерінің жалпы саны 76 қызметкерді құрайды.

2022 жылы персоналдың ерікті тұрақтамауы 4,2% құрады (жұмыстан босатылғандардың жалпы санынан ерлер – 59%, әйелдер – 41%).






*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Персоналды тарту және бейімдеу

Персоналды жалдауды Компания жаңа қызметкерлердің қажеттілігіне қарай жүзеге асырады және белгіленген тәртіппен бекітілген штат саны мен штат кестесі, сондай-ақ бос жұмыс орындары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының өтінімдері бойынша айқындалады.

### Компанияның бос жұмыс орындарын орналастыру тәртібі туралы ақпарат

Компанияның бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына сәйкес кандидаттарды іздеу келесі кезеңдерді қамтиды:

ішкі іріктеу 1 | 2 сыртқы іріктеу

Ішкі іріктеу – Компания қызметкерлеріне бос лауазымға орналасуға өз кандидатураларын ұсынуға құқық беретін ішкі кандидаттарды іріктеу.

Жауапты бөлімше ақпаратты int.kmc.kz ішкі порталында, электрондық құжат айналымы жүйесінде немесе ішкі коммуникацияның өзге де арналарында орналастырады.

Ішкі кандидат іріктелген жағдайда кандидаттарды іздеу және іріктеу бойынша одан әрі іс-шаралар жүргізілмейді, ал бос лауазымға ресімдеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ішкі кандидаттар болмаған кезде сыртқы іріктеу:

- Компанияның **https://khc.kz/kk/** корпоративтік интернет-ресурсында және/немесе жұмыс іздеу сайттарында кандидатты іздеу туралы хабарландыруды орналастыру;
- электрондық еңбек биржасында ақпаратты орналастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына қайшы келмейтін басқа да тәсілдер мен әдістер арқылы жүзеге асырылады.

2022 жылы Компанияға 63 адам, оның ішінде 33 әйел жұмысқа қабылданды. Персоналдың жалпы штат санынан жаңадан қабылданған қызметкерлердің үлесі 30% құрады.

Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлердің гендерлік құрамы




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлердің жас ерекшеліктеріне қарай құрамы




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

Жалдау рәсімі Бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына және Ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**Кадрларды іріктеудің негізгі қағидаттары:**

- қандай да бір лауазымның сәйкестігін бағалауға объективті және бейтарап көзқарас;
- ашық және әділ іріктеу;
- мүдделер қақтығысының болмауы немесе оларды Компанияның қызметіне теріс әсер етпейтіндей етіп шешу;
- біржақтылыққа жол бермеу және алдын алу (жеке пайда, жақтаушылық, шамадан тыс тұрпайылық, қорқыту және т.б.).

Қызметкердің өз лауазымына тиімді кірісуін қамтамасыз ету, Компанияның жағымды бейнесін қалыптастыру, Компаниядағы жұмыстың алғашқы күндерінде ыңғайсыздықты азайту мақсатында жаңадан қабылданатын қызметкерлерді бейімдеу Жаңа қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Бейімделудің бірінші кезеңі Компания туралы жалпы түсінік қалыптастыруды қамтиды. Кадр қызметінің жұмыскерлері жаңадан қабылданған қызметкерлермен тұрақты негізде коммуникативтік кездесулер өткізеді, онда олар Компания қызметінің негізгі бағыттары, ұйымдық ерекшеліктері, Компания мен қызметкер арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері (жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату тәртібі, жалақы, әлеуметтік қолдау), еңбек жағдайлары және т.б. туралы айтады.

Жеке бейімделу бағдарламасы құрылымдық бөлімшенің қызметімен, жұмыс ерекшелігімен, нақты дағдыларды игерумен егжей-тегжейлі танысуды қамтиды.



# СЫЙАҚЫ

Компаниядағы сыйақы төлеу саясатының негізгі мақсаты қызметкерлерді бәсекеге қабілетті жалақымен қамтамасыз ету және қызметкерлердің жоғары нәтижелерге қол жеткізудегі тиімділігі мен материалдық қызығушылығын арттыруға ықпал ететін қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау мен сыйлықақы берудің ашық жүйесін қолдану болып табылады.

Компанияда грейдтер негізінде еңбекақы төлеу жүйесі енгізілді. Грейд жүйесі Компания қызметкеріне өзінің жұмыс иерархиясындағы орнын түсінуге және оның Компания үшін рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл күрделілік деңгейіне, орындалатын жұмыс үшін жауапкершілікке байланысты еңбек үшін әділ сыйақы алу, өзінің кәсіби және мансаптық өсу перспективаларын бағалау, неғұрлым жоғары лауазымда тиімді жұмыс істеу үшін қажетті жаңа кәсіби білім мен дағдыларды дәйекті түрде алу мүмкіндігін білдіреді.

Қызметкерлер жұмысының нәтижелілігін бағалау Компанияның стратегиялық мақсаттарына және жеке нәтижелілік көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, ПӘК карталары негізінде жүргізіледі. Осы тәсіл шеңберінде ПӘК-тің сатылас интеграцияланған құрылымы қалыптасады, бұл стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін жауапкершілікті әрбір жауапты қызметкерге бөлуге мүмкіндік береді.

Келесі санаттар бойынша әйелдердің орташа жалақысының ерлердің орташа жалақысына қатынасы:

- топ-менеджмент – 0,93
- орта буын басшылары – 1
- бас мамандар және мамандар – 0,95

## Сыйақы төлеу саясаты

Сыйақы деңгейі грейдтер негізінде құрылған төлем шамасымен реттеледі. Грейдтер келесі бағалау факторларын ескере отырып, Компанияның Даму стратегиясына қол жеткізуге қосқан үлесіне қарай бірдей құнды лауазымдарды бағалау және топтастыру негізінде қалыптастырылады: (1) білім мен дағдылар; (2) мәселелерді шешу; (3) жауапкершілік.

ПӘК басшы қызметкер бекіткен жауапкершілік саласына, сондай-ақ әрбір лауазымның функциялары мен бизнес-міндеттеріне сүйене отырып, Компанияның стратегиялық ПӘК-ін тікелей каскадтау немесе декомпозициялау жолымен әзірленеді. Есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша сыйақы басшы қызметкерлерге олардың жұмыс нәтижелеріне, қол жеткізілген табыстарға және жұмыс тиімділігін арттыруға байланысты төленеді.

Қаржылық сыйақымен қатар, Компанияда ақылатық көтермелеу түріндегі қаржылық емес сыйақылар (грамоталар, алғыс хаттар) қолданылады.

2022 жылы Ұлттық валюта күнін, Тәуелсіздік күнін және Республика күнін мерекелеу шеңберінде Компанияның 23 қызметкері грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды.

## Сыйақыны айқындау процесі

Компанияның басшы қызметкерлерінің лауазымдарын бағалау тиісті сертификаты бар сыртқы сарапшыларды тарту арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі Компанияның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің алдын ала қарауымен басшылықтың сыйақылары мен еңбегіне ақы төлеу талаптарының мөлшерін айқындайды.

## Жылдық жалпы сыйақының арақатынасы

2022 жылдың қорытындысы бойынша ұйымның ең жоғары ақы төленетін қызметкерінің жалпы жылдық сыйақысының барлық қызметкерлердің жылдық жалпы сыйақысының медианасына қатынасы (ең жоғары ақы төленетін қызметкерді қоспағанда) 2021 жылғы 4,8 көрсеткішпен салыстырғанда 3,9 құрады (25%-ға төмендеді).

## Персоналды бағалау жүйесі

Персоналды бағалау қызметкердің атқаратын лауазымына немесе атқаратын жұмысына сәйкестігін айқындау мақсатында, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің Компания қызметкерлерін аттестаттау туралы ережеге сәйкес атқаратын лауазымдарына қойылатын талаптарға сәйкестік дәрежесін айқындау үшін жүргізіледі. Компания қызметкерлерін жоспарлы аттестаттау 3 жылда 1 реттен жиі емес жүргізіледі.

2022 жылғы шілдеде Компания қызметкерлерін аттестаттау жүргізілді. Аттестаттаудан өткен қызметкерлердің жалпы саны Компанияның 110 қызметкерін құрады.

## Персоналды оқыту

Компанияда қызметкерлердің қажетті біліктілік деңгейін қалыптастыру және қолдау мақсатында, сондай-ақ Компанияның стратегиялық даму талаптары мен перспективаларын ескере отырып, персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесі жұмыс істейді.

Жыл сайынғы негізде Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының өтінімдеріне сәйкес оқыту іс-шарасының атауын және оқытудан өтуі қажет қызметкерлердің санын көрсете отырып, оқыту жөніндегі жылдық жоспар қалыптастырылады.

### Компания қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мынадай қағидаттарға негізделеді:

- оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкестігі;
- оқыту іс-шараларының Компания қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;
- оқытудың және кәсіби дамудың жүйелі, қолданбалы, жоспарлы сипаты;
- Компания қызметкерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен қамту.

Қызметкерлердің теориялық және практикалық білім мен дағдыларды алу мақсатында семинарларға, тренингтерге, кеңестерге, конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу, курстарда, жұмыс орнында оқыту және т.б. көзделген.

Оқу аяқталғаннан кейін қызметкер меңгерген білімі мен іскерлігін жұмыста қолданады, оны оқытудан өту табыстылығына баға беретін басшы талдайды. Сауалнама нәтижелері бойынша 2022 жылы өткізілген оқытудың тиімділігін бағалаудың орташа балы 4,7 құрады.

2022 жылы оқытудан өткен қызметкерлердің жалпы саны – 161 немесе Компания қызметкерлерінің нақты санының 86%-ы.

**2022 жылы оқытудың негізгі бағдарламалары келесі салаларда біліктілікті арттыруға бағытталды:**

- TSA-01-SimBase жүйесін әкімшілендіру және бизнес-процестерді теңшеу негіздері. TSA-02 - SimBase жүйесіндегі бизнес-процестерді автоматтандыру;
- Бизнес-процестерді ресімдеу, талдау және оңтайландыру негіздері;
- Бизнес-процестердің ішкі аудиті: бақылау процедуралары дизайнының тиімділігін бағалаудан бастап тексерулер барысында AGILE әдістерін қолдануға дейінгі заманауи тәсілдер;
- ICO 27001:2013 Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі;
- CFA Level 1 (қаржы талдаушысы);
- DipIFR (халықаралық қаржылық есептілік);
- Бизнестің тиімділігін басқару (PM);
- жыл сайынғы оқытуды талап ететін өзге де салалар (АТ тәуекелдерін басқару, әскери есеп, келісу комиссиясы, бухгалтерлік есептегі өзгерістерге, ХҚЕС-тегі өзгерістерге, азаматтық заңнамадағы өзгерістерге байланысты бағыттар бойынша кәсіби бухгалтерлердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ еңбек заңнамасындағы өзгерістер бойынша оқыту, техникалық қадағалау, сметалық іс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және т.б.).

## Корпоративтік мәдениетті дамыту

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында Компанияда түрлі корпоративтік іс-шаралар өткізіледі. Есепті кезеңде мерекелік іс-шаралар, көшпелі корпоративтік тимбилдинг, Холдингтің еншілес ұйымдарымен командалық ойындар өткізілді, сондай-ақ Компания «Baiterek – Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысты.







Компанияда корпоративтік мәдениетті қалыптастыру үшін келесі құралдар қолданылады:

- Жетістікті растау (грамоталар, алғыс хаттар)
- Ынталандыру (ұжымда қолайлы жұмыс ахуалын қалыптастыру)
- Ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту
- Қызметкерлердің қанағаттанушылығын, хабардарлығын арттыру

## Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Компанияда еңбек қауіпсіздігі жағдайларын сақтау бойынша үздіксіз процесс сақталады: жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін және жыл сайын – барлық қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы бойынша кіріспе нұсқама өткізіледі, Компанияда жыл сайын азаматтық қорғау бойынша практикалық және теориялық іс-шаралар (азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар) өткізіледі, сондай-ақ Компанияда өрт қауіпсіздігі бойынша барлық қызметкерлерге нұсқама өткізіледі. Өрт кезіндегі хабарлау аспаптарына, эвакуациялау жағдайындағы электрондық жүйелердің өзара әрекеттесуіне жүйелі тексеру жүргізіліп, өрт сөндіргіштер, газды өрт сөндіру жүйесі, сорғы станциялары және су беру үшін өрт сөндіру гидранты тексеріледі.

Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Компанияда азаматтық қорғау құрамаларының құрамында команда құрылды, сондай-ақ Компанияда өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау бойынша жауапты қызметкерлер тағайындалды.

Компанияның жауапты бөлімшесі демалыс және мереке күндері қарсаңында өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау қажеттілігі туралы Компания қызметкерлеріне мерзімді түрде хабарлама (еске салу) жүргізеді.

2022 жылы жоспарға сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу сабағы өткізілді. Оқу-жаттығуды өткізу кезінде мынадай іс-шаралар өткізілді: Төтенше жағдайлар департаментінің қатысуымен «Дабыл» сигналы бойынша Компания қызметкерлерін ғимараттан эвакуациялау, арнайы жағылған өрт ошағында ОУ-5 өрт сөндіргішін пайдалану техникасын көрнекі көрсету, сондай-ақ ГП-5 газқағарын пайдалануды үйрету.

2022 жылы жарақат алу жағдайлары тіркелген жоқ.



## Әлеуметтік саясат

Компания Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Жыл сайынғы негізде қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру жүзеге асырылады, еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін материалдық көмек, бала туылған кезде және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда материалдық көмек көрсетіледі.

Мәселен, 2022 жылы бала тууға байланысты 21 қызметкерге және жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты 4 қызметкерге материалдық көмек көрсетілді.

Компанияның әлеуметтік қызметінің мақсаты қосымша жеңілдіктер беру, қызметтер көрсету және әлеуметтік сипаттағы төлемдер жасау есебінен Компания қызметкерлерінің өмір сүру сапасын дәйекті түрде арттыру болып табылады.

Қызметкердің әлеуметтік компонент бөлігіндегі, оның ішінде хабарламалар беру бөлігіндегі құқықтары еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес сақталады.

2008 жылдан бастап Компанияда Ұжымдық шарт қолданылады. Қызметкерлердің немесе жұмыс берушінің еңбек құқықтарын қорғау үшін Компанияда барабарлық негізде келісу комиссиясы құрылды.

## Адам құқықтарын сақтау бойынша міндеттемелерді енгізу

Директорлар кеңесі Омбудсменді тағайындады, оның рөлі оған жүгінген Компания қызметкерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылады.

Компанияның Омбудсмені жыл сайынғы негізде Компанияның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетіне, сондай-ақ Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне атқарылған жұмыс нәтижелері туралы есеп ұсынады.

Компанияның Омбудсмені - Холдингтің Басқарма төрағасының Аппарат басшысы Акрачкова Дина Викторовна.

Бұдан басқа, Компания жыл сайын қызметкерлердің Іскерлік әдеп кодексін білу деңгейіне тестілеу өткізеді.

## Мүдделер жанжалын басқару

Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында қамтылған талаптарды, Компанияның адамгершілік қағидаттарын, сондай-ақ Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген іскерлік әдеп нормаларын сақтай отырып, Компания мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін адал, ақылға қонымды және әділ әрекет етуге міндетті.

Мүдделер жанжалын басқару мақсатында Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде тікелей немесе әлеуетті мүдделер жанжалының болуы назарға алынады.

Директорлар кеңесінің мүшелері Компаниямен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама, нақты немесе ықтимал) туралы, сондай-ақ үлестестіктің туындауы және басқа да мән-жайлар туралы Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасына дереу хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшелері мүдделер жанжалына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерден және мүдделер жанжалы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудан бас тартуға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне жеке немесе заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер немесе Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде қабылдаған немесе жасаған шешімдері немесе әрекеттері үшін сыйақы ретінде қарастырылатын немесе қарастырылуы мүмкін кез келген артықшылықтар алуға тыйым салынады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Компанияның құпия, ішкі ақпаратын және Директорға Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты белгілі болған өзге де ақпаратты (жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда) Компанияда жұмыс істемейтін, Жалғыз акционердің уәкілетті өкілдері болып табылмайтын және мұндай ақпаратқа қолжетімділігі жоқ адамдарға жария етуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде де, сондай-ақ мәлім болған құжаттарда (ақпаратта) белгіленген мерзім ішінде де өз мүдделеріне немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдалануға тыйым салынады.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің үлестес тұлғалары туралы үнемі ақпарат беріп отыруға міндетті.

2022 жылы мүдделер жанжалы тіркелген жоқ.

## Қызметкерлердің бұзушылықтар мен әдепсіз мінез-құлық туралы шағымдар мен хабарламалар жіберу мүмкіндіктері, кері байланыс

Компанияда келесі телефон нөмірі бойынша жедел желі арналары жұмыс істейді: **+7 (727) 344-12-00** және электрондық пошта: **skk@khc.kz**. Компанияның барлық мүдделі тұлғаларына заңнаманы, реттеуші талаптарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және этика мәселелері бойынша ішкі саясат пен рәсімдерді нақты немесе болжамды бұзушылықтарға қатысты өз алаңдаушылығын хабарлауға мүмкіндік беріледі. Хабарлама авторларына құпиялылық пен анонимділікке, сондай-ақ өтініштерді 100% қарауға кепілдік беріледі.

## Персоналдың қанағаттанушылығы мен қатысуын зерттеу

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және барлық еншілес компаниялар қызметкерлерінің қатысуы мен қанағаттанушылығын зерттеу жыл сайын «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС тәуелсіз консультанттарын тарта отырып жүргізіледі.

Зерттеу электрондық сауалнама арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылы Компания персоналының қанағаттанушылық және қатысу деңгейі 81% (орташадан жоғары) құрады.

2022 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлерінің қатысуы мен қанағаттанушылығын зерттеу жүргізілген жоқ.

Персоналдың қанағаттанушылығы мен қатысу индексі, %-бен




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Ақпараттық саясат және өтініштермен жұмыс

Компанияның көрсетілетін қызметтері туралы ақпарат **www.khc.kz** корпоративтік сайтында орналастырылады, онда берілген кепілдіктер туралы ақпарат, инжинирингтік компаниялардың есептері және Компанияның қатысуымен өтетін іс-шаралар туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады.

2022 жылы БАҚ-та Компания қызметіне қатысты ақпаратты қамтитын 1 476 жарияланым, сондай-ақ Компанияның іс-шаралары мен қызметі туралы 25 баспасөз хабарламасы жарияланды. Әлеуметтік желілерде келесі тақырыптар бойынша 198 жарияланым жарияланды: жалға берілетін тұрғын үй, субсидиялау, кепілдік беру, жеке кабинетті пайдалану жөніндегі нұсқаулық, алданған үлескерге айналмау, жаңа сервистерді іске қосу, Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы туралы және т.б.



Facebook **https://www.facebook.com/khc.kz**; Instagram: **https://www.instagram.com/khc.kz** әлеуметтік желілеріндегі парақшалар арқылы клиенттермен кері байланыс (Пікірлер мен жеке хабарламаларға жауаптар) тұрақты негізде қамтамасыз етілді.

Компанияның Қоғаммен байланыс секторы келесі мекенжайдағы «Ашық диалог» платформасында Компанияның Басқарма төрағасының блогын жүргізеді, мұнда ел тұрғындары біздің қызметіміз бойынша өз сұрауларын қалдыра алады: **https://dialog.egov.kz/blogs/5373952/welcome**.

2022 жылы келесі мекенжайдағы Digital Baiterek порталында үлестік тұрғын үй құрылысын аяқтау кепілдіктерін алуға өтінімдерді қабылдау бойынша онлайн-сервис іске қосылды: **https://digital.baiterek.gov.kz/services/guranteeing001**.

«Тұрғын үй порталы» (**https://homeportal.kz**) платформасында электрондық өтініштерді жіберу бойынша сервис іске қосылды. Енді Компания клиенттері өздерінің жеке кабинеттерінде онлайн режимінде электрондық өтініш жібере алады.

Бұдан басқа, 2022 жылы Компания келесі іс-шараларды өткізді:

- Kapital.kz «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ цифрландыру» арнайы жобасы;
- «Үлестік құрылыс және МИБ бойынша заңнамадағы өзгеріс» тақырыбындағы кеңес;
- ТМД елдерінің құрылыс саласын цифрландыру форумында сөз сөйлеу, мұнда Басқарма төрағасының м.а. Алтай Күздібаев Компанияның тәжірибесімен бөлісті;
- Басқарма Төрағасының орынбасары Олжас Салықовтың Forbes.kz іскерлік журналына берген сұхбаты;
- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп өткізілген «Құрылыс саласын цифрландыру» тақырыбындағы брифинг;
- Атырау қаласының әкімдігімен және Q88 урбанистер қауымдастығымен бірлесіп өткізілген Атырау қаласындағы Қазақстан урбанистер форумы urbathon.kz;
- келесі тақырыптар бойынша көрнекі дереккөздер – роллаптар дайындалды: тұрғын үй құрылысына кепілдік беру және тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін екінші деңгейдегі банктердің жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- Компания қызметі туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған үш тілде ақпараттық, бейнеграфикалар, анимациялар, имидждік бейнероликтер әзірленді. Компанияның мәліметтері бойынша, 2022 жылы колл-орталық желісі арқылы 22 810 қоңырау өңделді.

2022 жылы Компанияға **15 919** жеке тұлғалардың өтініші және **5 011** заңды тұлғалардың өтініші келіп түсті

Бұл ретте Компания өтініштердің 100%-на уақтылы жауап берді.

Жалпы, 2022 жылғы желтоқсанда жүргізілген халықтың сенім деңгейін бағалау бойынша алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Компанияның беделі тұрақты болып табылады, нысаналы аудиториялармен қарым-қатынаста проблемалар жоқ, БАҚ-та немесе тұтынушылар мен басқа да стейкхолдерлер тарапынан айтылуы мүмкін қандай да бір жағымсыз факторларсыз қалыптастырылды.

| Компанияның танымалдығы мен танылу дәрежесі | Компанияның өнімдері мен бағдарламалары туралы хабардарлық | Компанияның қызметі туралы нысаналы топтардың хабардарлық деңгейі | Нысаналы топтардың Компания қызметіне деген сенім деңгейі |
|---|---|---|---|
| 89,6% (2021 ▲ 88,5%) | 80,7% (2021 ▲ 79,6%) | 83,5% (2021 ▼ 83,6%) | 84,1% (2021 ▼ 87,4%) |

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## Корпоративтік басқару жүйесі

Компания өз қызметінде «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған корпоративтік басқару қағидаттарын басшылыққа алады.

Корпоративтік басқару деп Компанияның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Компанияның өзге де органдары мен акционерлердің мүдделері үшін әрекет ететін мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын процестер жиынтығы түсініледі.

1. Жоғары орган – Жалғыз акционер. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компания Жарғысының ережелерінде және оның ішкі құжаттарында айқындалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның Жалғыз акционері болып табылады;
2. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылықты, сондай-ақ атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асырады;
3. Басқарма – Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган;
4. Ішкі аудит қызметі қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды және Компания қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады.

Компания корпоративтік басқаруды Компания қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

Корпоративтік басқару қағидаттары Компанияны басқаруға байланысты туындайтын қатынастарда сенім қалыптастыруға бағытталған және барлық ережелер мен ұсынымдардың негізі болып табылады. Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктердің аражігін ажырату;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару;
- тұрақты даму;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит;
- корпоративтік жанжалдарды және мүдделер жанжалын реттеу;
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі болып табылады.

# КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ




## Жалғыз акционер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Компанияның Жалғыз акционері болып табылады, ол 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның дауыс беретін акцияларының 100% иеленеді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## Директорлар кеңесінің құрамы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 5 адам кірді.



### ШАРЛАПАЕВ
### Қанат Бисимбайұлы

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (25.02.2022ж. бастап)

Туылған күні:
1981 ж.
Азаматтық:
Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

Саратов әлеуметтік-экономикалық университеті (РФ), мамандығы: «Бухгалтерлік есеп және аудит».

Cranfield School of Management (Ұлыбритания), магистр, мамандығы: «Қаржы және басқару».

**Еңбек жолы туралы мәліметтер:**

2022 жылдан бастап – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – «Сити» инвестициялық банкінің (БАӘ) Африка, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропаның дамушы нарықтарындағы стратегия, жоспарлау және талдау жөніндегі өңірлік директоры.

2017-2020 жылдары – «Сити» инвестициялық банкінің Ресей, Украина және Қазақстан бойынша бас қаржы директоры.

«Сити» инвестициялық банкінің қаржы, басқару және талдау секторларында түрлі лауазымдарда 16 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа лауазымдары:**

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



## СОН
## Вячеслав Владимирович

Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі (16.02.2022ж. бастап).

Туылған күні:
1982 ж.
Азаматтық:
Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң университеті (ҚР), мамандығы: «Құқықтану».

Заманауи гуманитарлық университет (РФ), мамандығы: «Лингвистика».

Халықаралық бизнес университеті (ҚР), МВА бағдарламасы бойынша, мамандығы: «Қаржы және несие».

University of London (Ұлыбритания), құқық магистрі (LLM), мамандығы: «Коммерциялық және корпоративтік құқық».

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2017 жылғы қаңтардан бастап – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.

2013 жылдан 2016 жылға дейін – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры.

2012 жылдан 2013 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Казспецэкспорт» РМК Аппарат басшысы, Бас директорының орынбасары.

2011 жылдан 2012 жылға дейін – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры.

Түрлі лауазымдарда, соның ішінде қаржы саласында 22 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

### Басқа лауазымдары:

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*





## МУРЗАГАЛИЕВА
## Алия Ерболатқызы

Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі (19.10.2022ж. бастап).

Туылған күні:
1980 ж.
Азаматтық:
Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Басқару және құқық институты (ҚР), жоғары білікті заңгер.

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2019 жылдан бастап – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.

2018 жылдан 2019 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Жобалау басқармасы департаментінің директоры.

2017 жылдан 2018 жылға дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.

2012 жылдан 2017 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Экономика салаларын дамыту департаменті Директорының орынбасары.

Түрлі лауазымдарда, оның ішінде мемлекеттік қызметте 22 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



## КОЖАХМЕТОВ Куат Бакирович

Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның тәуелсіз директоры (19.10.2022ж. бастап).

Туылған күні:
1973 ж.
Азаматтық:
Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Қазақ Мемлекеттік басқару академиясы (ҚР), мамандығы: «Бизнес және менеджмент».

The University of Chicago Booth School of Business (АҚШ), іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA).

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2020 жылдан бастап – АХҚО басқарушысының бас консультанты.

2020 жылы – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Мемлекеттік сатып алу жөніндегі бірлескен басқарушысы.

2018 жылдан 2020 жылға дейін – «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС Бас директоры.

2015 жылдан 2018 жылға дейін – «Оптима Банк» ААҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (Қырғыз Республикасы).

2014 жылдан 2015 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары.

2011 жылдан 2014 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы.

2008 жылдан 2011 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Төрағасының орынбасары.

### Басқа лауазымдары:

«АХҚО әкімшілігі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Банк ЦентрКредит» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



## АБДУАЛИЕВ Асет Куандыкович

Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның тәуелсіз директоры (19.10.2022ж. бастап).

Туылған күні:
1984 ж.
Азаматтық:
Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті (ҚР), мамандығы: «Халықаралық құқық» .

University of Dundee (Шотландия), құқық магистрі (LLM).

Harvard University (АҚШ), мемлекеттік басқару магистрі (MPA).

Stanford University (АҚШ), жоғары бизнес мектебі.

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2021 жылдан бастап – TaskRabbit, Inc. Стратегия және даму жөніндегі басшысы, Сан-Франциско, АҚШ.

2019 жылдан 2021 жылға дейін – McKinsey & Company Аға консультанты.

2016 жылдан 2017 жылға дейін – «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2015 жылдан 2016 жылға дейін – «Алматы қаласындағы 2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы дайындау және өткізу дирекциясы» МҚ директоры

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*

## Директорлар кеңесінің құрылымы




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы, жас




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

## Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері

| Директорлар кеңесінің мүшелері |  Қ.Б. Шарлапаев |  В.В. Сон |  Мурзагалиева А.Е. |  К.Б. Кожахметов |  А.К. Абдуалиев |
|---|---|---|---|---|---|
| **Негізгі құзыреттері** | | | | | |
| Компания саласын білу | ● | ● | ● | ● | ● |
| **Айрықша дағдылары мен тәжірибесі** | | | | | |
| Қаржы | ● | ● | ● | ● | ● |
| Тәуекелдерді басқару және аудит | ● | ● | | ● | ● |
| Стратегияны әзірлеу және іске асыру | ● | ● | ● | ● | ● |
| Тұрақты даму | ● | ● | ● | ● | ● |
| **Басқару және құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесі** | | | | | |
| Корпоративтік басқару | ● | ● | ● | ● | ● |
| Саясат және реттеу жұмысындағы тәжірибе | ● | ● | | ● | ● |

2022 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері үшін тренингтер өткізілген жоқ.



## Директорлар кеңесінің құрамын айқындау

Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен сайлайды.

2022 жылы Компанияның Жалғыз акционері Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер жүргізді:

1. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 09 ақпандағы шешімімен (№ 08/22 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Айдар Әбдіразақұлы Арифхановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, оның орнына Компанияның Жалғыз акционерінің өкілі Қанат Бисимбайұлы Шарлапаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;
2. Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 ақпандағы шешімімен (№ 2 хаттама) Жалғыз акционерінің өкілі Қанат Бисимбайұлы Шарлапаев Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды;
3. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 16 ақпандағы шешімімен (№09/22 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Әнуар Сағыналиұлы Омарходжаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Компанияның Жалғыз акционерінің өкілі Сон Вячеслав Владимирович Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;
4. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 12 мамырдағы шешімімен (№21/22 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Рустам Мұратұлы Исаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
5. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№22/22 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Тимур Амантайұлы Жанкенің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Компанияның Жалғыз акционерінің өкілі Арман Нұржанұлы Шамшин Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және сандық құрамы 7 (жеті) адам болып белгіленді;
6. Арман Нұржанұлы Шамшиннің 2022 жылғы 01 шілдедегі н/ж хабарламасына және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 4-тармағына сәйкес Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Арман Нұржанұлы Шамшиннің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
7. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы 19 қазандағы шешіміне (№ 45/22 хаттама) сәйкес Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 (бес) адам, өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл болып белгіленді және Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімі бар Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланғандар:
   - ✓ Компанияның Жалғыз акционерінің өкілдері ретінде: Шарлапаев Қанат Бисимбайұлы, Сон Вячеслав Владимирович, Мурзагалиева Алия Ерболатқызы;
   - ✓ тәуелсіз директорлар ретінде: Кожахметов Куат Бакирович, Абдуалиев Асет Куандыкович;
8. Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 02 қарашадағы шешімімен (№10 хаттама) Жалғыз акционердің өкілі Шарлапаев Қанат Бисимбайұлы Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

## Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну рәсімі

Кандидаттарды іздеуді Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін Жалғыз акционердің құрылымдық бөлімшесі тәуелсіз директордың бекітілген өкілеттік мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 60 күн бұрын не оны іріктеу қажеттілігі туындаған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде тәуелсіз директор лауазымына кандидаттарды іздеу және іріктеу туралы ақпаратты Холдингтің және/немесе Компанияның сайтында кандидатқа қойылатын талаптармен орналастыру арқылы бастамашылық етеді.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында белгіленеді.

Тәуелсіз директор лауазымына сайлануға үміткерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

01 Конкурстық іріктеуге қатысуға кандидаттың өтініші

02 Кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі

03 Кандидат туралы мәліметтер

Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін Жалғыз акционердің құрылымдық бөлімшесі тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерден құжаттарды алу қорытындылары бойынша талаптарға сәйкес келетін кандидаттардың тізімін жасайды және адам ресурстарын басқаруға жауапты Жалғыз акционердің құрылымдық бөлімшесімен алдын ала келісе отырып, тәуелсіз директорды сайлау туралы мәселені белгіленген тәртіппен Холдинг Басқармасының қарауына шығарады.

Кандидаттарды іздеу үшін кадрларды іздеу және іріктеу жөніндегі ұйымдарды тартуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингтің ішкі құжаттарына қайшы келмейтін басқа да тәсілдер мен әдістер қолданылуы мүмкін.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан құралады.

Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері ескеріледі.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде:

1. басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
2. акционерлік қоғамдардағы Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
3. жұмыс өтілі;
4. халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
5. тиісті бағыттар мен салалар бойынша кемінде 2 жыл құзыретінің/басшылық тәжірибесінің болуы;
6. іскерлік бедел;
7. тікелей немесе әлеуетті мүдделер жанжалының болуы;
8. Директордың «Сертификатталған директор» кәсіби сертификатының болуы (тәуелсіз директорлар үшін) назарға алынады.

Бірде-бір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы керек.

Компанияның Директорлар кеңесіне кандидаттардың қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау тең болған жағдайда, гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету мақсатында Компания әйел кандидаттарға басымдық беруге ұмтылады.





## Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорлар мынадай критерийлерге сәйкес келеді:

- Компанияның үлестес тұлғалары болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған және Компанияның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды;
- Компанияның немесе Компания ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жоқ және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- Компания органдарының отырыстарында Жалғыз акционер өкілі болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;
- Компанияның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес тәуелсіз директорлыққа кандидаттар объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіретін Компаниямен, оны басқарумен немесе оның меншігімен қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан еркін болып, Жалғыз акционердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалына ұшырамайтын тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилік пен дербестікке ие болуы тиіс.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің жанында мынадай үш комитет жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті.
- Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті.
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті.

**Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті** Компанияның орта және ұзақ мерзімді перспективада қызметінің тиімділігін арттыруға, оның рентабельді қызметі мен тұрақты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, қызметтің басым бағыттары (даму), стратегиялық мақсаттар (даму стратегиясы), корпоративтік даму мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің құрамы:

| Комитет төрағасы | Комитет мүшелері |
|---|---|
| Абдуалиев Асет Куандыкович | – Кожахметов Куат Бакирович<br>– Мурзагалиева Алия Ерболатқызы |

**Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті** Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитеттің қызметі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) белгілеу, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу, сыртқы және ішкі аудиттің және Комплаенс-бақылау қызметінің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдар дайындау, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесіне қызметтің басым бағыттарын (даму) әзірлеу және Компанияда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің құрамы:

| Комитет төрағасы | Комитет мүшелері |
|---|---|
| Кожахметов Куат Бакирович | – Абдуалиев Асет Куандыкович<br>– Сон Вячеслав Владимирович |

**Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті** Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады, Директорлар кеңесінің кадрлық саясат, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторингтеу, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің, Компанияның Басқарма мүшелерінің қызметін тұтастай және жеке бағалау, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылған.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамы:

| Комитет төрағасы | Комитет мүшелері |
|---|---|
| Абдуалиев Асет Куандыкович | – Кожахметов Куат Бакирович<br>– Сон Вячеслав Владимирович |

## Директорлар кеңесінің қызметі

### Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізу рәсімі

Директорлар кеңесі алдыңғы жылға арналған отырыстарды өткізу кестесімен жыл сайын өз жұмысының жоспарын жасайды. Директорлар кеңесінің отырыстары тұрақты түрде, бірақ жылына кемінде 6 рет өткізілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасына отырыстың ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап қойылады. Бұл ретте күн тәртібінің жобасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жалғыз акционердің жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесімен алдын ала келісіледі.

Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды түпкілікті қалыптастыруды корпоративтік хатшы жүзеге асырады. Отырыстың күн тәртібін қоспағанда, материалдарды Компанияның мүдделі құрылымдық бөлімшелері корпоративтік хатшыға отырыс өткізудің болжамды күніне дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады. Көрсетілген мерзімде қажетті материалдар ұсынылмаған және (немесе) олар тиісінше ұсынылмаған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы құрамының 2/3 (үштен екісі) қатысатын Директорлар кеңесінің кез келген отырысы барысында, егер оларды күн тәртібіне енгізу үшін Директорлар кеңесінің барлық қатысып отырған мүшелері дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін.

2022 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы (6 бетпе-бет және 8 сырттай) өткізіліп, 115 мәселе қаралды.

### Директорлар кеңесі 2022 жылы қараған негізгі мәселелер

**1 Инвестициялар саласында:**

- Компанияның инвестициялау және қарыз алу саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Компанияның облигацияларын айналысқа шығару, қызмет көрсету және өтеу қағидаларына өзгеріс бекітілді.

**2 Тәуекелдерді басқару саласында:**

- тәуекелдер тіркелімі, Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары және Компанияның 2022 жылға және 2023 жылға арналған тәуекелдер картасы бекітілді;
- Компанияның 2022 жылға және 2023 жылға арналған бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасы бекітілді;
- Компанияның 2022 жылға және 2023 жылға арналған тәуекелдерінің негізгі индикаторлары бекітілді;
- Компанияның 2022 жылға және 2023 жылға арналған тәбет тәуекелі компоненттері бойынша нысаналы деңгейлер мен лимиттер бекітілді;
- Компанияның контрагенттерімен белсенді операцияларға лимиттер белгілеу әдістемесіне өзгерістер бекітілді;
- Компанияның тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептер бекітілді;
- Компанияның Комплаенс-тәуекелді басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Компаниядағы комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер бекітілді;
- Компанияның тәуекелдерді басқару саясатына өзгеріс бекітілді;
- Компанияның комплаенс-тәуекелдер картасы мен тіркелімі бекітілді.

**3 Ішкі бақылау саласында:**

- ІАҚ қызметі туралы тоқсан сайынғы есептер бекітілді;
- Компанияның ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізу әдістемесіне өзгерістер бекітілді;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің жұмысын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есеп бекітілді.

**4 Жоспарлау және есеп беру саласында:**

- Компанияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі, есепті қаржы жылындағы таза табысты бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2021 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау тәртібі алдын ала бекітілді;
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның 2021-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі есеп бекітілді;
- Компанияның 2021 жыл бойынша Жылдық есебі алдын ала мақұлданды.

**5 Өзге де негізгі мәселелер:**

- Компанияның Тұрақты даму саясаты бекітілді;
- Компанияның коммерциялық, қызметтік құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғау қағидалары бекітілді;
- Компанияның Ақпараттық қауіпсіздік саясаты бекітілді;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге толықтырулар мен өзгерістер бекітілді;
- Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы мәселе мақұлданды және Компанияның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылды;
- Компанияның омбудсмені тағайындалды;
- Компанияның 2021-2023 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне өзгерісті бекіту туралы мәселе мақұлданды және Компанияның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылды;
- Компания Басқармасының сандық құрамы айқындалды;
- Компаниямен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелердің үлгілік талаптары бекітілді;
- Компанияның жаңа редакциядағы даму жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және оның орындалуына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді.

## Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу көрсеткіші

| Директорлар кеңесінің мүшесі | ДК мүшесінің өкілеттіктерін орындау кезеңі | Өткізілген ДК отырыстарының саны | ДК отырыстарына қатысқандар саны | Қатысудың қорытынды коэффициенті |
|---|---|---|---|---|
| А.А. Арифханов | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 09 ақпанға дейін | 14 | 1 | |
| А.С. Омарходжаев | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 16 ақпанға дейін | 14 | 1 | |
| Т.А. Жанке | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 12 мамырға дейін | 14 | 3 | |
| А.Р. Елемесов | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 14 | 9 | |
| Yap Chin Beng | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 14 | 9 | |
| Е.М. Аукенов | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 14 | 9 | |
| Д.С. Суентаев | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 14 | 9 | |
| Қ.Б. Шарлапаев | 2022 жылғы 09 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 14 | 13 | 100% |
| В.В. Сон | 2022 жылғы 16 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 14 | 12 | |
| Р.М. Исаев | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 12 мамырға дейін | 14 | 4 | |
| А.Н. Шамшин | 2022 жылғы 20 мамырдан 2022 жылғы 01 шілдеге дейін | 14 | 2 | |
| А.Е. Мурзагалиева | 2022 жылғы 19 қазаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 14 | 5 | |
| К.Б. Кожахметов | 2022 жылғы 19 қазаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 14 | 5 | |
| А.К. Абдуалиев | 2022 жылғы 19 қазаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 14 | 5 | |

## Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі

Директорлар кеңесі комитеттерінің 18 отырысы (Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің 6 отырысы, Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің 7 отырысы және Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің 5 отырысы) өткізілді. 97 мәселе қаралды.

### Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысу көрсеткіші

| Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі | ДК комитеті мүшесінің өкілеттіктерін орындау кезеңі | Өткізілген ДК комитеттері отырыстарының саны | ДК комитеттерінің отырыстарына қатысқандар саны | Қатысудың қорытынды коэффициенті |
|---|---|---|---|---|
| А.Р. Елемесов | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 18 | 14 | 100% |
| Yap Chin Beng | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 18 | 14 | |
| Е.М. Аукенов | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 18 | 14 | |
| Д.С. Суентаев | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 08 қыркүйекке дейін | 18 | 14 | |
| А.С. Омарходжаев | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 16 ақпанға дейін | 18 | - | |
| Т.А. Жанке | 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 12 мамырға дейін | 18 | 3 | |
| В.В. Сон | 2022 жылғы 25 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 18 | 7 | |
| А.Н. Шамшин | 2022 жылғы 09 маусымнан 2022 жылғы 01 шілдеге дейін | 18 | - | |
| А.Е. Мурзагалиева | 2022 жылғы 02 қарашадан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 18 | 1 | |
| К.Б. Кожахметов | 2022 жылғы 02 қарашадан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 18 | 4 | |
| А.К. Абдуалиев | 2022 жылғы 02 қарашадан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 18 | 4 | |

## Директорлар кеңесін бағалау

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу тәртібі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен (№55/18 хаттама) бекітілген Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған. Осы Ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің, оның мүшелерінің, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау олардың жұмысын бағалау үшін сауалнамалар негізінде не тәуелсіз консультанттарды, кәсіптік қауымдастықтарды және корпоративтік басқару рейтингтерін беретін ұйымдарды тарта отырып, өз күштерімен жүргізіледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы шешімінің (№1 хаттама) 2-тармағына сәйкес Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің 2021 жылғы қызметіне 2022 жылғы 01 маусымға дейінгі мерзімде мынадай талаптарда бағалау жүргізу қажет болды:

1) бағалау түрлері:

– өз жұмысын бағалау;

– Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау.

2) бағалау әдісі: Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз күштерімен.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысына бағалау жүргізілген жоқ.

## Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы құрылымы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен Компанияның қолданыстағы саясатында Жалғыз акционер мен Басқарма өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу көзделмеген.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу мынадай нысанда жүзеге асырылады:

– жылдық тиянақталған сыйақы;

– Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төлеу.

Тәуелсіз директорлардың 2022 жылғы сыйақы сомасы 34,2 млн теңгені құрады (салықтар мен басқа да міндетті аударымдар шегерілгенге дейін).

Сондай-ақ тәуелсіз директорларға тұрғылықты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру ақысы, тұру ақысы) өтеледі.

## Корпоративтік хатшының қызметі туралы ақпарат

2022 жылы Компанияның Корпоративтік хатшысының қызметі негізінен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыру және Комитеттердің алдын ала қарауына және Директорлар кеңесінің кейіннен қарауына (бекітуіне) шығару болды.

Жалпы алғанда, 2022 жылы Компанияның Корпоративтік хатшысының жұмысы толық көлемде – Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген, комитеттердің, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Жалғыз акционердің, Басқарманың, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын толық қамтамасыз етуге және сапалы өзара іс-қимылына бағытталған функцияларға сәйкес жүзеге асырылды.

## Компанияның корпоративтік басқаруын тәуелсіз бағалау және корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту

2022 жылы корпоративтік басқаруға бағалау жүргізілген жоқ. 2023 жылға сыртқы бағалаушылардың күшімен корпоративтік басқаруға бағалау жүргізу жоспарланған.

# БАСҚАРМА

Басқарма Компанияның атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Директорлар кеңесіне, сондай-ақ Жалғыз акционерге есеп береді және Компанияның жедел қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Даму стратегиясын, даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компания Жарғысында Компанияның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма отырыстары тұрақты түрде өткізіледі, сондай-ақ қажет болған жағдайда шешімдер Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы қабылданады. Әрбір мәселені қарау кезінде шешім қабылдауға/қабылдамауға байланысты тәуекелдер және олардың Компания қызметінің табыстылығына әсері жеке талқыланады. Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді Компания Жарғысына сәйкес Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды.

2022 жылы Басқарманың 136 бетпе-бет және 0 сырттай отырысы өткізілді, онда 630 мәселе қаралды, оның ішінде 4 мәселе мынадай мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы:

## Мүдделілігі бар мәмілелер

1. «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы, «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы және «Цифрлық техника және технологиялар институты» акционерлік қоғамы арасында деректерді беру жөнінде келісім жасасу (Басқарманың 2022 жылғы 17 наурыздағы №22 шешімі) жолымен мүдделілігі бар мәміле жасасу туралы мәселені мақұлдау және «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы. Кейін бұл мәміле Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 12-13 мамырдағы шешімімен (№5 хаттама) жасалды.
2. «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы және «Bereke Bank» акционерлік қоғамы арасында өзара іс-қимыл туралы келісім жасасу (Басқарманың 2022 жылғы 15 қарашадағы №117 шешімі) жолымен мүдделілігі бар мәміле жасасу туралы мәселені мақұлдау және «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы. Кейін бұл мәміле Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 08 желтоқсандағы шешімімен (№13 хаттама) жасалды.
3. «Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамының (қазір – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы) Директорлар кеңесінің мүдделілігі бар мәмілелер жасасу жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу (Басқарманың 2022 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі, №134 ДСП) туралы мәселені мақұлдау және «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы. Кейін бұл мәміле Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен (№1 хаттама) жасалды.
4. «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар мәмілені «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамымен жасасу (Басқарманың 2022 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі, №134 ДСП) туралы мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Активтер мен пассивтерді басқару комитетінің және «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы.

Кейін бұл мәміле Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен (№1 хаттама) жасалды.



КАЗАКСТАН ТҰРҒЫН ҮЙ КОМПАНИЯСЫ

# БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Басқармасының құрамына төрт адам кірді.



## КУЗДИБАЕВ Алтай Шоканович

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының м.а. (12.05.2022ж. бастап)

Туылған күні: 1985 ж.

Азаматтық: Қазақстан Республикасы

*Компанияға жалпы басшылықты, Талдау және стратегия департаментінің, Қаржылық жоспарлау және қазынашылық департаментінің, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар департаментінің, Бизнес-процестер және цифрлық даму департаментінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.*

### Білімі:

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ), мамандығы: «Халықаралық экономика».

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ), менеджмент магистрі.

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2022 жылғы мамырдан бастап «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарады.

2020 жылғы тамыздан бастап – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2015 жылғы қаңтардан бастап – «Бәйтерек девелопмент» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2013 жылы «Бәйтерек девелопмент» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2012 жылдан 2013 жылға дейін – «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2009 жылдан 2012 жылға дейін – «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС Қаржылық жоспарлау және қызметтерді дамыту бөлімінің бастығы.

2008 жылдан 2009 жылға дейін – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Халықаралық еншілес ұйымдарды дамыту департаментінің бас маманы.

### Басқа лауазымдары:

жоқ.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



*Тәуекел-менеджмент департаментінің, Жылжымайтын мүлікті басқару департаментінің, Жеке тұлғалармен жұмыс департаментінің қызметін үйлестіреді.*

## ИСАЕВ
## Рустам Муратович

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары (16.05.2022ж. бастап)

Туылған күні: 1975 ж.
Азаматтық: Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Докуз Ейлюль университеті (Түркия), мамандығы: «Қоғамдық қаржы».

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2022 жылғы мамырдан бастап – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2021 жылғы маусымнан 2022 жылғы мамырға дейін – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы.

2016 жылғы қыркүйек пен 2021 жылғы маусым аралығында «ҚазАвтоЖол» АҚ-да басшылық лауазымдарын атқарды.

«ҚазМұнайГаз» АҚ-да түрлі лауазымдарда, «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ еншілес ұйымының атқарушы директоры болып жұмыс істеді.

Қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі 20 жылдан асады. Жеке секторда жұмыс тәжірибесі бар.

### Басқа лауазымдары:

жоқ.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



*Тұрғын үй бағдарламалары департаментінің, Заңды тұлғалармен жұмыс департаментінің, Ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаментінің қызметін үйлестіреді.*

## САЛЫКОВ
## Олжас Жандосович

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары (20.10.2022ж. бастап)

Туылған күні: 1990 ж.
Азаматтық: Қазақстан Республикасы

### Білімі:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ҚР), халықаралық қатынастар факультеті.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ҚР), қаржы магистрі.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ), іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA).

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2021 жылғы қазаннан бастап – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2019 жылдан 2021 жылғы қазанға дейін – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2016 жылдан 2021 жылғы қазанға дейін – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Тұрғын үй-құрылыс активтерін басқару департаментінің директоры.

Әртүрлі уақытта «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да түрлі лауазымдарды, соның ішінде басшылық лауазымдарын атқарды, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ Жобаларды талдау және мониторингтеу орталығының, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының Парламентаралық байланыстар және халықаралық ынтымақтастық департаментінің қызметкері болды.

### Басқа лауазымдары:

«Қаржы академиясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



## ЖОЛДАСБАЕВ Олжас Сансызбаевич

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары (01.03.2022ж. бастап)

Туылған күні: 1984 ж.
Азаматтық: Қазақстан Республикасы

*Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің, Қызметті қамтамасыз ету департаментінің, Техникалық сараптама және мониторинг департаментінің, Адам ресурстарын басқару департаментінің қызметін үйлестіреді.*

### Білімі:

Еуразия ұлттық университеті (ҚР), қаржы және несие бакалавры.

Корея даму институты (KDI) (Оңтүстік Корея), қаржы және мемлекеттік саясат магистрі.

Лондон экономика мектебі (LSE) (Ұлыбритания), мемлекеттік менеджмент магистрі (ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты).

### Еңбек жолы туралы мәліметтер:

2022 жылғы наурыздан бастап – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2019 жылдан 2022 жылға дейін – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының кеңесшісі.

2018 жылдан 2019 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Индустриялық-инновациялық даму бөлімінің бас консультанты.

2016 жылдан 2017 жылға дейін – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Мемлекеттік басқару және аумақтық даму директоратының зерттеу жобасының қатысушысы (Франция).

2014 жылдан 2018 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Президенті Хаттамасының инспекторы.

2012 жылдан 2014 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту комитеті Төрағасының орынбасары.

2004-2007 жылдары ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде түрлі лауазымдарды, соның ішінде басшылық лауазымдарын атқарды.

### Басқа лауазымдары:

жоқ.

*«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие емес, сондай-ақ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*



### 2022 жылы Басқарма құрамында орын алған өзгерістер

2022 жылы Басқарманың келесі мүшелерінің өкілеттіктері тоқтатылды – Сагимкулова Белла Дон-Ировна, Шабдарбаев Алмас Тынышбаевич, Жарлыкапов Дулат Алмасович, Мендыбаев Максат Бахытович.

### Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты

Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мынадай бөлімдерден тұрады:

- лауазымдық жалақы
- мемлекеттік мерекелерге орай төленетін сыйлықақылар
- есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша төленетін сыйақы

2022 жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы сомасы 214,3 млн теңгені құрады (салықтар мен басқа да міндетті аударымдар шегерілгенге дейін).

# ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асырады, Компанияның қызметін жетілдіруге және Компанияны басқару тиімділігін арттыруға, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін арттыруға бағытталған тәуелсіз ақылға қонымды кепілдіктер мен консультациялар береді.

ІАҚ басшысы мен қызметкерлері Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің ұсынысы (ұсынымы) бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және атқаратын қызметінен босатылады. ІАҚ қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылы ІАҚ бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес аудиторлық тапсырмаларды орындады. Барлық ұсынымдар маңыздылығы бойынша бағаланды, оларды орындау үшін қажетті шаралар ұсынылды және оларды іске асыруға жауапты тұлғалар тағайындалды.

**2022 жылы аудитпен келесі объектілер (бизнес-процестер, жүйелер, рәсімдер және т.б.) қамтылды:**

- әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтау процесі;
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттарына сәйкес Компанияның Жылдық есебін әзірлеу процесі;
- ипотекалық кредиттеу нарығына шолуды дайындау процесі;
- Компанияның Даму стратегиясын іске асыру және мониторингілеу процесі;
- Басқарманың нақты ПӘК мәндерінің дұрыстығы;
- жалдау және ипотека бойынша қарыздарға қызмет көрсету процесі;
- тікелей кредиттеу процесі (Орда);
- Компанияның барлық ипотекалық бағыттары бойынша төлемдерді қабылдау және өңдеу процесі;
- қазынашылық операцияларды басқару процесі, БҚ және басқа қаржы құралдарымен операцияларды бухгалтерлік есепке алу рәсімдері;
- ЕДБ-нің ипотекалық қарыздары бойынша талап ету құқықтарын алу рәсімі;
- қаржылық тәуекелдердің алдын алу немесе азайту процесі;

- инвестициялық жобаларды мониторингілеу процесі;
- комплаенс-тәуекелдердің алдын алу және азайту процесі;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін бағалау;
- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне серіктес банктер берген қарыздарды субсидиялау процесі;
- ТМҚ, НҚ және МЕА сатып алу процесі және есепке алу тәртібі;
- инвестициялық жобаларды қаржыландыру процесі.

Сонымен қатар, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына және ІАҚ-ның 2022 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын қолдана отырып және Директорлар кеңесі бекіткен әдістемелерге сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі мен ішкі бақылаудың тиімділігіне бағалау жүргізілді.

Жүргізілген бағалауға сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) тиімділігінің барлық компоненттерінің жиынтық көрсеткішінің үздік практика талаптарына сәйкестігі 89% құрайды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

ТБЖ тиімділігін бағалау әдістемесі негізінде ТБЖ тиімділігін бағалаудың жалпы балы (<90%) бойынша Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік деңгейі «Жетілген» деп сыныпталады - ТБЖ негізгі элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және ТБЖ айтарлықтай тиімді болып табылады. Тәуекелдерді басқарудың ресімделген жүйесі бар, заңнама/ішкі құжаттар талаптарынан асып түсетін рәсімдер енгізілді. Тәуекелдерді басқару процесін шектеулі үйлестіру жүзеге асырылады.

Жүргізілген бағалауға сәйкес, ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің (бұдан әрі – ІБЖ) барлық компоненттерінің жиынтық көрсеткішінің үздік практика талаптарына сәйкестігі 83% құрайды. ІБЖ тиімділігін бағалау ішкі нормативтік құжаттарда бекітілген бақылау рәсімдерінің болуы және олардың іс жүзінде орындалуы тұрғысынан жүзеге асырылды, сондай-ақ 2022 жылы ІАҚ жүргізген аудиторлық тексерулер бойынша ІБЖ бағалау нәтижелері пайдаланылды.



Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау




*Дереккөз: «ҚТК» АҚ*

ІБЖ тиімділігін бағалау әдістемесі негізінде ІБЖ тиімділігін бағалаудың жалпы балы (<90%) бойынша Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділік деңгейі «Жетілген» деп сыныпталады – ІБЖ негізгі элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді. Ішкі бақылаудың ресімделген жүйесі және бақылау рәсімдерін орындау үшін қызметкерлердің жауапкершілік тетігі бар. Автоматтандырылған бақылау қолданылады, бірақ барлық процестерде емес.

2022 жылы Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша 117 жағдай анықталды, олар бойынша 189 тиісті ұсынымдар, оның ішінде «А» санатындағы 32 ұсыным, «В» санатындағы 88 ұсыным және «С» санатындағы 69 ұсыным берілді. Барлық ұсынылған ұсынымдар бойынша Компания Басқармасы/Директорлар кеңесі (жекелеген аудиторлық тапсырмалар бойынша) бекіткен түзету және алдын алу іс-қимылдарының жоспарлары жасалды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 77 іс-шара бойынша орындау мерзімі 2023 жылы басталады.

Ішкі және сыртқы аудиттер ұсынымдарының орындалуына мониторингті ІАҚ тоқсан сайынғы негізде мониторинг нәтижелерін Басқарма мен Директорлар кеңесіне ұсына отырып жүзеге асырады.

Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, бес жылда кемінде бір рет ІАҚ қызметіне сыртқы бағалау жүргізілуі тиіс. Осыған сәйкес, 2022 жылы ІАҚ-ға сыртқы бағалау жүргізілді. ІАҚ қызметіне жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Ішкі аудиторлар институты (бұдан әрі – ІАИ) әзірлеген «Quality Assesment Manual» әдіснамасына сәйкес ІАҚ қызметі мынадай төрт сегмент бөлінісінде талданды: ішкі аудитті ұйымдастырудың сәйкестігі 92% құрады, ішкі аудит персоналының сәйкестігі - 96%, ішкі аудитті басқарудың сәйкестігі - 94% және ішкі аудит процестерінің сәйкестігі - 94%.

ІАҚ қызметінің ішкі аудит анықтамасына және ІАИ Әдеп кодексіне, сондай-ақ Стандарт талаптарына сәйкестігі 94% құрады (96 критерийлер сәйкес келеді, 7 ішінара сәйкес келеді, 3 сәйкес келмейді, 2 қолданылмайды).

2016 жылы ІАИ халықаралық стандарттарына және үздік тәжірибеге сәйкестіктің қорытынды нәтижесі 65% құрады (58 критерийлер сәйкес келеді, 13 ішінара сәйкес келеді, 32 сәйкес келмейді). 2016 жылмен салыстырғанда ІАИ халықаралық стандарттарына және үздік тәжірибеге сәйкестіктің артуы 29% құрады.

ІАҚ қызметін бағалау қорытындысы бойынша алдағы уақытта Компанияның ІАҚ қызметін жетілдіру мақсатында «КПМГ Аудит» ЖШС-нің барлық ұсынымдарын қамтитын Жоспар әзірленді.

## СЫРТҚЫ АУДИТ

Компания 2015, 2019 және 2021 жылдары қаржылық есептілік аудитін жүргізу мақсатында «КПМГ Аудит» ЖШС-мен 2015-2018 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу туралы шарт, 2019-2021 жылдарға арналған қаржылық тексерістерді (қаржылық есептілік аудитін) жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу туралы шарт және сатып алу рәсімдерінің қорытындылары бойынша 2022-2023 жылдарға арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасты.

Компанияның Сыртқы аудитін тарту саясатына сәйкес:

1. осы аудитті жүзеге асыратын сыртқы аудитор немесе оның қызметкерлері Компанияның кредиторлары болып табылатын;
2. сыртқы аудитор соңғы үш жылда Компанияның бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау жөніндегі қызметінің бейіні бойынша қызметтер көрсеткен;
3. сыртқы аудитордың орындаушылары Компаниямен, сондай-ақ Жалғыз акционермен еңбек қатынастарында тұрады немесе оның лауазымды тұлғаларының жақын туыстары немесе жекжаттары болып табылатын;
4. сыртқы аудитор орындаушыларының Компанияда жеке мүліктік мүдделері болған;
5. аудит жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, сыртқы аудитордың Компания алдында немесе Компанияның оның алдында ақшалай міндеттемелері болған;
6. жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, Компания мен сыртқы аудитор арасында мүдделер жанжалы туындаған немесе мұндай жанжалдың туындау қаупі болған;
7. сыртқы аудитормен соңғы үш жылда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалған жағдайларда аудит жүргізуге тыйым салынады.

Бұдан басқа, қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді алу кезінде Компания:

- бұрын осы сыртқы аудитордан алынған қызметтердің сипаты;
- қаржылық есептілікпен қамтылған кезең ішінде немесе одан кейін осы сыртқы аудитормен қаржылық немесе іскерлік қатынастар салдарынан сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне төнетін қатерлердің туындау ықтималдығын қарастыруы тиіс.

Компания сыртқы аудитор үшін өзін-өзі бақылау қатерін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге жеткізу үшін шаралар қабылдамаған немесе қабылдай алмаған жағдайда, Компания осындай сыртқы аудитор тарапынан қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер ала алмайды.

Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын сыртқы аудитордан алынатын қызметтердің мынадай түрлері бойынша оның тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер жанжалы туындауы мүмкін:

1) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау бойынша көрсетілетін қызметтер. Мұндай сыртқы аудитордың пайымдау дербестігін бұзуына байланысты Компанияның сыртқы аудитор тарапынан бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуына және (немесе) алуына жол берілмейді;
2) ішкі аудит қызметтері;
3) салық салу саласындағы қызметтер;
4) ақпараттық қызметтер;
5) заң қызметтері.

Егер Компанияның міндетті аудитіне сыртқы аудитордың қызметкері ретінде қатысатын немесе Компанияның міндетті аудитіне сыртқы аудитордың қызметкері ретінде қатысқан тұлғаны Басқарма мүшесінің лауазымына, басшылық лауазымдарына немесе Компанияның қаржылық есептілігін дайындау процесіне едәуір әсер етуі мүмкін лауазымға тағайындау (сайлау) болжанып, ол Компанияға тағайындалған (сайланған) күннің алдындағы екі жыл ішінде ондай тұлға болса, мүдделер жанжалын болдырмау мақсатында оны тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін болжамды кандидат бойынша Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

Компанияның Сыртқы аудитор тарту саясатына сәйкес серіктестерді, аға персоналды және Компанияның қаржылық есептілігінің аудитіне жауапты аудиторлар құрамын ротациялау бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

> **2022 жылы** «ҚТК» АҚ-мен жасалған шарт бойынша **аудитордың сыйақысы** **79,2 млн теңгені** құрады.

## ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

Компанияда Іскерлік әдеп кодексі қолданылады, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына, оның ішінде Холдингтің Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес, сондай-ақ іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған әлемдік стандарттарын ескере отырып әзірленді.

Іскерлік әдеп кодексінің ережелері Компанияның миссиясы мен құндылықтарын ескере отырып әзірленген.

Кодекс – Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын корпоративтік (іскерлік) әдептің негізгі құндылықтары мен қағидаттарын белгілейтін ережелер жиынтығы. Онымен танысу және оны орындау лауазымына қарамастан Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

**Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес Компания:**

- Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Жалғыз акционердің шешімдерін, сондай-ақ Компанияның қызметіне қатысты өзге де құжаттардың талаптарын сақтайды;
- шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сенім-нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді;
- оның мүдделі тұлғалармен барлық қарым-қатынасы өзара тиімді болуын қамтамасыз етуге тырысады;
- оқыту және кәсіби даму бағдарламаларына сәйкес өздігінен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін тең жағдайлар жасайды;
- қызметкерлерге біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігі мен сапасына, қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау нәтижелеріне байланысты еңбегі үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз етеді;
- заңнамаға сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сондай-ақ қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген шектерде құпия ақпаратты жария етпеуді қамтамасыз етеді;

- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы ашық және сенімді диалогқа жағдай жасайды;
- іске асырылуы Компания үшін оң әсер ететін қызметкерлердің бастамашыл идеялары мен ұсыныстарын бағалайды және көтермелейді;
- Компанияның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің барлығына тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, оларға заңды негізден өзгеше қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді;
- осы процестің кез келген кезеңінде, лауазымды адамнан шешім қабылдайтын кез келген қызметкерге дейін мүдделер жанжалының туындауына жол бермейтін шешімдер қабылдауға жауапты.

Іскерлік әдеп кодексінің ережелерінің сақталуын тексеру үшін Компанияда омбудсмен институты енгізілді. Омбудсмен – Компанияның Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі оған жүгінген Компания қызметкерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылады.

## МҮДДЕЛЕР ЖАНЖАЛЫН ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ЖАНЖАЛДАРДЫ БАСҚАРУ

Мүдделер жанжалын болдырмау Жалғыз акционердің, Компанияның, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер жанжалына жол бермейтін ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты.

**Мүдделер жанжалын болдырмау мақсатында Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:**

- мүдделер жанжалын немесе осындай жанжалдың көрінісін тудыруы мүмкін кез келген әрекеттер мен қарым-қатынастардан аулақ болуға;
- жақын туыстары басқаратын немесе иелік ететін заңды тұлғаларға артықшылықтар беруден бас тартуға;
- Компаниямен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда немесе Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өзге де мәселелерге байланысты кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлауға;
- басқа ұйымдарда жұмыс істегені және/немесе лауазымға орналасқаны туралы, тұрақты (негізгі) жұмыс орнының (қызметтің, кәсіпкерлік қызметтің және т.б.) өзгергені туралы уақтылы хабардар етуге;
- Холдинг тобына кірмейтін бөгде ұйымда жұмыс істеуге немесе лауазымға орналасуға өз келісімін бермес бұрын Директорлар кеңесінің/Басқарманың/Басқарма төрағасының құзыретіне сәйкес белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат алуға;
- шешуге мүдделілік бар мәселелер бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспауға;
- Компанияның ресурстарын, зияткерлік меншігін, жабдықтарын және байланысын (корпоративтік пошта мен компьютерлік бағдарламаларды қоса алғанда) жеке мақсатта пайдаланбауға;
- егер қызметкер шешімнің дұрыс екеніне сенімді болмаса, тікелей басшылықпен кеңесуге міндетті.

Мүдделер жанжалы туындаған жағдайда Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері туындаған мүдделер жанжалы немесе оның туындау ықтималдығы туралы өзінің тікелей басшысын немесе Компания басшылығын бұл туралы оларға белгілі болған сәтте жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.





Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда қатысушылар Жалғыз акционердің құқықтарын да, Компанияның іскерлік беделін де тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді. Корпоративтік жанжалды реттеу процесінде Компания органдарының негізгі міндеті заңды және негізделген бола отырып, Компанияның мүдделеріне жауап беретін шешімді табу болып табылады.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Жай акциялар бойынша дивидендтердің мөлшері және оларды Компания акционерлеріне төлеу тәртібі туралы шешімді Директорлар кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып Жалғыз акционер қабылдайды.

2022 жылы **таза пайда** 44 679 698 мың теңгені құрады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібіне сәйкес кезең үшін төлеуге жататын дивидендтердің нысаналы мөлшері кезең ішіндегі таза пайданың кемінде 70% құрауы тиіс. Осыған байланысты Жалғыз акционерге төлеу жоспарланып отырған дивидендтер сомасы 31 275 846 мың теңгені құрайды (2022 жылдың нәтижелері бойынша таза пайданың 70%-ы). 13 403 852 мың теңге мөлшеріндегі қалған бөлігін Компанияның иелігінде қалдыру жоспарланып отыр. Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер 1 773,91 теңгені құрайды.

2022 жылы Компания 2021 жылдың нәтижелері бойынша **3 622 293 мың теңге** немесе жай акция үшін **205,45 теңге** сомасына дивидендтер жариялады және төледі.

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акционерлік капиталы 190 847 154 313 теңгені құрады:

1. Жарияланған жай акциялар саны – 22 000 000 дана.
2. Орналастырылған және төленген жай акциялар саны – 17 881 022 дана.
3. Жарияланған, бірақ орналастырылмаған жай акциялар саны – 4 118 978 дана.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ




## ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын Компанияның ұйымдық құрылымын Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, Ішкі аудит қызметі және өзге де құрылымдық бөлімшелер ұсынады.

Компания тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінде тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің моделі шеңберінде Холдингпен бірыңғай стандартты ұстанады. Модель тәуекелдің жекелеген түрлерін (операциялық, валюталық, пайыздық, несиелік, өтімділік тәуекелі, бизнес тәуекелі, жылжымайтын мүлік тәуекелі) бағалауды, сондай-ақ оларды агрегациялауды және қалыпты стресстік жағдайларда есептелген тәуекелдердің агрегацияланған мөлшерін өтеу үшін қолжетімді қаржы ресурстарының (ҚҚР) жеткіліктілігін бағалауды қамтиды.

Компанияның ішкі капиталын және ҚҚР бағалауды кейіннен басқару есептілігі жүйесіне енгізе отырып, Тәуекел-менеджмент департаменті жүзеге асырады.

2022 жылы Компания құрылымының және құрылымдық бөлімшелердің функционалдық міндеттерінің және тәуекелдерді азайту үшін жүргізілетін іс-шаралардың өзгеруіне байланысты Компанияның стратегиялық мақсаттарына және негізгі бизнес-процестерге баса назар аударуға сәйкес бизнес-процестер матрицасы, тәуекелдер және бақылаулар тіркелімі мен картасы өзектендірілді.

### Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі 4 блоктан тұрады:

1. жекелеген тәуекел түрлерін басқару және бағалау
2. қалыпты және стресстік жағдайларды ескере отырып тәуекелдердің жиынтық шамасы
3. капиталдың жеткіліктілігі
4. тәуекел-тәбет

Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі бастапқыда шашыраңқы болып табылатын Компанияның барлық тәуекелдерін бағалау қажеттілігіне байланысты ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген. Компанияның әрбір тәуекел түрі бойынша ішкі капиталды есептеу және оны Компанияның барлық тәуекелдерін өтеуге арналған Компанияның қолда бар қаржы ресурстарымен салыстыру үшін одан әрі агрегациялау мақсатында оның сандық бағалауы жүргізіледі. Тәуекелдің әрбір түрін бағалау Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ішкі капитал қалыпты және стресстік жағдайларда есептелетін тәуекелдердің келесі түрлерін ескереді: кредиттік тәуекел, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес тәуекелі, жылжымайтын мүлік тәуекелі. Көрсетілген барлық тәуекелдер Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады және бағаланады. Қызметке тән тәуекелдердің бір бөлігі Компанияның тәуекелдер картасында көрініс табады.

Бизнес-процестер мен қызмет бағыттарын ескере отырып, Компанияның тәуекелдер тіркелімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасау (жаңарту) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің міндетті талабы болып табылады.

Тәуекел иелері тәуекел-менеджмент құралы сияқты тәуекелдің негізгі индикаторларын (ТНИ) айқындайды, оның көмегімен сараптамалық жолмен таңдалған тәуекелдің туындау себептері бойынша шектеулерді қолдана отырып, құрылымдық бөлімше болашақта тәуекелді азайту бойынша шаралар қабылдау үшін тәуекел иесіне хабарлауды жүзеге асырады. ТНИ құралы тәуекелге ұшырау себептерін бақылау және болжау үшін де қолданылады.

Тәуекел-тәбетті анықтауға арналған компоненттер:

1. капиталдың жеткіліктілігі
2. кірістілік
3. өтімділік
4. шоғырлану тәуекелі болып табылады

Директорлар кеңесі тәуекел-тәбеттің Компания стратегиясына, бизнес-ортаға және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оны жыл сайын қарайды және бекітеді.

## НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде пайда болады, бұл Компанияның өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы бағамен жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілуіне әсер етеді. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері мен пайыздық мөлшерлемелердің сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі қаржы институттарын басқаруда негізге алынатын мәселе болып табылады. Жүзеге асырылатын операциялардың әртүрлілігіне және онымен байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, бірақ кассалық алшақтықтардың пайда болу қаупін арттырады.

Компания өтімділікті басқаруды барлық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің басталуына қарай орындау үшін қажетті қаражаттың тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Компания Тәуекелдерді басқару саясаты, Компанияның Инвестициялау және қарыз алу саясаты, Директорлар кеңесі мен Басқарма бекіткен нарықтық тәуекел мен өтімділікті жоғалту тәуекелін бағалау әдістемесі шеңберінде өтімділік тәуекелін басқарады. Құжаттар өтімділікті жоғалту тәуекелін басқарудың негізгі процестері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ өтімділікті жоғалту тәуекелін тиімді басқару және барлық міндеттемелерді өтеуге Компания қаражатының жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның осы процеске тартылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар шеңберінде өтімділікті жоғалту қаупі келесі құралдар/аналитикалық есептер арқылы өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің реттеуші және шарттық нормативтері; өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтарын, өтімді қаражаттың жоспарланған ағындарын/жылыстауын талдау; Базель банктік қадағалау комитеті ұсынған LCR және NSFR өтімділік коэффициенттерін қоса алғанда, ішкі өтімділік коэффициенттері; өтімділік алшақтықтары (гэп-талдау). Өтімді қаражаттың артығын немесе тапшылығын болдырмау үшін Компанияның Активтерді, пассивтерді және тәуекелдерді басқару комитеті өтімді қаражатты тарту және пайдалану жөніндегі қызметке мониторингті жүзеге асырады.

Компанияның Активтерді, пассивтерді және тәуекелдерді басқару комитеті Компанияның өтімділігін жоғалту тәуекелін төмендету бойынша шаралар қабылдау үшін кумулятивтік гэп-алшақтықтарға талдау жүргізу арқылы өтімділік тәуекелінің мониторингін жүзеге асырады.

Компанияның өтімділікті басқару рәсімдері:

- негізгі валюталар бойынша ақша ағындарын болжаудан және осы ақша ағындарымен байланысты есептеуден, өтімді активтердің қажетті деңгейінен;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдаудан;
- қарыз қаражаттарының шоғырлануы мен құрылымын басқарудан;
- қарызды қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеуден;
- кассалық өтімділіктің алшақтығы жағдайында қорғаныс шарасы ретінде еркін өткізуге болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсетуден;
- өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеуден;
- Компанияның баланстық өтімділік көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асырудан тұрады.

Компанияның өтімділік тәуекелі бойынша жиынтық ақпарат ай сайын Холдингтің Тәуекел-менеджмент департаментіне және Басқармаға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептің құрамында ұсынылады.

### Нарықтық тәуекелдер

Компания нарықтағы жалпы және айрықша өзгерістер қаупіне ұшырайтын валюталық, пайыздық және үлестік құралдар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды. Компания қабылданған тәуекел деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді және мерзімді негізде олардың сақталуын бақылайды.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі дәйекті қадамдарды орындауды қамтиды:

- **басқаруды жоспарлау** – нарықтық тәуекелдерге ұшырауды және өтімділікті жоғалту тәуекелдерін тиімді басқаруды жүзеге асырудың релевантты тәсілдерін айқындау;
- **сәйкестендіру** – Компанияның қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырау түрлерін айқындау және құжаттау;
- **сапалық бағалау** – нарықтық тәуекелдерді және өтімділікті жоғалту тәуекелін сапалы талдау, олардың Компанияның қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында олардың пайда болу себептерін айқындау;
- **сандық бағалау** – нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарының пайда болу ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;
- **ден қоюды жоспарлау** – нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарын әлсірету жөніндегі рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- **ұшырағыштықты мониторингілеу және бақылау** – нарықтық тәуекелдердің мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау, нарықтық тәуекелдерге ұшырауды азайту бойынша қабылданған іс-қимылдардың тиімділігін бағалау.

Нарықтық тәуекелдерге ұшыраушылықты басқару жүйелерінің мақсаты Компания өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес Компания айқындаған деңгейде ұстап тұру болып табылады. Күтпеген қаржылық шығындарға және Компанияның бұрын қабылданған міндеттемелер бойынша уақтылы және толық көлемде жауап беру қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшыраушылықты барынша азайту негізінде Компания активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басымдыққа ие болады.

Нарықтық тәуекелдерді бағалау әдістері мыналарды қамтиды:

1. Валюталық тәуекел.

Мыналарды қолдануды қамтитын валюталық позицияның мониторингі:

- валюта бағамдарының өзгеруінің сезімталдығын талдау және қаржылық нәтижеге әсер ету;
- стресс-сценарий. Валюталық позицияның өзгеру шамасы қолданылатын стресс-сценарийдің түріне байланысты.
- ковариациялық-вариациялық матрицаны қолдана отырып, тарихи әдіс бойынша айлық, жылдық VaR есептеу.

2. Пайыздық тәуекел.

Мыналар тұрғысынан бағалы қағаздар портфелінің мониторингі:

- өтеуге дейінгі кірістіліктің өзгеруін және қаржылық нәтижеге әсерін қамтитын дюрация және көлем шамасы;
- қолданылатын стресс-сценарийдің түріне байланысты өтеуге дейінгі кірістіліктің өзгеру шамасы;
- сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруін және қаржылық нәтижеге әсерін қамтитын активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімтал алшақтықтар.

Компанияның нарықтық тәуекелдері бойынша жиынтық ақпарат ай сайын Холдингтің Тәуекел-менеджмент департаментіне және Басқармаға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептің құрамында ұсынылады.

## Операциялық тәуекел

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компания операциялық тәуекелге ұшырайды.

Операциялық тәуекел – лайықсыз немесе қате ішкі процестердің, персоналдың іс-әрекеттерінің, жүйенің жұмыс істеуінің нәтижесінде шығынға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды іске асыру себебінен туындайтын шығынға әкеп соғатын тәуекел.

Операциялық тәуекелдерді басқарудың мақсаты операциялық шығындарды азайту, шығындарды ұтымды ету, сондай-ақ Компанияның бақылаудан тыс оқиғаларға ден қою уақытын азайту және барабарлығын арттыру арқылы Компанияның операциялық тиімділігін оңтайландыру болып табылады.




Операциялық тәуекелдерді басқарудың негізгі міндеттері:

- Компания ұшырайтын операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тетіктерін жетілдіру;
- қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі;
- Компанияның өзіне қабылдайтын операциялық тәуекелдер деңгейіндегі елеулі өзгерістерге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауына жол бермеу;
- операциялық тәуекелдерді іске асыру салдарынан Компанияның операцияларды жүзеге асыруы кезіндегі шығындарды шектеу болып табылады.

Операциялық тәуекелдерді біртұтас және жан-жақты басқаруды қамтамасыз ету үшін операциялық тәуекелдерді басқару құралдары кешенді және өзара байланыста қолданылады.

Компания операциялық тәуекелге белгіленген капитал лимитіне қабылданған шығындарды (Базель банктік қадағалау комитеті ұсынған есептеу тәсілдеріне сәйкес базалық және стандартталған әдістер бойынша есептелетін) салыстыра отырып, операциялық шығындардың электрондық дерекқоры, тәуекелдің негізгі индикаторлары, Тәуекел картасы, бизнес-процестерді өзін-өзі бағалау арқылы Компания бөлімшелері толтыратын ақпаратты пайдалана отырып, операциялық тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Операциялық тәуекелдер Базель банктік қадағалау комитетінің ұсынымдарына сәйкес оқиғалар санаттары бойынша және туындау себептері бойынша жіктеледі.

Операциялық тәуекелдер оқиғаларының санаттары:

- персоналдың іс-әрекетіне қатысты тәуекел (персоналдың, агенттердің және делдалдардың іс-әрекеттерімен байланысты не Компанияның клиенттермен, реттеуші органдармен немесе үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынасымен байланысты шығындар тәуекелі);
- жүйенің жұмыс істеуімен байланысты тәуекел (телекоммуникациялар мен АТ-инфрақұрылымының істен шығуы мен тоқтап қалуымен байланысты тәуекел);
- процеске байланысты тәуекел (мәмілелерді (қате транзакцияларды) орындау, клиенттік шоттарды және басқа да бизнес-процестерді басқару кезіндегі қателіктер салдарынан жоғалту тәуекелі);
- сыртқы факторларға байланысты тәуекел (үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері, соның ішінде сыртқы алаяқтық, негізгі құралдардың зақымдануы немесе Компанияның операциялық/бизнес қызметін жалғастыруға кедергі келтіруі мүмкін заңнамадағы өзгерістер салдарынан жоғалту тәуекелі).

Операциялық тәуекелдер бойынша жиынтық ақпарат тоқсан сайын Активтерді, міндеттемелерді және тәуекелдерді басқару комитетінің, Басқарманың, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарауына тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептің құрамында ұсынылады.

## Кредиттік тәуекел

Компания кредиттік тәуекелге ұшырайды, бұл контрагенттің қаржы құралы бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі болып табылады.

Компанияның кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің негізгі мақсаттары кредиттік тәуекелді азайту, оның алдын алу, қарыз алушылардың өздерінің қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын азайту болып табылады.

Кредиттік тәуекелді басқару процесі келесі дәйекті қадамдарды орындауды қамтиды:

- **сәйкестендіру** – Компанияның қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін кредиттік тәуекел факторларын анықтау және құжаттау;
- **сапалық бағалау** – кредиттік тәуекелді сапалық талдау, олардың Компанияның қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында олардың туындау себептерін айқындау;
- **сандық бағалау** – Компанияның қаржылық нәтижесіне кредиттік тәуекелді іске асыру салдарының туындау ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;

- **ден қою** – кредиттік тәуекелді іске асырудың теріс салдарын әлсірету жөніндегі рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- **ұшырағыштықты мониторингілеу және бақылау** – кредиттік тәуекелдің мониторингі, оны уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау, кредиттік тәуекелге ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған іс-қимылдардың тиімділігін бағалау.

Компания бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына максималды лимиттер белгілеу арқылы кредиттік тәуекел деңгейін айқындайды. Лимиттерді белгілеу кезінде халықаралық рейтингтік агенттіктер берген контрагенттердің кредиттік рейтингтері пайдаланылады, сондай-ақ қаржылық есептілік бойынша қолжетімді деректер негізінде қаржылық жай-күйді бағалау жүргізіледі. Бұл тәуекелдердің мониторингі тұрақты негізде жүзеге асырылады және оны Холдингтің Активтерді және пассивтерді басқару комитеті шоғырландырылған негізде қарайды. Бұл ретте лимиттер айына кемінде бір рет қайта қаралады.

Компания кредиттік тәуекелді бағалау үшін кредиттік тәуекел бойынша мөлшерленген активтер әдісін (RWA) пайдаланады.

Кредиттік тәуекелге стресс-тестілеу жүргізу кезінде Компания n бақылаулар саны 30-дан асатын, кезең тереңдігі кемінде 3 жыл болатын келесі ай сайынғы деректерді пайдаланатын базалық тәсілді пайдаланады:

- Компанияның кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің шамасы;
- USD/KZT айырбас бағамы;
- Brent мұнай бағасы;
- инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі).

Стресс-тестілеуді жүргізу кезінде стресстік сценарийлер базалық (аса маңызды емес стресстік сценарийлерді көрсететін) және дағдарыстық (аса жоғары дәрежедегі шығынға әкеп соқтыратын аса маңызды стресстік оқиғаларды көрсететін) болып бөлінеді.

Стресс-тестілеу нәтижелері:

- қабылданатын тәуекелдер бойынша резерв деңгейін;
- ішкі капиталдың шамасын айқындау барысында пайдаланылады.

## Бизнес-тәуекел

Компания өзінің бизнес-процестерін жүзеге асыру кезінде түрлі тәуекелдерге ұшырау объектісі болып табылады. Бизнес-тәуекел - Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық нәтижелеріне әсер ететін маңызды факторлардың бірі.

Бизнес-тәуекел дегеніміз - пайданың айтарлықтай жоғалуына әкелуі мүмкін Компанияның қызмет көлемінің қолайсыз күтпеген өзгеруі. Бизнес-тәуекелдің негізгі факторлары: нарық конъюнктурасының елеулі нашарлауы, бәсекелестік ортадағы өзгеріс, шығыстар құрылымының өзгеруі және т.б.

Бизнес-тәуекелді бағалау VaR көрсеткішімен алмастырылатын тәуекелмен пайданы (EaR) есептеу арқылы тұрақты түрде жүргізіледі және қалыпты нарық жағдайында белгіленген сенімділік аралығында (99%) және уақыт көкжиегінде асып кетпейтін ықтимал шығындардың максималды шамасы ретінде түсіндіріледі.

Стресс-тестілеу кезінде бизнес-тәуекел бойынша стресстік сценарийді модельдеу үшін тарихи және гипотетикалық сценарий әдісі қолданылады.

Стресс-тестілеуді есептеу үшін 3 жыл немесе одан да көп кезең тереңдігі бар (n бақылауларының саны 30-дан асатын) келесі тоқсан сайынғы деректер пайдаланылады:

1. Компанияның таза кірісі
2. USD/KZT айырбас бағамы
3. Brent мұнай бағасы
4. инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі)

Бұған дейін айтылғандай, стресс-тестілеу нәтижелері қабылданатын тәуекелдер бойынша резерв деңгейін және ішкі капиталдың шамасын айқындау процесінде пайдаланылады.

## Жылжымайтын мүлік тәуекелі

Жылжымайтын мүлік тәуекелі – ұйымның балансындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің нарықтық құнының өзгеруі салдарынан болатын ықтимал шығындар.

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компания жылжымайтын мүлік тәуекеліне ұшырайды, өйткені Компанияның қызметі құрылысты қаржыландырумен және жылжымайтын мүлік объектілерінің аландарын жалға беруден кіріс алумен тікелей байланысты.

VaR есебін қолдана отырып жылжымайтын мүлік тәуекелін бағалау Компанияның тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған моделінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жылжымайтын мүлік тәуекелінің стресстік сценарийін модельдеу үшін тарихи және гипотетикалық сценарий әдісі қолданылады.

Стресс-тестілеуді есептеу үшін 3 жыл немесе одан да көп кезең тереңдігі бар (n бақылауларының саны 30-дан асатын) келесі тоқсан сайынғы деректер пайдаланылады:

1. жылжымайтын мүлік бағасының өзгеру индексі
2. USD/KZT айырбас бағамы
3. Brent мұнай бағасы
4. инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі)

Стресс-тестілеу нәтижелері қабылданатын тәуекелдер бойынша резерв деңгейін және ішкі капиталдың шамасын айқындау процесінде пайдаланылады.

# НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

Компанияның барлық анықталған тәуекелдері Директорлар кеңесі бекітетін Тәуекелдер тіркелімінде және Тәуекелдер картасында көрсетіледі. Компанияның Тәуекелдер картасы Компанияның тәуекелдерін оларды іске асырудың ықтималдығы мен салдарына қарай үш аймаққа бөледі: қызыл, сары және жасыл.

Компанияның Тәуекелдер тіркеліміне (ДК-нің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 1 шешімімен бекітілген) сәйкес, 2022 жылға 62 тәуекел болжанған.

Компанияның Тәуекелдер картасы және Тәуекелдер тіркелімі Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайынғы негізде ұсынылатын тәуекелдер жөніндегі есептің ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты, жыл динамикасында Компания тиісті тәуекелдерді қоса/алып тастай алады. Мәселен, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Тәуекелдер тіркелімінде 72 тәуекел қамтылған.

### «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның Тәуекелдер картасы

*2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша*

| Салдары | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өте жоғары | 10 | | | | | | | | | | |
| Өте жоғары | 9 | | | | | | | | | | |
| Жоғары | 8 | | | | | | | | | | |
| Жоғары | 7 | 11 | 27, 50 | 4 | 7 | 2, 3, 19, 20, 40, 55, 66 | 59,18 | | | | |
| Орташа | 6 | | 35 | 6, 54 | 21, 34, 63 | 22, 28, 31, 65, 70 | 5, 17, 51, 58 | 64 | | | |
| Орташа | 5 | | 1,33 | 12, 15, 26, 29, 56, 57, 61, 72 | 14 | 9, 36, 46 | 24, 45, 48 | 8,62 | | | |
| Төмен | 4 | | 30,73 | 53, 60, 67 | 13, 47, 69 | 25, 32, 37, 39, 43 | 23 | | | | |
| Төмен | 3 | | 42 | 10, 38, 71, 74 | 68 | 41 | | | | | |
| Өте төмен | 2 | | 52 | | | | | | | | |
| Өте төмен | 1 | | | | 16 | | | | | | |
| | | Өте төмен | Өте төмен | Төмен | Төмен | Орташа | Орташа | Жоғары | Жоғары | Өте жоғары | Өте жоғары |
| | | Ықтималдық | | | | | | | | | |

Қызыл аймақта – 3 тәуекел;
Сары аймақта – 40 тәуекел;
Жасыл аймақта – 29 тәуекел.

### 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Тәуекелдер тіркелімі

| № | Тәуекел атауы |
|---|---|
| 1 | Корпоративтік басқару тәуекелдері |
| 2 | Бедел тәуекелі |
| 3 | Компанияның даму стратегиясын орындамау тәуекелі |
| 4 | Мемлекеттік бюджеттен немесе Ұлттық қордан алынған қаражатты тиімсіз немесе мақсатсыз пайдалану |
| 5 | Қазақстан Республикасындағы ипотекалық нарықтың тоқырауы |
| 6 | Бәсекелестікті күшейту тәуекелдері |
| 7 | Компанияның талаптары бар контрагент-банктер эмитенттерінің қаржылық жай-күйінің нашарлауы бөлігінде кредиттік тәуекел |
| 8 | Серіктес банктің қарыздар бойынша талап ету құқықтарын кері сатып алу не қарызды ауыстыру бойынша міндеттемелерін орындамауы |
| 9 | Жалға алушының (кепілгердің)/қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) жалдау шарттары және банктік қарыз шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы |
| 10 | Ипотекалық қарыз шартын және/немесе ипотекалық шартты жарамсыз деп тану |
| 11 | Жылжымайтын мүлік бағасының 50%-дан астам құлдырауы |
| 12 | Қарыз/баланстық мүлік бойынша кепілмен қамтамасыз етуді дұрыс бағаламау тәуекелі |
| 13 | Қарыз бойынша қамтамасыз етуге кепіл ауыртпалығын дұрыс ресімдемеу тәуекелі. Болашақта кепілді жоғалту тәуекелі |
| 14 | Қарыз алушының/жалға алушының төлем қабілеттілігін бағалау кезінде Компанияның талаптарын бұзу тәуекелі |
| 15 | Қолданыстағы қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру бағдарламалары бойынша қарыз алушының сәйкес келмеу тәуекелі |
| 16 | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің (базалық мөлшерлемесінің) елеулі құбылмалылығы |
| 17 | Қызметті жүзеге асыру үшін өтімді қаражаттың жетіспеушілігі, сондай-ақ қаражатты тарту үшін капитал нарықтарына қолжетімділіктің болмауы |
| 18 | Валюталық тәуекел |
| 19 | Пайыздық тәуекел |
| 20 | Реттеушінің пруденциялық нормативтерін орындамау |
| 21 | Заңнаманы бұзу және дұрыс қолданбау/Компанияның талап-арыз жұмысы шеңберінде қаржылық және өзге де міндеттемелердің туындауы |
| 22 | Заңнамадағы қолайсыз өзгерістер |

| № | Тәуекел атауы |
|---|---|
| 23 | Компанияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын бұзуы/ орындамауы |
| 24 | Компанияның кредиттік бюролар туралы ҚР заңнамасын бұзуы/орындамауы |
| 25 | Компаниямен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен/үлестес тұлғалармен мәмілелерді жүзеге асыру жөніндегі заңнама талаптарын бұзу |
| 26 | Ішкі құжаттардың ҚР/Холдинг заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі |
| 27 | Күтпеген жағдайлардың тәуекелдері (Компания қызметін мүмкін етпейтін сыртқы әсерлер) |
| 28 | Ақпараттық жүйелердің істен шығуы және/немесе АТ тарапынан сервистің қолжетімсіздігі нәтижесінде ағымдағы қызметтің бұзылуы |
| 29 | Негізгі ақпараттық жүйелердің/негізгі ақпараттың резервтік көшірмелерінің болмауы |
| 30 | Компанияның даму жоспарын/жылдық бюджетін қалыптастыру кезінде қисынсыз жоспарлау/түзету |
| 31 | Қызметкерлер мен үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністері |
| 32 | Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері және Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар департаментінің Қаржылық технологиялар орталығы Information Bank System Object ақпараттық жүйесін енгізу процесінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындамауы |
| 33 | Аудиторлық тәуекелдер<br>Анықталмау тәуекелі<br>Дұрыс емес ұсынымдар беру тәуекелдері<br>Сапасыз Жылдық аудиторлық жоспарды (ЖАЖ) қалыптастыру<br>Аудит объектілерінің ІАҚ ұсынымдарын орындамауы немесе сапасыз орындауы |
| 34 | Тиімсіз ішкі бақылау тәуекелдері |
| 35 | Қисынсыз бухгалтерлік және салықтық есеп |
| 36 | Қарыздарды (ипотека, заңды тұлғалардың қарыздары), қаржы лизингін, тұрғын үй құрылысының кепілдігін, дебиторлық берешекті дұрыс есепке алмау |
| 37 | Персоналды іріктеуге және персоналды дамытуға байланысты персоналдың тәуекелдері |
| 38 | Сатып алу жүйесінің тәуекелдері |
| 39 | Бизнес-процестерді жүзеге асыру не лауазымдық міндеттерді орындау барысында операциялардың қателіктері мен дұрыс орындалмауы |
| 40 | Есептілікті/ақпаратты Холдингке/ ҚР ҰБ/ ҚР ҚМА/өзге де мемлекеттік органдарға уақтылы/сапалы ұсынбау |
| 41 | Компаниядағы шағымдарды/өтініштерді уақтылы қарамау |
| 42 | Құжат айналымы және құжаттаманы басқару тәуекелдері |
| 43 | Жалға берілетін тұрғын үйді уақтылы бөлмеу |

| № | Тәуекел атауы |
|---|---|
| 45 | Өнім берушілердің дайын тұрғын үйді тапсыру мерзімдерін бұзуы |
| 46 | Жалға берілетін тұрғын үйді пайдалануға байланысты тәуекелдер |
| 47 | Тұрғын үй объектілері салынған жер учаскелеріне жалдау шартын уақтылы бұзбау немесе тіркеуші органда уақтылы тіркемеу |
| 48 | COVID-19 пандемиясының және оның салдарының Компанияның қызметіне әсер ету тәуекелі |
| 50 | Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде ЕДБ-контрагенттерінің Компанияның уағдаласылған депозиттері бойынша қаражатты нысаналы пайдаланбау тәуекелі |
| 51 | Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) облигацияларын сатып алу бойынша тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасының көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелі |
| 52 | Бөлінген қаражатты қайтару бөлігінде №1553 ҚРҮҚ тиімсіз орындау тәуекелі |
| 53 | «Бәйтерек» бизнес-орталығындағы бос үй-жайларды уақтылы өткізбеу тәуекелі |
| 54 | Бөлінген қаражатты қайтару (ЭКСПО-2017 жобалары) бөлігінде №753 ҚРҮҚ тиімсіз орындау тәуекелі. |
| 55 | Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын өтемеу немесе уақтылы өтемеу тәуекелі |
| 56 | Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) мемлекеттік бағалы қағаздарын өтемеу немесе уақтылы өтемеу тәуекелі |
| 57 | «Бәйтерек» бизнес-орталығында инженерлік жабдықтың істен шығу тәуекелі |
| 58 | Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) облигацияларын сатып алу бойынша «Жұмыспен қамтудың жол картасы» көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелі |
| 59 | Тұрғын үй құрылысы жобаларын кепілдендіруге байланысты тәуекелдер (тұрақты жобалар) |
| 60 | ЕДБ ипотекалық тұрғын үй қарыздарын кепілдендіруге байланысты тәуекелдер |
| 61 | Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін екінші деңгейдегі банктердің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің беретін кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға байланысты тәуекелдер |
| 62 | Қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландыру шеңберінде құрылыс компанияларының кредиттерді өтемеу немесе уақтылы өтемеу тәуекелі |
| 63 | Компания өз қызметі шеңберінде қатысқан және өз міндеттемелерін аяқтаған тұрғын үй объектілері бойынша бедел және әлеуметтік тәуекел (нақты шығындарды өтеу мүмкіндігін ескере отырып) |
| 64 | Саяси және геосаяси тәуекелдер |
| 65 | Жауапты құрылымдық бөлімшенің дәйексіз ақпарат беру тәуекелі |

| № | Тәуекел атауы |
|---|---|
| 66 | Цифрлық даму жөніндегі жобаны тиімсіз іске асыру тәуекелі |
| 67 | Даму жоспары/жылдық бюджет жөніндегі есептілікті және Компанияның басқарушылық есептілігін дұрыс және уақтылы қалыптастырмау |
| 68 | Компанияның даму жоспарының/жылдық бюджетінің бекітілген көрсеткіштерін орындамау |
| 69 | Компанияның даму жоспарының/жылдық бюджетінің көрсеткіштеріне қатысты сатып алу жоспарларының асып кетуі |
| 70 | Ипотекалық портфельді секьюритилендіруді жүргізбеу тәуекелі |
| 71 | Қаржылық технологиялар орталығы Information Bank System Object ақпараттық жүйесіне қарыздар бойынша кепілді қамтамасыз етуді қайта бағалау жөніндегі деректердің дұрыс енгізілмеу/болмау тәуекелі |
| 72 | Кепілмен қамтамасыз ету бойынша құқық белгілейтін құжаттардың болмауы тәуекелі |
| 73 | Кредиттік құжаттаманы тиісінше және толық қалыптастырмау салдарынан сыртқы уәкілетті орган тарапынан айыппұл санкцияларын салу тәуекелі |
| 74 | Кепілдік жағдайы жарияланғанға дейін уәкілетті компанияларды қаржыландыру шеңберінде қарыз алушылардың/қосалқы қарыз алушылардың кредиттерді өтемеу немесе уақтылы өтемеу тәуекелі |

## Компанияның негізгі тәуекелдері және оларды азайту шаралары

| № | Тәуекел атауы | Іс-шаралар |
|---|---|---|
| 4 | Мемлекеттік бюджеттен немесе ҚР Ұлттық қорынан алынған ақшалай қаражатты тиімді немесе нысаналы пайдаланбау | 1. Мемлекеттік бюджеттен немесе ҚР Ұлттық қорынан алынған ақшалай қаражаттың игерілуін немесе пайдаланылуын мониторингілеу және бақылау.<br>2. Компанияның уәкілетті органдарының отырыстарында анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі түзету, алдын алу іс-шаралары жоспарларының орындалуы бойынша есептерді қарау арқылы осы Жоспардың іске асырылуын бақылау.<br>3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражатты игеру бойынша есептілікті уақтылы және сапалы ұсыну.<br>4. Мемлекеттік бюджеттен немесе Ұлттық қордан алынған ақшалай қаражаттың нысаналы пайдаланылуына тексеру жүргізу.<br>5. Анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бақылау. |
| 7 | Компанияның талаптары бар контрагент-банктер эмитенттерінің қаржылық жай-күйінің нашарлауы бөлігінде кредиттік тәуекел | 1. Компанияның контрагент-банктерге лимиттерінің сақталуын белгілеу және бақылау.<br>2. Контрагент-банктердің/эмитенттердің қаржылық жағдайының тоқсан сайынғы мониторингі.<br>3. Серіктес банктерді талдау кезінде ерте ден қоюды бағалау шараларын қолдану.<br>4. Компанияның ІНҚ-да сипатталған өтімділікті басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес УБАҚ-ны орналастыру, бұл ретте мыналар басымдық тәртібімен айқындалады:<br>• қауіпсіздік (капиталдың сақталуы) - оның ішінде Компанияның Холдингтің ІНҚ және Компанияның ақшаны басқару процесіне жататын тәуекелдерді басқару жөніндегі ІНҚ-ны ұстануын да көздейді;<br>• өтімділік (активтерді қысқа мерзімде қолма-қол ақшаға айналдыру мүмкіндігі);<br>• кірістілік (қауіпсіздік және өтімділік қағидаттары сақталған жағдайда алынуы мүмкін ең үлкен табыс).<br>5. Орналастырылған қаражатты мониторингілеу және бақылау. |
| 31 | Қызметкерлер мен үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністері | 1. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатын қатаң сақтау.<br>2. Нормативтік құжаттарға сәйкес НҚ және ТМҚ-ны тиісінше есепке алу, бөлу, пайдалану және сақтау.<br>3. Қауіпсіздік және режим департаментін/Комплаенс-бақылау қызметін күдіктер туралы хабардар ету немесе Компания қызметкерлері тарапынан ықтимал алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы алынған ақпаратты беру.<br>4. Компания қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға алаяқтық, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің белгілі фактілері немесе күдіктері туралы ҚР заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен құпия түрде хабарлау құқығын қамтамасыз ету.<br>5. Лауазымды тұлғалардың/КБК/ҚРД-ның Компанияның ІНҚ сәйкес алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың туындау тәуекелдерін басқаруды тиісінше бақылауды қамтамасыз етуі.<br>6. Компания қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі НҚА және ІНҚ бойынша оқытуды ұдайы жүргізу. |

| № | Тәуекел атауы | Іс-шаралар |
|---|---|---|
| 51 | Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) облигацияларын сатып алу бойынша тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасының көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелі | 1. Отбасы банк салымшыларына және ЕДБ ипотекалық бағдарламалары бойынша ЖАО кредиттік тұрғын үйді сату көлемінің мониторингі.<br>2. ЖАО-дан қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша қала құрылысы және сәулет-құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар қалыптастыру.<br>3. Бағдарлама шеңберінде жалға берілетін тұрғын үйден жалдау төлемдерін қайтару мониторингі.<br>4. ЖАО-мен бірге көшпелі, сондай-ақ Компания кеңсесінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.<br>5. Контрагенттердің, жалға алушылардың шарттарды орындауына мониторинг жүргізу.<br>6. ЖАО қаражатын уақтылы қайтару мониторингі. |
| 55 | Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың МБҚ өтемеу немесе уақтылы өтемеу тәуекелі | 1. Облигациялар мен купондық сыйақылардың өтеу мерзімдері бойынша мониторинг.<br>2. Облигациялық қарыздарды және купондық сыйақыларды өтеу мерзімін кешіктіруге қатысты ЖАО-ға хаттар жолдау.<br>3. ЖАО-ның облигациялық қарыздарын және купондық сыйақыларын өтеу мерзімін кешіктіруге қатысты уәкілетті органдарға хаттар жолдау. |
| 58 | Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) облигацияларын сатып алу бойынша «Жұмыспен қамтудың 2020 - 2021 жылдарға арналған жол картасы» көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелі | 1. ЖАО-мен бірге түсіндіру жұмыстарын жүргізу.<br>2. Бөлінген ақшалай қаражаттың игерілуіне мониторинг жүргізу.<br>3. Жергілікті атқарушы органдардың қаражатын уақтылы қайтару мониторингі. |



## Болашақта Компанияның тәуекелдер картасына түсуі мүмкін дамып келе жатқан тәуекелдер

Global Risks Report 2023[1] баяндамасының негізінде онжылдық перспективада экологиялық тәуекелдердің нашарлауы ерекше маңызға ие болады. Нақтырақ айтсақ, климат пен табиғатқа байланысты тәуекелдер келесі онжылдықта күтілетін ауырлық дәрежесі бойынша ТОП-10 тәуекелдер арасында көш бастап тұр.

Жаһандық тәуекелдерді қабылдауды зерттеуде (ЖТҚЗ) алғаш рет жекелеген тәуекелдер ретінде бөлінген климаттың өзгеруінің салдарын азайта алмау және климаттың өзгеруіне бейімделе алмау жаһандық ауқымдағы ең ауыр тәуекелдер ретінде рейтингтерде көш бастап тұр, содан кейін табиғи апаттар мен экстремалды ауа райы жағдайлары, сондай-ақ «Биоалуантүрліліктің жоғалуы және экожүйелердің бұзылуы» орын алады.

ЖТҚЗ респонденттерінің пікірінше, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада ең ауыр деп саналатын артып келе жатқан, азайып бара жатқан және жалғасып келе жатқан алаңдаушылық тудыратын салалар туралы түсінік. Бұл жаһандық алаңдаушылық тудыратын және назар аударуға тұрарлық тұрақты аймақтар болып табылады. Экологиялық тәуекелдер 10 жыл бойы нашар бағалануда, бұл ұзақ мерзімді перспективада осы тәуекелдердің ауырлық дәрежесінің артуына қатысты респонденттердің алаңдаушылығын көрсетеді. «Ауқымды мәжбүрлі көші-қон 10 жылдық кезеңдегі рейтингте көтерілуде, ал әлеуметтік ұйымшылдық эрозиясы мен қоғамның поляризациясы ұзақ мерзімді перспективада біршама ауыр деп қабылданады.

## Сыни мәселелер туралы хабарлау

Компаниядағы дағдарыстық жағдайларға ден қою тәртібін айқындау мақсатында Басқарманың 2019 жылғы 18 маусымдағы № 54 шешімімен Қызметтің үздіксіздігі жоспары бекітілді. Дағдарыс жағдайындағы осы Жоспардың негізгі міндеттері:

1. дағдарыс жағдайы туындаған кезде Компания қызметкерлерінің өміріне/қауіпсіздігіне кепілдік беруді қамтамасыз ету;
2. дағдарыс жағдайында Компанияның ресурстары мен мүлкін қорғауды қамтамасыз ету;
3. Компания қызметінің үздіксіздігін қалпына келтіру процесін ұйымдастыру;
4. дағдарыс жағдайының туындауы туралы Компания қызметкерлерін уақтылы хабардар етуді және ақпараттандыруды ұйымдастыру;
5. резервтік инфрақұрылымды құру шығындарын оңтайландыру, қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті инвестициялар мен қолайлы тәуекел деңгейі арасындағы теңгерімді белгілеу;
6. қызметкерлерді негізгі кеңседен балама орынға уақтылы ауыстыруды ұйымдастыру болып табылады.

Осы Жоспарға сәйкес елеулі зардаптарға әкеп соқтыратын және Компанияға немесе оның ресурстарына әсер ететін төтенше жағдайдың немесе дағдарыстық оқиғаның туындауы туралы ақпарат қалыптасқан жағдайдың жай-күйі туралы басшылықты үнемі хабардар етуді қамтамасыз ететін жұмыс істеп тұрған Құлақтандыру орталығына келіп түседі.

[1] *https://www.weforum.org/reports/global-risks-report-2023*

2022 жылы Компанияның қызметіне әсер ететін төтенше жағдайлар және/немесе дағдарыстық оқиғалар бөлігінде төменде келтірілген 1 операциялық тәуекел тіркелді.

| Тәуекел немесе қауіп | Тәуекелдің туындау фактілері | Тәуекелді іске асыру себебі | Тәуекелді іске асырудың әсері/ысырабы |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республика-сындағы саяси тәуекелдер | Елдегі наразылықтар 2022 жылғы 1 қаңтарда нарықтық баға тетігіне көшуге байланысты сұйытылған газ бағасының күрт өсуінен кейін 2022 жылғы 2 қаңтарда басталды. Наразылық акциясына қатысушылар экономикалық талаптардан саяси талаптарға көшті.<br>4-5 қаңтарда Алматыда наразылықтар жаппай тәртіпсіздіктерге, соның ішінде үкіметтік ғимараттарды өртеу мен тонауға ұласты, ал қаладағы жағдай биліктің бақылауынан шықты.<br>Көптеген басқа қалаларда, соның ішінде елордада билік орын алған жағдайды бақылауда ұстады.<br>Қазақстанда бүкіл аумақ бойынша төтенше жағдай жарияланды. Бірнеше күн бойы интернетті өшіру жағдайлары орын алды, бұл қолма-қол ақшасыз төлемнің іркілісіне әкелді. Сұйытылған газдың бағасы тұрақтандырылды, бірақ бұл наразылықтардың азаюына әкелмеді.<br>2022 жылғы 7 қаңтарда елдегі тәртіпті қалпына келтіру туралы жарияланды. Оның салдары: қамауға алу, қылмыстық істер, залалды бағалау. | Саяси жағдайдағы өзгеріс (ереуіл, соғыс қимылдары) | Жүріп-тұру және байланыс (интернет) еркіндігі шектелді, бұл Компанияның қызметіне нұқсан келтірді. |

Осыған байланысты Компания төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты 05.01.2022 ж. бастап 19.01.2022 ж. дейінгі аралықта банктік қарыз шарттары бойынша, сатып алу құқығымен жалдау шарттары бойынша, бөліп төлеумен жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарттары бойынша жоспарлы төлемдерді уақтылы өтемегені үшін өсімпұлдарды, сондай-ақ айыппұлдарды есептеуді тоқтатты.

Компанияның электрондық ақпараттық ресурстарын, ақпараттық жүйелерін және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету үшін Компания Басқармасының 2021 жылғы 5 ақпандағы № 13 шешімімен бекітілген Компаниядағы Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару қағидалары қолданылады. Осы Қағидаларға сәйкес Компания ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің сыни деңгейін нөлден апатқа дейін анықтайды. Компанияның басшы қызметкерлері мен бөлімшелерін болған ақпараттық қауіпсіздік инциденті туралы хабардар ету тәртібі Пайдаланушылардың Компаниядағы ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне ден қою жөніндегі іс-қимыл тәртібі туралы нұсқаулықта айқындалған.

2022 жылы Компанияда ақпараттық қауіпсіздік инциденттері тіркелген жоқ.



# ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

| | | |
|---|---|---|
| EaR | – | тәуекелді ескере отырып алынған пайда |
| ESG | – | ESG-қағидаттары (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) |
| GRI | – | Жаһандық есеп беру бастамасы (Global Reporting Initiative) |
| АТ | – | ақпараттық-коммуникациялық технологиялар |
| KASE | – | «Қазақстан қор биржасы» АҚ |
| ROA | – | активтердің табыстылығы (return on assets) |
| ROE | – | меншікті капиталдың табыстылығы (return on equity) |
| RWA | – | кредиттік тәуекел бойынша мөлшерленген активтер әдісі |
| VaR | – | тәуекел жағдайындағы құны |
| ҚР ҚНРДА | – | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| АДБ | – | Азия даму банкі |
| АҚ | – | акционерлік қоғам |
| «ҚДБ» АҚ | – | «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы |
| «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ, «ҚИК» ИҰ» АҚ | – | «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы |
| «ҚТК» АҚ, Компания | – | «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы |
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Холдинг, Жалғыз акционер | – | «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы |
| «ДАМУ» КДҚ» АҚ | – | «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы |
| СҚЖБ | – | сатып алу құқығымен жалға беру |
| ҚР ҚМА | – | Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі |
| ЕДБ | – | екінші деңгейдегі банк |
| ҚР СЖРА ҰСБ | – | Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы |
| ЖІӨ | – | жалпы ішкі өнім |
| ІҚ | – | ішкі құжат |
| ІНҚ | – | ішкі нормативтік құжат |
| МБҚ | – | мемлекеттік бағалы қағаздар |
| ҮҚШ | – | үлестік қатысу туралы шарт |
| ҚҚР | – | қолжетімді қаржылық ресурстар |
| ЕАДБ | – | Еуразиялық даму банкі |
| ИКИ | – | инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым |
| АЖ | – | ақпараттық жүйе |
| ИЖМҚ | – | инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры |
| Қазтізілім, «Қазтізілім» АЖ, «Қазтізілім» ТҮҚҮҚ БАЖ | – | «Қазтізілім» тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесі |
| ТНК | – | тәуекелдің негізгі көрсеткіштері |

| | | |
|---|---|---|
| ҚНК | – | қызметтің негізгі көрсеткіші |
| ХВҚ | – | Халықаралық валюта қоры |
| КТҮК | – | көппәтерлі тұрғын үй кешені |
| ЖАО | – | жергілікті атқарушы орган |
| ХҚЕС | – | халықаралық қаржылық есептілік стандарттары |
| КЕАҚ | – | коммерциялық емес акционерлік қоғам |
| ҚР ҰБ | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| ҰК | – | ұлттық компания |
| НҚА | – | нормативтік құқықтық акт |
| ҚР ҰҚ | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры |
| БҰҰ | – | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| МИБ | – | мүлік иелерінің бірлестігі |
| ЗТБ | – | заңды тұлғалар бірлестігі |
| ҚРҮҚ | – | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| «Нұрлы жер» бағдарламасы | – | Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы |
| ЖСҚ | – | жобалау-сметалық құжаттама |
| ӨД | – | Өңірлік дирекция |
| ЭДР | – | эмитенттің дефолт рейтингтері |
| ҚР | – | Қазақстан Республикасы |
| ІАҚ | – | Ішкі аудит қызметі |
| ДК | – | Директорлар кеңесі |
| ҚМЖ | – | құрылыс-монтаж жұмыстары |
| ТМД | – | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| ЭҚАЖ | – | электрондық құжат айналымы жүйесі |
| ЖШС | – | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| СОО | – | сауда-ойын-сауық орталығы |
| ТДМ | – | тұрақты даму мақсаттары |
| ЭЦҚ | – | электрондық цифрлық қолтаңба |
| қ. | – | қала |
| бірл. | – | бірлік |
| саны | – | саны |
| ш. м., $м^2$ | – | шаршы метр |
| млн | – | миллион |
| млрд | – | миллиард |
| мың | – | мың |
| дана | – | дана |





# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компания ашықтық қағидатын ұстанады және операциялық және қаржылық нәтижелер бойынша, сондай-ақ тұрақты даму және корпоративтік басқару саласында Компания қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпаратты тиімді ашуға ұмтылады.

Компания жыл сайын мүдделі тараптар үшін корпоративтік интернет-сайттың тиісті бөлімінде, сондай-ақ өзінің жылдық есептерінде тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелерін ашып көрсетеді.

Компанияның 2022 жыл бойынша жылдық есебі тұрақты даму саласындағы Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI Standards) стандарттарына, Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларына сәйкес дайындалды.

Осы жылдық есеп Компанияның 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Компанияның алдыңғы кезеңдерінің кейбір деректерін, жоспарлары мен болжамдарын қамтиды.

Осы жылдық есеп 2022 жылдың қорытындысы бойынша сыртқы куәландырудан өткен жоқ.

Тұрақты даму саласындағы ақпаратты қамтитын 2021 жылдың қорытындылары бойынша жылдық есеп 2022 жылғы шілдеде жарияланды.

PriceWaterhouseCoopers «ESG-ақпаратты ашу бойынша үздік ТОП-50 компания» есебіне сәйкес, 2020 және 2021 жылдардағы Компанияның жылдық есебі рейтингте 50-ден 13-ші орынға ие болды және ESG ақпаратты ашу деңгейі бойынша ТОП-4 қаржы компаниясының қатарына енді. Сондай-ақ Компанияның 2021 жыл бойынша жылдық есебі «Қазақстан қор биржасы» АҚ нұсқасы бойынша қаржы секторындағы үздік жылдық есеп болып танылды.

Жылдық есепті дайындау кезінде Компания GRI стандарттарымен айқындалған есептің мазмұнын айқындау қағидаттарын басшылыққа алды:

- **мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** – ақпаратты ашу кезінде мүдделі тараптардың олармен өзара іс-қимыл барысында айқындалған мүдделері ескерілді. Мүдделі тараптар үшін аса маңызды болып табылатын ақпарат ашылды;
- **тұрақты даму контексті** – Компанияның осы жылдық есептегі жұмысы кең әлеуметтік-экономикалық контекстті ескере отырып ұсынылған. Компания өз жұмысын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қамтитын сыртқы орта шеңберінде айқындайды;
- **маңыздылық** – жылдық есепте Компания қызметі үшін аса маңызды деп танылған тақырыптар толығырақ қамтылды. Қалған ақпарат құжатты шамадан тыс жүктемеу және пайдаланушыға ақпаратпен жұмыс істеуді жеңілдету үшін аса егжей-тегжейлі берілмеген;
- **толықтық** – Компания өзінің тұрақты даму саласындағы қызметінің елеулі тақырыптарын, соның ішінде жағдайды тұтас түсіну үшін маңызды болып табылатын барлық егжей-тегжейін барынша толық қамтиды.

Маңыздылық және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қағидаттары осы жылдық есепте көрініс тапқан тұрақты дамудың неғұрлым маңызды тақырыптарын таңдауға көмектесті. Тұрақты даму және толықтық контекстінің қағидаттары таңдалған тақырыптар бойынша ақпаратты ашуда көбірек қолданылды.

2020 жылғы бедел аудиті бойынша есепті дайындау шеңберінде Компанияның маңызды ішкі және сыртқы стейкхолдерлер деп танылатын тұрақты даму саласындағы қызметінің маңызды аспектілерін

анықтау рәсімі жүргізілді. Осы бедел аудитінің нәтижелері бойынша стейкхолдерлер тұрғысынан маңызды тақырыптар анықталды.

Талдау нәтижелері бойынша маңыздылық матрицасы құрылды. Осы матрицаның жоғарғы оң жақ бұрышына түскен тақырыптар аса маңызды деп танылды және тұрақты даму туралы бөлімді дайындау кезінде олар Компанияның 2021 жылғы есептілігінде барынша егжей-тегжейлі ашылды.

Маңыздылық матрицасы




| | Тұрақты даму тақырыптары | № |
|---|---|---|
| | Экономикалық нәтижелілік | 1 |
| | Нарықтарға қатысу | 2 |
| | Жанама экономикалық әсерлер | 3 |
| | Сатып алу практикасы | 4 |
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 5 |
| | Бәсекелестікке кедергі | 6 |
| | Материалдар | 7 |
| | Энергия | 8 |
| | Су | 9 |
| | Биоалуантүрлілік | 10 |
| | Шығарындылар | 11 |
| | Төгінділер мен қалдықтар | 12 |
| | Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі | 13 |
| | Өнім берушілерді экологиялық бағалау | 14 |



| | Тұрақты даму тақырыптары | № |
|---|---|---|
| | Жұмыспен қамту | 15 |
| | Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы | 16 |
| | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | 17 |
| | Оқыту және білім беру | 18 |
| | Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер | 19 |
| | Кемсітушілікке жол бермеу | 20 |
| | Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер бостандығы | 21 |
| | Балалар еңбегін пайдалану қаупі | 22 |
| | Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті пайдалану қаупі | 23 |
| | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі | 24 |
| | Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары | 25 |
| | Адам құқықтарының сақталуын бағалау | 26 |
| | Жергілікті қоғамдастықтар | 27 |
| | Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау | 28 |
| | Саяси қызмет | 29 |
| | Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі | 30 |
| | Маркетингтік коммуникациялар | 31 |
| | Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылық | 32 |
| | Талаптарға сәйкестігі | 33 |

Компанияның маңызды тақырыптарын қозғайтын секторлар бөлінісіндегі GRI салалық стандарттары (GRI – Sector Program (https://globalreporting.org/) қазіргі уақытта әзірлену үстінде болғандықтан, Компания 2022 жыл бойынша жылдық есепті қалыптастыру үшін 2021 жылдың маңызды тақырыптарын пайдаланды.

Бұл есеп – стандарттары бойынша дайындалған Компанияның үшінші есебі. Осы есеп өткен жылғы есепте көрсетілген тақырыптар шеңберінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ 2021 жылғы GRI жаңа стандарттарына сәйкес жаңа тақырыптарды қамтиды. Персоналдың құрылымы мен санына, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруға қатысты тақырыптар кеңейтілді.

## Атап айтқанда, осы есепте алғаш рет келесі тақырыптар бойынша ақпарат ашылады:

| № | Ақпарат | Есеп бөлімі |
|---|---|---|
| 1 | Жынысы бойынша және өңірлер бойынша қызметкерлердің жалпы саны | **Персоналдың құрылымы мен саны** |
| 2 | Жалдамалы жұмыскерлер болып табылмайтын және жұмысы ұйыммен бақыланатын жұмыскерлердің жалпы саны | **Персоналдың құрылымы мен саны** |
| 3 | Сыни мәселелер туралы хабарлау | **Сыни мәселелер туралы хабарлау** |
| 4 | Сыйақы төлеу саясаты | **Сыйақы төлеу саясаты**<br>**Сыйақыны айқындау процесі**<br>**Жылдық жалпы сыйақының арақатынасы** |

# 2-ҚОСЫМША. GRI ИНДЕКСТЕРІ

| | |
|---|---|
| Пайдалану туралы мәлімдеме | «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ осы есепті GRI стандарттарына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін ұсынды |
| Қолданылатын GRI 1 стандарты | GRI 1: Foundation 2021 |
| Қолданылатын салалық GRI стандарттары | GRI салалық стандарттары әзірлену үстінде<br>**GRI - Sector Program (https://globalreporting.org)** |

| GRI стандарты/ басқа да дереккөздер | Ашылулар | Орналасқан орны |
|---|---|---|
| Жалпы ережелер | | |
| GRI 2: 2021 жылғы жалпы ережелер | 2-1 Ұйымның деректері | **Компания туралы**<br>**Байланыс ақпараты** |
| | 2-2 Ұйымның тұрақты дамуы туралы есептілікке енгізілген субъектілер | **Есеп туралы** |
| | 2-3 Есепті кезең, кезеңділік және байланыс ақпараты | **Есеп туралы**<br>**Байланыс ақпараты** |
| | 2-4 Ақпараттың өзгертілген тұжырымдамасы | **Есеп туралы** |
| | 2-5 Сыртқы кепілдік | **Есеп туралы** |
| | 2-6 Қызмет, құн белгілеу тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар | **Компания туралы**<br>**Негізгі көрсеткіштер**<br>**Компанияның стратегиялық картасы**<br>**бизнес-моделі, Қаражат тарту** |
| | 2-7 Қызметкерлер | **Персоналдың құрылымы мен саны** |
| | 2-8 Жалдамалы жұмыскерлер болып табылмайтын жұмысшылар | **Персоналдың құрылымы мен саны** |
| | 2-9 Басқару құрылымы мен құрамы | **Компанияның корпоративтік басқару құрылымы** |
| | 2-10 Жоғары басқарушы органды ұсыну және таңдау | **Директорлар кеңесінің құрамын айқындау**<br>**Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну рәсімі** |
| | 2-11 Жоғары басқарушы органның төрағасы | **Директорлар кеңесінің құрамы** |
| | 2-12 Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқарушы органның рөлі | **Директорлар кеңесінің қызметі** |
| | 2-13 Әсерді басқару жауапкершілігін табыстау | **Компанияның корпоративтік басқару құрылымы**<br>**Ұйымдық құрылымы** |
| | 2-14 Жоғары басқарушы органның тұрақты даму жөніндегі есептіліктегі рөлі | **Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы** |
| | 2-15 Мүдделер жанжалы | **Мүдделер жанжалын басқару**<br>**Мүдделер жанжалын және корпоративтік жанжалдарды басқару** |
| | 2-16 Сыни мәселелер туралы хабарлау | **Сыни мәселелер туралы хабарлау** |
| | 2-17 Жоғары басқарушы органның ұжымдық білімі | 2022 жылы тренингтер мен біліктілікті арттыру өткізілген жоқ |
| | 2-18 Жоғары басқарушы органның қызметін бағалау | **Директорлар кеңесін бағалау** |
| | 2-19 Сыйақы төлеу саясаты | **Сыйақы төлеу саясаты** |
| GRI 2: 2021 жылғы жалпы ережелер | 2-20 Сыйақыны айқындау процесі | **Сыйақыны айқындау процесі** |
| | 2-21 Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті | **Жылдық жалпы сыйақының арақатынасы** |
| | 2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме | **Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі** |
| | 2-23 Саяси міндеттемелер | **Тәуекелдерді басқару**<br>**Іскерлік әдеп кодексі** |
| | 2-24 Саяси міндеттемелерді енгізу | **Адам құқықтарын сақтау бойынша міндеттемелерді енгізу** |
| | 2-25 Теріс салдарды жою процестері | **Экономикалық әсерді басқару** |
| | 2-26 Кеңес алуға жүгіну және алаңдаушылық білдіру тетіктері | **Іскерлік әдеп кодексі** |
| | 2-27 Заңдар мен ережелерді сақтау | **Меншікті экологиялық әсерді басқару** |
| | 2-28 Мүшелік қауымдастықтар | - |
| | 2-29 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі | **Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** |
| | 2-30 Ұжымдық шарттар | **Әлеуметтік саясат** |
| GRI 3: 2021 жылдың маңызды тақырыптары | 3-1 Маңызды тақырыптарды айқындау процесі | **Есеп туралы** |
| | 3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі | **Есеп туралы** |
| ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТАҚЫРЫПТАРЫ БОЙЫНША АШЫЛУЛАР | | |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР | | |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК | | |
| GRI 3: 2021 жылдың маңызды тақырыптары | 3-3 Экономикалық тақырыптарды басқару | **Есеп туралы**<br>**Экономикалық әсерді басқару**<br>**2022 жылдың нәтижелері бойынша ПӘК-тің орындалуы және 2023 жылға арналған жоспарлы ПӘК** |
| | 201-1 Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн | **Экономикалық әсерді басқару**<br>**3-қосымша. Қаржылық есептілік** |
| ЖАНАМА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР | | |
| | 203-1 Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер | **ЭКСПО-2017 жобаларына және өзге де жылжымайтын мүлік объектілеріне бөлінген қаражатты қайтару** |
| | 203-2 Елеулі жанама экономикалық әсерлер | **Әлеуметтік инвестициялар** |
| САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ | | |
| | 204-1 Қызметті жүзеге асырудың маңызды өңірлеріндегі жергілікті өнім берушілерге арналған шығыстардың үлесі | **Сатып алуды басқару** |
| СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ | | |
| | 205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тұрғысынан бағаланатын бизнес-процестер | **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** |
| | 205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша ақпараттандыру және оқыту | **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** |
| | 205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары | **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** |



КАЗАКСТАН ТҰРҒЫН ҮЙ КОМПАНИЯСЫ

| GRI стандарты/ басқа да дереккөздер | Ашылулар | Орналасқан орны |
|---|---|---|
| | ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР | |
| GRI 3: 2021 жылдың маңызды тақырыптары | 3-3 Экологиялық тақырыптарды басқару | Есеп туралы<br>Корпоративтік басқару<br>Директорлар кеңесін бағалау<br>Компанияның корпоративтік басқаруын тәуелсіз бағалау және корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту |
| | ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ | |
| | 307-1 Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны | Меншікті экологиялық әсерді басқару |
| | ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР | |
| GRI 3: 2021 жылдың маңызды тақырыптары | 3-3 Әлеуметтік тақырыптарды басқару | Есеп туралы<br>Әлеуметтік компонент |
| | ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ | |
| | 401-1 Жалданған қызметкерлер саны және қызметкерлердің тұрақтамауы | Персоналдың құрылымы мен саны<br>Персоналды тарту және бейімдеу |
| | 401-3 Ана/әке болуға байланысты демалыстар | Әлеуметтік саясат |
| | ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ | |
| | 402-1 Компаниядағы өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің ең қысқа кезеңі | Қызметкерлерге Компаниядағы оларға әсер етуі мүмкін өзгерістер туралы хабарлаудың ең қысқа мерзімі - 30 күн. |
| | ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК | |
| | 403-1 Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті басқару жүйесі | Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | 403-7 Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет | Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | 403-9 Жарақат көрсеткіштері | Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ | |
| | 404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны | Персоналды оқыту |
| | 404-2 Жұмыскерлердің жұмыс істеу қабілетін қолдауға, сондай-ақ мансапты аяқтаған кезде оларға қолдау көрсетуге арналған өмір бойы дағдылар мен білімін дамыту бағдарламалары | Персоналды оқыту |
| | ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР | |
| | 405-1 Жынысы, жас топтары, азшылық топтарына тиесілігі және басқа да әртүрлілік белгілері бойынша бөлінген ұйымның басқарушы органдары мен персоналының негізгі санаттарының құрамы | Персоналдың құрылымы мен саны |
| | КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ | |
| | 406-1 Кемсітушіліктің расталған жағдайлары | Әлеуметтік компонент |



# 3-ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Аудитордың қорытындысын қамтитын қаржылық есептіліктің толық жиынтығымен Компанияның корпоративтік сайтында танысуға болады: **https://khc.kz/kk/компания-есептері/**

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, A25D6T5, Алматы, Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, A25D6T5, Алматы, пр. Достык, 180

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

**"Қазақстандық тұрғын үй компаниясы"АҚ акционеріне және директорлар кеңесіне**

### Пікір

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұратын «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілетін қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған (ҚЕХС стандарттары) Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

### Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «*Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер біздің қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

© 2023 «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы. Барлық құқықтар қорғалған.

© 2023 ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников. Все права защищены.

KPMG

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымызды және осы адамдарды аудиторлардың тәуелсіздігіне ықпал ететін негізді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қатерлерді жоюға бағытталған қолданылған іс-қимылдар және сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдеме береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға жеткізген сұрақтардың ішінен ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды мәселелерді анықтаймыз, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз көпшілікке заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда біз кез-келген мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы керек деген қорытындыға келетін, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың салдары оның хабарлануының әлеуметтік маңызды пайдасынан асып түсетіні қисынды болуы мүмкін жағдайлардан басқа кезде бұл мәселелерді аудиторлық есепте сипаттаймыз.

***«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ***
*Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі*
*6-бет*

Аудит нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың басшысы:

Магомедова М. М.
Қазақстан Республикасының сертификатталған аудиторы
2018 жылдың 24 мамырында берілген
№ МФ-0000594 аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін 2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021*

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры

28 ақпан 2023 жыл

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| | Ескерт-пе | 2022 жыл мың теңге | 2021 жыл мың теңге |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 12 | 245,237,171 | 160,373,049 |
| Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат | 13 | 68,450,680 | 80,722,166 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | |
| - Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын | 14 | 2,171,971 | 2,079,816 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын | 14 | 831,077,410 | 869,272,603 |
| Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек: | | | |
| - Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын | 15 | 4,523,388 | 3,599,878 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын | 15 | 126,896,750 | 135,649,359 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 16 | 149,258,306 | 153,630,813 |
| Ағымдағы салық активі | | 4,459,416 | 3,485,872 |
| Қаржылық жалдау шарттары бойынша беруге жататын активтер | 17 | 4,796,241 | 3,029,851 |
| Аяқталмаған құрылыс | | 175,716 | 986,751 |
| Негізгі құралдар | | 3,750,885 | 3,627,824 |
| Инвестициялық меншік | | 6,659,688 | 6,750,175 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 188,510 | 240,529 |
| Өзге активтер | | 1,502,309 | 1,187,868 |
| **Барлық активтер** | | **1,449,148,441** | **1,424,636,554** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 18 | 780,249,653 | 755,618,219 |
| Басқа да тартылған қаражат | 19 | 235,715,688 | 218,164,832 |
| Мемлекеттік субсидиялар | 20 | 142,702,544 | 182,324,636 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер | 21 | 23,770,040 | 18,403,082 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 11 | 17,503,656 | 20,102,307 |
| Өзге міндеттемелер | | 6,029,899 | 10,218,646 |
| **Барлық міндеттемелер** | | **1,205,971,480** | **1,204,831,722** |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ** | 22 | | |
| Акционерлік капитал | | 193,432,016 | 193,432,016 |
| Эмиссиялық кіріс | | 12,661 | 12,661 |
| Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар | | (2,597,522) | (2,597,522) |
| Қосымша төленген капитал | | 3,389,392 | 3,389,392 |
| Резервтік капитал | | 2,734,447 | 2,734,447 |
| Бөлінбеген пайда | | 46,205,967 | 22,833,838 |
| **Барлық меншікті капитал** | | **243,176,961** | **219,804,832** |
| **Барлық меншікті капитал мен міндеттемелер** | | **1,449,148,441** | **1,424,636,554** |

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп

| | Ескертпе | 2022 жыл мың теңге | 2021 жыл мың теңге |
|---|---|---|---|
| Тиімді мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер | | 140,808,706 | 124,966,137 |
| Өзге пайыздық кірістер | | 13,433,711 | 13,837,791 |
| Пайыздық шығыстар | | (103,279,571) | (98,091,584) |
| **Таза пайыздық кіріс** | 5 | **50,962,846** | **40,712,344** |
| Комиссиялық кірістер | | 42,062 | 102,919 |
| Комиссиялық шығыстар | | (648,702) | (570,704) |
| **Таза комиссиялық шығыс** | | **(606,640)** | **(467,785)** |
| Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза (залал)/кіріс | | (2,425,763) | 232,304 |
| Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге қаржы құралдары бойынша операциялардан түсетін таза кіріс | | 1,474,558 | 430,531 |
| Берілген кепілдіктерден түскен кірістер | 7 | 2,604,931 | 2,132,353 |
| Берілген кепілдіктер бойынша резервтер | 21 | (6,307,198) | (3,982,815) |
| Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал | 15 | - | (27,512,212) |
| Өзге операциялық (залалдар)/кірістер | 8 | (6,669,046) | 1,151,581 |
| **Операциялық кіріс** | | **39,033,688** | **12,696,301** |
| Борыштық қаржы құралдары бойынша құнсыздануды қалпына келтіруден түсетін кірістер | 6 | 11,891,503 | 934,369 |
| Персоналға арналған шығыстар | 9 | (2,563,538) | (2,589,867) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 10 | (1,859,287) | (1,970,276) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **46,502,366** | **9,070,527** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 11 | (1,822,668) | (3,895,916) |
| **Бір жылдағы пайда және жалпы жиынтық кіріс** | | **44,679,698** | **5,174,611** |

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

| | 2022 жыл мың теңге | 2021 жыл мың теңге |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Алынған пайыздық кірістер | 99,612,603 | 85,393,443 |
| Төленген пайыздық шығыстар | (63,689,282) | (53,834,405) |
| Алынған комиссиялық кірістер | 40,332 | 105,906 |
| Төленген комиссиялық шығыстар | (624,381) | (624,976) |
| Өзге шығыстар бойынша шығулар | (415,652) | (69,548) |
| Персоналға төленген шығыстар | (2,513,352) | (2,502,463) |
| Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар | (2,214,694) | (1,672,557) |
| | **30,195,574** | **26,795,400** |
| **Операциялық активтерді (ұлғайту)/азайту** | | |
| Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат | 13,307,757 | (6,244,817) |
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер | 483,351 | 1,201,380 |
| Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 9,526,392 | (24,172,436) |
| Қаржылық жалдау шарттары бойынша беруге жататын активтер | (8,998,223) | (4,586,129) |
| Аяқталмаған құрылыс | (17,740) | (213,527) |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 16,312,268 | 16,865,788 |
| Өзге активтер | (661,540) | (208,837) |
| **Операциялық міндеттемелерді ұлғайту/(азайту)** | | |
| Мемлекеттік субсидиялар | (1,572,938) | 1,436,241 |
| Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістері | 1,864,390 | 3,529,487 |
| Өзге міндеттемелер | (255,498) | (792,707) |
| **Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза қозғалысы** | **60,183,793** | **13,609,843** |
| Төленген табыс салығы | (116,528) | (108,984) |
| Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі | **60,067,265** | **13,500,859** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | (206,415,442) | (258,287,644) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу | 231,793,390 | 266,461,654 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | (252,275) | (167,446) |
| Инвестициялық меншікті сату | - | 70,700 |
| **Инвестициялық қызметте ақшалай қаражатты пайдалану** | **25,125,673** | **8,077,264** |

| | 2022 жыл мың теңге | 2021 жыл мың теңге |
|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу | - | (65,000,000) |
| Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсетін түсімдер | 3,349,923 | 80,467,812 |
| Басқа да тартылған қаражаттың түсуі | - | 20,370,000 |
| Төленген дивидендтер | (3,622,294) | (6,051,678) |
| **Қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражатты (пайдалану)/ түсімі** | **(272,371)** | **29,786,134** |
| **Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі** | **84,920,567** | **51,364,257** |
| Күтілетін кредиттік залалдар өзгерістерінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері | (13,628) | 28,035 |
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаттарының мөлшеріне және олардың баламаларына әсері | (42,817) | 1,404 |
| Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары | 160,373,049 | 108,979,353 |
| **Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары (12-ескертпе)** | **245,237,171** | **160,373,049** |



## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге

| | Акционерлік капитал | Эмиссиялық кіріс | Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар | Қосымша төленген капитал | Резервтік капитал | Бөлінбеген пайда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық | 193,432,016 | 12,661 | (2,597,522) | 3,389,392 | 2,734,447 | 3,280,440 | 200,251,434 |
| **Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс пен пайда** | | | | | | | |
| Бір жылдағы пайда және жалпы жиынтық кіріс | - | - | - | - | - | 5,174,611 | 5,174,611 |
| **Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар** | | | | | | | |
| Жарияланған және төленген дивидендтер (22 (б) ескертпе) | - | - | - | - | - | (6,051,678) | (6,051,678) |
| Салықтарды шегергендегі Бас компаниядан алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша елеулі модификацияның әсерін тану (19-ескертпе) | - | - | - | - | - | 20,430,465 | 20,430,465 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық** | 193,432,016 | 12,661 | (2,597,522) | 3,389,392 | 2,734,447 | 22,833,838 | 219,804,832 |
| 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық | 193,432,016 | 12,661 | (2,597,522) | 3,389,392 | 2,734,447 | 22,833,838 | 219,804,832 |
| **Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс пен пайда** | | | | | | | |
| Бір жылдағы пайда және жалпы жиынтық кіріс | - | - | - | - | - | 44,679,698 | 44,679,698 |
| **Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар** | | | | | | | |
| Жарияланған және төленген дивидендтер (22 (б) ескертпе) | - | - | - | - | - | (3,622,294) | (3,622,294) |
| Акционерге бөлу (14-ескертпе) | - | - | - | - | - | (17,685,275) | (17,685,275) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық** | 193,432,016 | 12,661 | (2,597,522) | 3,389,392 | 2,734,447 | 46,205,967 | 243,176,961 |

# 4-ҚОСЫМША. ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Компанияның үлестес заңды тұлғаларының тізімі

| № | Заңды тұлғаның атауы | Компаниямен байланысы |
|---|---|---|
| 1 | «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ | Компанияның Жалғыз акционері |
| 2 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 3 | «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 4 | «Отбасы Банк» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 5 | «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 6 | «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 7 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |
| 8 | «Bereke Bank» АҚ | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымы |

Компанияның үлестес тұлғаларының, соның ішінде жеке тұлғалардың толық тізімі Компанияның сайтында жарияланған: **www.khc.kz**.